

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУДІҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Нұр-Сұлтан қаласы
2021

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2021 жылғы 16 шілдедегі №10 хаттама).

Критериалды бағалау жүйесін енгізудің қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан қаласы: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 248 б.

Критериалды бағалау жүйесін енгізудің қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдарда апробация қорытындысы негізінде критериалды бағалау жүйесін енгізу мен білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерін талдау және критериалды бағалау жүйесін енгізу қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдама жалпы білім беретін мектептердің басшылары мен педагогтеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары/бөлімдері мен білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшылары мен мамандарына арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2021

КІРІСПЕ

Критериалды бағалау жүйесін енгізудің қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдарды жазудың мақсаты – критериалды бағалау жүйесінің (оның оқыту мақсаттарына сәйкестігі, қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың қолданылуы, жетістік критерийлерінің қолайлылығы) оңтайлылығын анықтау.

Білім беру мазмұнын жаңарту – бұл білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдерін, әдістерін қайта қарау. Білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізудің нәтижелері ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестіретін, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылық пен бәсекеге қабілеттілікті көрсетуге қабілетті, тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен зияткерлік дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құруы тиіс.

Мектеп жаңару жағдайында, сондықтан оқу процесі оқушылардың белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайда мұғалім оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді. Оқу мақсаттары оқушы мен мұғалімге ортақ. Демек, біз дәстүрлі мақсат – үйрету, түсіндіру, жеткізу секілді ішкі ұғымнан шығамыз. Оқыту материалды білуге, түсінуге, оны қолдана білуге тиіс әрекет. Жаңа мақсаттар оқушыға әсер етумен емес, оқу мен оқуға жағдай жасаумен байланысты. Бүгінгі таңда оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін неғұрлым қолайлы болатын білім беру ортасын құру маңызды.

Бағалау – білім беру процесінің қажетті құрамдас бөлігі, ол ағымдағы және қорытынды кезеңдердегі оқушылардың үлгерімі туралы ақпаратты жинау мен талдаудан тұрады.

Бағалаудың мақсаты, міндеттері, пәні, объектісі, принциптері, әдістері, нысандары мен құралдары білім беру процесінің барлық субъектілеріне – мектеп әкімшілігіне, мұғалімдерге, ата-аналарға және оқушылардың өздеріне түсінікті болуы тиіс.

Бағалау жүйесі – білім беру сапасын, оның әлемдік стандарттарға сәйкестігін айқындауға, білім беру саласындағы қазіргі заманғы міндеттерге сәйкес келмеген жағдайда оқытудың стратегиясы мен тактикасы бойынша түбегейлі шешімдер қабылдауға, білім берудің мазмұнын да, күтілетін білім беру нәтижелерін бағалау нысандарын да жетілдіруге мүмкіндік беретін оқу жетістіктері мен проблемаларын диагностикалаудың негізгі құралы.

Бақылаудың психологиялық-педагогикалық негіздері оқушылардың жұмысындағы кемшіліктерді анықтау, осы кемшіліктерді жою мақсатында олардың сипаты мен себептерін айқындау. Мұғалім үшін оқушының білімді игеруі туралы да, олардың қалай алынғандығы туралы да ақпарат болуы маңызды. Білімді тексеру – бұл оқушылардың білімін бекіту, нақтылау, түсіну және жүйелеу нысаны. Жауап беретін қатарласын тыңдай отырып, оқушылар бір күн бұрын білгендерін тағы бір рет қайталайды. Сондықтан білім алушының білімін тексеру неғұрлым жақсы ұйымдастырылуы қажет. Егер

мұғалімнің негізгі оқу міндеті балалардың білімнің барлық бағдарламалық көлемін игеруі екенін ескеретін болсақ, онда біз білімді арнайы тексерусіз жасай алмайтыныңыз анық. Нақты білім мүмкіндігінше терең және толық анықталатын етіп ұйымдастырылуы керек.

Қазақстанның білім беру мазмұнын жаңарту аясында бағалау жүйесін дамытуда әлемнің түрлі елдерінің бағалау саясатына үздік шолулар жасалып, соның негізінде құрылған.

Критериалды бағалау оқушылардың оқу жетістіктерін нақты анықталған, ұжымдық дамыған, процестің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін критерийлермен салыстыруға негізделген процесс ретінде түсіндіріледі.

Критериалды бағалау оқу бағдарламаларының мазмұнына, бақылау іс-шараларының нысандарына, оқушылардың жеке психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне сәйкес, білім алушылардың оқу жетістіктерін аралық және қорытынды бақылауды тұтас пайдаланудан тұратын қалыптастырушы және айқындаушы бағалаудың біртұтастығы, оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау процесінің пәрменді сипаттамасы ретінде осы технологияны пайдалану тиімділігінің педагогикалық диагностикасын жүргізуді іске асырылатын диагностикалық негізде жүзеге асырылады.

Критериалды бағалау оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін, олардың шығармашылық және зерттеу саласын, оқу дербестігін қалыптастыру және дамыту үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасау мақсатын, оқушыларды жүйелі рефлексияға, осы іс-әрекеттің мәнін іздеуге тарту жолымен ғылыми ақпарат ағынында бағдарлауды айқындайды.

Қазақстанда әзірленген критериалды бағалау жүйесі бағалау рәсімдерінің жоғары сапасына қол жеткізуге, олардың халықаралық стандарттарға және әрбір оқушының оқыту қажеттіліктеріне сәйкес келуіне бағытталған. Критериалды бағалау құрылымы екі түрден: қалыптастырушы бағалау (бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау), білім деңгейі бойынша жиынтық бағалаудан тұрады

Қалыптастырушы бағалауды мұғалім үздіксіз жүргізеді. Қалыптастырушы бағалау оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді; оқу процесін уақтылы реттеуге мүмкіндік береді; тоқсандық бағалауға әсер ететін балл қойылады. 1-қосымшада қалыптастырушы бағалауды жүргізу бойынша жаднама берілген.

Бөлім үшін жиынтық бағалау бөлімдер аяқталғаннан кейін әр тоқсанда 2-3 рет жүргізіледі; балл қойылады; бұл тоқсандық бағалауға әсер етеді.

Тоқсан үшін жиынтық бағалау тоқсан аяқталғаннан кейін жүргізіледі, бұнда да балл қойылады және ол қорытынды бағаға әсер етеді.

Білім деңгейі үшін жиынтық бағалау негізгі және жалпы орта білімнен кейін жүргізіледі.

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны келесі құжаттармен реттеледі:

✓ Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары;

- ✓ Үлгілік оқу жоспарлары;
- ✓ Үлгілік оқу бағдарламалары;
- ✓ Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізудің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125бұйрығы);

- ✓ Ағымдағы оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хат;

- ✓ Қалыптастыру бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;

- ✓ Жиынтық бағалау бойынша тапсырмалар жинағы.

Әдістемелік ұсынымдарда 1-11-сыныптардағы критериалды бағалау жүйесін апробациялау қорытындылары, 1-11-сыныптардағы білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу қорытындылары, білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім сапасы талданды.

Критериалды бағалау жүйесін енгізудің қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдарында материалдар негізінен «Күнделік» порталынан алынған 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдарындағы республиканың барлық өңірлері білім алушыларының білім сапасы бойынша деректерден құрастырылды. Сонымен қатар, осы бағалау жүйесі туралы педагогтерден алынған сауалнама қорытындылары да ескерілген.

1 АПРОБАЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

1.1 Бастауыш білім беру деңгейі

Бастауыш білім беру деңгейі – бұл оқушының тұлғалық қалыптасуының қарқынды дамитын маңызды кезеңі. Елбасы айтқандай, «ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады».

Бастауыш мектеп – баланың оқушы мәртебесіне ие болған сәтінен бастап, сөйлеу тілін дамытатын, танымын кеңейтіп, ойлауын жетілдіретін, сауатын ашып, оқу мен жазуды кіріктіре меңгертетін, қоршаған ортасымен коммуникативтік қатынасқа түсіретін, ең бастысы, әлеуметтік ортаға бейімдейтін орта. Сондай-ақ, өмірлік азыққа айналатын білім негіздерінің тұғыры. Бастауыш білім берудің сапасына жүйелі түрде талдау жасап, қорытындысын шығарып отыру оқушының білім деңгейін уақытында анықтауға, оны толықтырудың тәсілдерін қарастыруға, сөйтіп оқытудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының базасында бастауыш сыныптарда оқытылатын негізгі пәндер (қазақ тілі, орыс тілі, математика) бойынша арнайы талдау жасалып, бағалау критерийлерінің нәтижелері зерделенді.

Еліміздің өңірлерінде «Қазақ тілі» пәні бойынша критериалды бағалау жүйесінің қорытындысына салыстырмалы талдау жасалды.

2-сынып оқушыларының 2018-2019 оқу жылының соңындағы оқу үлегірімі мынадай:

1-сурет. 2019 жылғы білім сапасының көрсеткіштері




Ең жоғары көрсеткіш Жамбыл облысының (83%) үлесіне тиген. Ал ең төменгі көрсеткіш Қостанай облысында (37%) көрсетіп отыр.

Бұдан оқушылардың «Қазақ тілі» пәні бойынша білім деңгейінің өңірлер бойынша арақатынасының алшақтығын байқауға болады. Оның себептерін қарастыратын болсақ, ең алдымен, тілдік ортаның қалыптасуына қатысты болуы мүмкін. Өйткені Оңтүстік өңірлерге қарағанда Қостанай облысында орыс тілді ортаның басым екендігі баршаға мәлім.

Осы мәліметтерді, яғни осындағы оқушылардың 2020 жылғы 3-сыныпты аяқтағандағы критериалды бағалау қортындысымен салыстыратын болсақ, мынадай көрсеткіштер шығады:

2-сурет. 2020 жылғы білім сапасының көрсеткіштері



Осы екі өңір туралы мәліметтер: Жамбыл облысы – 68%, ал Қостанай - 78% көрсетті. Бұдан оқушылардың оқу үлгерімінің екінші өңірде (Қостанай облысында) жоғарылағанымен, бірінші өңірде (Жамбыл облысында) төмендеп кеткені байқалады.


Бірінші өңірдің төмендеген көрсеткіштің себебін анықтау қажеттігі туындайды. Ал Қостанай өңіріндегі білім сапасының артуы оқушылардың сыныптан-сыныпқа өткен сайын білімдерінің тереңдейтінін, сонымен қатар, өңірлердегі оқыту үдерісіндегі ізденістердің болғанын байқатады.

Осындай көрсеткіштің арақатынасы Алматы қаласы (2019 жылы - 89%) мен Атырау өңірінде (38%) байқалады. Осы мәліметтерді назарға алатын болсақ, өңірлердегі білім беру үдерісін зерделеу қажеттігі туындайды.

Сонымен қатар, 2-сыныптағы оқушылардың білім деңгейі әрқелкі болып келеді де, 3-сыныпта біршама тұрақталып, бірыңғай қатарға жақындаған. Бұл


оқушының мектепке бейімделіп, пән бойынша жүйелі оқу үдерісіне толық қатыса бастағанын көрсетеді.

3-сурет. 2019 және 2020 жылғы 2-3-сыныптардығы білім сапасының көрсеткіштері



Дегенмен, 2019 жылмен 2020 жылғы критериалды бағалау жүйесінің қорытындысы оқушылардың білім сапасының әркелгігін байқатады. Білім сапасы бойынша өзгеріс динамикасы 9%- бен 42% аралығында болып отыр. Тіпті -15% көрсеткіштің болуы білім сапасының күрт төмендеуін көрсетеді. Ендеше, оның себептерін анықтау қажет.

4-сурет. 2019 және 2020 жылғы 3-4-сыныптардығы білім сапасының көрсеткіштері




Осындай тәртіппен критериалды бағалау жүйесінің қорытындысына «Қазақ тілі» пәні бойынша 3-4-сыныптарға да салыстырмалы талдау жасалды.

Талдау нәтижесі көрсеткендей, аталған сыныптар бойынша оқушылардың білім деңгейі біршама тұрақтағаны байқалады. 3-сыныптағы көрсеткіштердің 4-сыныпта жоғарылағаны білім сапасының артқаны деп түсінуге болады. Ал динамикалық жағынан зерделесек, күрт өзгеріс байқалмайды. Дегенмен, келесідей қорытынды жасауға болады: біріншіден, өңірлік ерекшелік сақталып отыр. Ол – солтүстік өңірлермен (мәселен, Қостанай облысы) оңтүстік өңірлер (Алматы қаласы) арасындағы арақатынас; екіншіден, өңірлердің (мәселен, Жамбыл облысы – 35%) төменгі көрсеткішті қайталанып, оның келесі жылда да арта қоймағаны байқалады. Бұл өңірлердегі мұғалімдердің де әлеуетіне қатысты болуы мүмкін.

Бастауыш білім беру деңгейінде 2-3-сынып оқушыларының «Математика» пәні бойынша критериалды бағалау қорытындыларына талдау жасалды.

5-сурет. 2019 және 2020 жылғы 2-3-сыныптардың «Математика» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері



Бұл кестелерде «Математика» пәні бойынша оқушылардың білім деңгейлерінде күрт өзгерістер байқалмайды. Дегенмен, Ақтөбе облысында төменгі көрсеткіш – 38%. Солтүстік Қазақстан - 40%. Ал келесі жылғы (2020 жылы) 3-сынып соңындағы мәлімет осы көрсеткіштердің аса жоғарылай қоймағанын көрсетті.

Жалпы бастауыш білім беру деңгейін аяқтайын деп отырған оқушының білім сапасы айтарлықтай жоғары деп айтуға болмайды.

Мәселен, Атырау облысы бойынша 2-сыныптағы 43% көрсеткіш 3-сыныпта 40%-бен шектелген. Осындай көрініс Ақмола облысында (2-сыныпта - 64%, 3-сыныпта - 67%) сақталған.

Жамбыл облысы ғана жоғары көрсеткішке талпынғанын байқадық. Бұнда 2-сыныпта - 83%; 3-сыныпта - 92%. Қостанай облысында - 77%-дан 85%-ға жеткендігін көріп отырмыз. Қалған өңірлердегі көрсеткіштер 58% бен 71% аралығын ұсытап отыр.

Осы тәсілмен «Математика» пәні бойынша 3-4-сыныптардың бағалау қорытындысына талдау жасалды. Қорытындысы осы кестеге ұқсайтын бірқалыпты көрсеткіш. Ал сынып жоғарылаған сайын олардың білім деңгейі де жоғары көрсеткішке жетуі заңды құбылыс.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі «Орыс тілі» пәні 2-сыныптан бастап оқытылады. Осы пән бойынша жүргізілген критериялды бағалау жүйесінің қорытындысы зерделенді.

Өңірлердегі көрсеткіштердің арақатынасы алшақ болмағанымен, кей өңірлерде күрт өзгерістердің де барлығы байқалды. Мәселен, Ақтөбе облысы 2-сыныпта – 39%-ды көрсетіп, 3-сыныпта 61%-ға жеткен. Ал Шығыс Қазақстан облысы 2-сыныпта – 62% болса, ал 3-сыныпта 60%-ға төмендеген. Осы көрініс Атырау облысында (2-сыныпта – 43%, 3-сыныпта – 40%-ға төмендеген) қайталанады. Оқушының білім деңгейі 50% -ға жетпесе, онда «қандай білім беріліп жатыр?» деген заңды сұрақ туындайды.

Динамикалық өзгеріс аса байқалмайды. Өйткені білім сапасының артуы бойынша сандардың арақатынасы өте жақын.

Қорыта келе, бастауыш білім беру деңгейіндегі оқыту сапасының артуы немесе төмендеуі, динамикалық өзгерістердің арақатынасы өңірлерде арнайы зерделеу жұмыстарын ұйымдастыру қажеттігін көрсетіп отыр.

Мектептегі оқытудың мақсаты білім сапасын қамтамасыз ету болса, әр сынып бойынша шығатын қорытынды жоғары көрсеткішке ие болуы шарт.

Жүргізілген зерттеулер мен оның қорытындысы бойынша оқушылардың білімі мен жетістіктерін бағалау жүйесі бойынша мынадай ұсыныстар пайда болды: бастауыш сыныптағы оқушының игерген білімін критериялды бағалау жүйесін қайта қарау; оқушының игерген білім көлемін анығырақ анықтаудың инструменттерін ойластыру; озат тәжірибелерге сүйеніп, оқушылардың білімін бағалаудың ұтымды тәсілдерін жасау.

1.2 Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша

1.2.1 «Қазақ тілі» оқу пәні

«Қазақ тілі» пәнінен 2019 жылғы 5-сыныптағы Республика бойынша орташа білім сапасының көрсеткіші –74,7%-ды құрап отыр. Өңірлер бойынша білім сапасының көрсеткіші төменде берілген кестеде көрініс тапқан (1-кесте. 2019 жылғы қорытынды бойынша 5-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші).


1-кесте. 2019 жылғы қорытынды бойынша «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші

Өңірлер	Пәні	сыныбы	2019 жылғы білім сапасының көрсеткіші
Ақмола облысы	Қазақ тілі	5	75%
Ақтөбе облысы		5	74%
Алматы облысы		5	74%
Алматы қаласы		5	85%
Атырау облысы		5	70%
ШҚО		5	76%
Жамбыл облысы		5	73%
БҚО		5	75%
Қостанай облысы		5	70%
Қызылорда облысы		5	77%
Нұр-Сұлтан қаласы		5	80%
Павлодар облысы		5	72%
СҚО		5	74%
Түркістан облысы		5	72%

Оның ішінде: Ақмола облысы бойынша – 75 %; Ақтөбе облысы бойынша – 74%; Алматы облысы бойынша – 74%; Алматы қаласы – 85%; Атырау облысы – 70%; ШҚО – 76%; Жамбыл облысы – 73%; БҚО – 75%; Қостанай облысы – 70%; Қызылорда облысы – 77%; Нұр-Сұлтан қаласы – 80%; Павлодар облысы – 72%; СҚО – 74%; Түркістан облысы – 72%-ды құрап отыр.

Төменде берілген диаграммадан өңірлер бойынша «Қазақ тілі» пәнінен 2019 жылы білім алған 5-сыныптардың көрсеткіштері берілген. Көріп отырғанымыздай, білім сапасының көрсеткіші бір өңірлерде жоғары болса, енді бір өңірлерде төмендігі байқалды (6-сурет. 2019 жылғы қорытынды бойынша «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

6-сурет. 2019 жылғы қорытынды бойынша 5-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші



2019 жылғы білім сапасының қорытындысы бойынша «Қазақ тілі» пәнінен жоғары көрсеткішті Алматы қаласы (85%-ды) көрсетсе, ал төменгі көрсеткішті Атырау облысы (70%-ды) көрсетіп отыр. Сондай-ақ, төмен көрсеткіштер қатарында Павлодар және Түркістан облыстарындағы білім сапасының көрсеткіші – 72%-ды құрап отырғаны белгілі. Берілген көрсеткіштен сәл жоғары көрсеткішті Ақтөбе, Алматы облысы, Солтүстік Қазақстан облыстарының білім сапасы (74%-ды) құрап отыр.

«Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының өсуі мен төмендеуі білім алушылардың білім алуға деген қызығушылығы мен белсенділігін, пән мұғалімінің білім алушылардың алдына қойған оқу мақсаттарын орындауға байланысты шығарылады.


2019 жылғы қорытынды бойынша «Қазақ тілі» пәнінен білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші төмендегі кестеде берілген (2-кесте. 2019 жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

2-кесте. 2019 жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші

Өңірлер	сыныбы	2019 жылғы білім сапасының көрсеткіші
Ақмола облысы	6	69%
Ақтөбе облысы	6	71%
Алматы облысы	6	73%
Алматы қаласы	6	83%
Атырау облысы	6	67%
ШҚО	6	75%
Жамбыл облысы	6	75%
БҚО	6	73%
Қостанай облысы	6	67%
Қызылорда облысы	6	74%
Нұр-Сұлтан қаласы	6	76%
Павлодар облысы	6	69%
СҚО	6	69%
Түркістан облысы	6	70%

2019 жылғы қорытынды бойынша «Қазақ тілі» пәнінен Ақмола облысы бойынша – 69%; Ақтөбе облысы бойынша – 71%; Алматы облысы бойынша – 73%; Алматы қаласы – 83%; Атырау облысы – 67%; ШҚО –75%; Жамбыл облысы – 75%; БҚО –73%; Қостанай облысы –67%; Қызылорда облысы – 74%; Нұр-Сұлтан қаласы –76%; Павлодар облысы – 69%; СҚО –69%; Түркістан облысы –70%-ды құрап отыр. Берілген білім сапасының көрсеткішін төмендегі диаграммадан айқын көруге болады (7-сурет. 2019 жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

7-сурет. 2019 жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші



2019 жылығы «Қазақ тілі» пәні бойынша жоғары білім сапасының көрсеткішін Алматы қаласы – 83%-ды көрсетсе, ең төменді білім сапасының көрсеткішін Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары (69 %-ды) және Қостанай облысы (67%-ды) көрсетіп тұр. Ал Шығыс Қазақстан, Жамбыл облысы мен Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасы біркелкі көрсеткішті берген. 2019 жылығы «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші төменде көрсетілген кестеде беріліп отыр (3-кесте. 2019 жылғы қорытынды бойынша 7-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

3-кесте. 2019 жылғы қорытынды бойынша 7-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші

Өңірлер	сыныбы	2019 жылғы білім сапасының көрсеткіші
Ақмола облысы	7	70%
Ақтөбе облысы	7	70%
Алматы облысы	7	73%
Алматы қаласы	7	81%
Атырау облысы	7	65%
ШҚО	7	73%
Жамбыл облысы	7	73%
БҚО	7	71%
Қостанай облысы	7	66%
Қызылорда облысы	7	73%
Нұр-Сұлтан қаласы	7	74%

Павлодар облысы	7	73%
СҚО	7	69%
Түркістан облысы	7	68%

2019 жылғы 7-сыныптағы білім сапасының көрсеткішіне тоқтасақ, Республика бойынша орташа білім сапасының көрсеткіші – 71,3% -ды құрап отыр. Оның ішінде: Ақмола облысы бойынша – 70%; Ақтөбе облысы бойынша – 70%; Алматы облысы бойынша – 73%; Алматы қаласы – 81%; Атырау облысы – 65%; ШҚО – 73%; Жамбыл облысы – 73%; БҚО – 71%; Қостанай облысы – 66%; Қызылорда облысы – 73%; Нұр-Сұлтан қаласы – 74%; Павлодар облысы – 73%; СҚО – 69%; Түркістан облысы – 68%-ды көрсетіп тұр. Төменде берілген диаграммадан республика бойынша 7-сыныптардың «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының сызбасын көруге болады (8-сурет. 2019 жылғы қорытынды бойынша 7-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

8-сурет. 2019 жылғы қорытынды бойынша 7-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші



Суреттен көріп отырғанымыздай, білім сапасының жоғары көрсеткішін Алматы қаласы (81%) көрсетсе, пән бойынша ең төменгі білім сапасының көрсеткішін Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан мен Түркістан облыстары көрсетіп тұр.

Жалпы «Қазақ тілі» пәнінен 2019 жылғы білім сапасының көрсеткіші бойынша 5,6,7-сынып білім алушылары арасында жоғары білім сапасының көрсеткішін Алматы қаласы жоғары көрсетсе, төменгі білім сапасының көрсеткіші көбіне Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан мен Түркістан облыстарынан байқадық, Республика бойынша «Қазақ тілі» пәнінен 2020 жылғы білім сапасының көрсеткіші төмендегі кестеде берілген (4-кесте. 2020

жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

4-кесте. 2020 жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші

Өңірлер	Пән	сыныбы	2020 жылғы білім сапасының көрсеткіші
Ақмола облысы	Қазақ тілі	6	73%
Ақтөбе облысы		6	71%
Алматы облысы		6	73%
Алматы қаласы		6	83%
Атырау облысы		6	69%
ШҚО		6	77%
Нұр-Сұлтан қаласы		6	79%
Жамбыл облысы		6	71%
БҚО		6	74%
Қостанай облысы		6	71%
Қызылорда облысы		6	77%
Павлодар облысы		6	74%
СҚО		6	73%
Түркістан облысы		6	70%
Шымкент қаласы		6	69%

2020 жылғы қорытынды бойынша «Қазақ тілі» пәнінен 6-сыныптардағы орташа балл – 73,6%-ды құрап отыр. Оның ішінде: Ақмола облысы бойынша – 73%; Ақтөбе облысы бойынша – 71%; Алматы облысы бойынша – 73%; Алматы қаласы – 83%; Атырау облысы – 69%; ШҚО – 77%; Нұр-Сұлтан қаласы – 79%; Жамбыл облысы – 71%; БҚО – 74%; Қостанай облысы – 71%; Қызылорда облысы – 77%; Павлодар облысы – 74%; СҚО – 73%; Түркістан облысы – 70%; Шымкент қаласы – 69%-ды құрап отыр. Төменде берілген диаграммада «Қазақ тілі» пәні бойынша 2020 жылғы білім сапасының 6-сыныптағы көрсеткіші берілген (9-сурет. 2020 жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

9-сурет. 2020 жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші



Берілген материалдан көріп отырғанымыздай, «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасы көрсеткішінің жоғары сапасын Алматы қаласы (83%-ды) көрсетсе, ең төменгі білім сапасының көрсеткішін Ақтөбе, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облысы және Шымкент қаласы көрсетіп отыр.

2020 жылғы 7-сыныптардағы «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші төмендегі кестеде берілген (5-кесте. «Қазақ тілі» пәні бойынша 2020 жылғы 7-сыныптардағы білім сапасының көрсеткіші).

5-кесте. «Қазақ тілі» пәні бойынша 2020 жылғы 7-сыныптардағы білім сапасының көрсеткіші

Өңірлер	сыныбы	2020 жылғы білім сапасының көрсеткіші
Ақмола облысы	7	65%
Ақтөбе облысы	7	70%
Алматы облысы	7	71%
Алматы қаласы	7	81%
Атырау облысы	7	66%
ШҚО	7	74%
Нұр-Сұлтан қаласы	7	76%
Жамбыл облысы	7	72%
БҚО	7	73%
Қостанай облысы	7	64%
Қызылорда облысы	7	72%
Павлодар облысы	7	71%
СҚО	7	70%
Түркістан облысы	7	69%
Шымкент қаласы	7	68%

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2020 жылы 7-сыныпта оқыған білім алушылардың білім сапасының нәтижесі – 70,8%-ды құрап отыр. Оның ішінде: Ақмола облысы бойынша – 65%; Ақтөбе облысы бойынша – 70%; Алматы облысы бойынша – 71%; Алматы қаласы – 81%; Атырау облысы – 66%; ШҚО – 74%; Нұр-Сұлтан қаласы – 76%; Жамбыл облысы – 72%; БҚО – 73%; Қостанай облысы – 64%; Қызылорда облысы – 72%; Павлодар облысы – 71%; СҚО – 70%; Түркістан облысы – 69%; Шымкент қаласы – 68%-ды құрап отыр. Төмендегі диаграммадан республика бойынша білім сапасының көрсеткішін көруге болады (10-сурет. 2020 жылғы 7-сыныптардағы «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші)

10-сурет. 2020 жылғы 7-сыныптардағы «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



2020 жылғы 7-сыныптардағы «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының жоғары көрсеткішін Алматы қаласы – 81%-ды құраса, ең төменгі білім сапасының көрсеткіші Ақмола, Қостанай, Атырау, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласы көрсетіп отыр. Орташа білім сапасының көрсеткішін Ақтөбе, Алматы облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Нұр-Сұлтан қаласы, Батыс Қазақстан облысы, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары көрсетіп тұр. Төменде берілген кестеден осы жылы «Қазақ тілі» пәнінен 8-сыныптарда алынған білім сапасының көрсеткіші берілген (6-кесте. «Қазақ тілі» пәні бойынша 2020 жылғы 8-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші).

6-кесте. «Қазақ тілі» пәні бойынша 2020 жылғы 8-сыныптар бойынша білім сапасының көрсеткіші

Өңірлер	сыныбы	2020 жылғы білім сапасының көрсеткіші
Ақмола облысы	8	64%
Ақтөбе облысы	8	68%
Алматы облысы	8	71%
Алматы қаласы	8	78%
Атырау облысы	8	65%
ШҚО	8	73%
Нұр-Сұлтан қаласы	8	74%
Жамбыл облысы	8	70%
БҚО	8	71%
Қостанай облысы	8	64%
Қызылорда облысы	8	72%
Павлодар облысы	8	72%
СҚО	8	71%
Түркістан облысы	8	69%
Шымкент қаласы	8	66%

«Қазақ тілі» пәні бойынша 8-сыныптардағы білім сапасының көрсеткіші – 69,8%-ды құрап отыр. Оның ішінде: Ақмола облысы бойынша – 64%; Ақтөбе облысы бойынша – 68%; Алматы облысы бойынша – 71%; Алматы қаласы – 78%; Атырау облысы – 65%; ШҚО – 73%; Нұр-Сұлтан қаласы – 74%; Жамбыл облысы – 70%; БҚО – 71%; Қостанай облысы – 64%; Қызылорда облысы – 72%; Павлодар облысы – 72%; СҚО – 71%; Түркістан облысы – 69%; Шымкент қаласы – 66%-ды құрап отыр. Төменде берілген кестеден 2020 жылға «Қазақ тілі» пәнінен берілген білім сапасы көрсетілген (11-суретте. 2020 жылғы 8-сыныптардағы «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші).

11-сурет. 2020 жылғы 8-сыныптардағы «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



«Қазақ тілі» пәні бойынша 8-сыныптардағы ең жоғары білім сапасының көрсеткішін Алматы қаласы (78%) көрсетсе, ең төменгі білім сапасының көрсеткіші Қостанай, Шымкент, Түркістан, Ақмола, Ақтөбе облыстарынан алынды.

Жалпы «Қазақ тілі» пәні бойынша 2020 жылы 6,7,8-сыныптардағы білім алушылардың білім сапасының қорытындысы бойынша ең жоғары білім көрсеткішін көрсеткен өңір Алматы қаласы болса, ең төменгі білім көрсеткіші Қостанай, Шымкент, Түркістан, Ақмола, Ақтөбе облыстарынан байқалды.


2019-2020 жылдардағы білім сапасын салыстыру келесі берілген кестеде көрсетілген (7-кесте. «Қазақ тілі» пәні бойынша 2019-2020 жылдардағы білім сапасын салыстыру).

7-кесте. «Қазақ тілі» пәні бойынша 2019-2020 жылдардағы білім сапасын салыстыру

Өңірлер	2019 жылғы 5-сынып	2020 жылғы 6-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	75%	73%	-2%
Ақтөбе облысы	74%	71%	-3%
Алматы облысы	74%	73%	-1%
Алматы қаласы	85%	83%	-3%
Атырау облысы	70%	69%	-1%
ШҚО	76%	77%	1%
Жамбыл облысы	73%	79%	6%
БҚО	75%	71%	-3%
Қостанай облысы	70%	74%	4%
Қызылорда облысы	77%	71%	-7%
Нұр-Сұлтан қаласы	80%	77%	-3%
Павлодар облысы	72%	74%	2%
СҚО	74%	73%	-1%
Түркістан облысы	72%	70%	-1%
Шымкент		69%	

Республика бойынша «Қазақ тілі» пәнінен 2019-2020 жылы білім сапасының өсу динамикасы төмендегі диаграммада берілген (8-сурет. 2019-2020 жылдардағы білім сапасын салыстыру).

12-сурет. 2019-2020 жылдардағы білім сапасын салыстыру



Берілген диаграммадан: Ақмола облысы бойынша –(-2%); Ақтөбе облысы бойынша – (-3%); Алматы облысы бойынша – (-1%); Алматы қаласы – (-3%); Атырау облысы – (-1%); ШҚО – (1%); Нұр-Сұлтан қаласы – (6%); Жамбыл облысы – (-3%); БҚО –(4%); Қостанай облысы – (-7%); Қызылорда облысы –(-3%); Павлодар облысы – (2%); СҚО –(-1%); Түркістан облысы –(-1%) болып тұрған өзгерістерді байқадық.

Көріп отырғанымыздай, 2019 оқу жылына қарағанда, 2020 оқу жылында «Қазақ тілі» пәнінен білім сапасының төмендеуі байқалды. Бұған өзіндік себептер мен сыртқы факторлардың әсері де болуы мүмкін.

2019-2020 оқу жылдарында білім алған 6 және 7-сынып білім алушыларының «Қазақ тілі» бойынша алған білімдерінің сапасына тоқталсақ. Ол төмендегі кестеде берілген (8-кесте. 2019-2020 оқу жылында білім алған 6 және 7-сынып білім алушыларының «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші).


8-кесте. 2019-2020 оқу жылдарында білім алған 6 және 7-сынып білім алушыларының «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші

Өңірлер	2019 жылғы 6-сынып	2020 жылғы 7-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	69%	65%	-4%
Ақтөбе облысы	71%	70%	-1%
Алматы облысы	73%	71%	-2%
Алматы қаласы	83%	81%	-1%
Атырау облысы	67%	66%	1%
ШҚО	75%	74%	1%
Жамбыл облысы	75%	76%	1%
БҚО	73%	72%	-1%

Қостанай облысы	67%	73%	6%
Қызылорда облысы	74%	64%	-10%
Нұр-Сұлтан қаласы	76%	72%	-4%
Павлодар облысы	69%	71%	2%
СҚО	69%	70%	1%
Түркістан облысы	70%	69%	-1%
Шымкент		68%	

Жалпы 2019-2020 оқу жылында білім алған 6 және 7-сынып білім алушыларының «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткішінде біркелкілік байқалмайды (13-сурет. 2019-2020 оқу жылында білім алған 6 және 7-сынып білім алушыларының «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші)

13-сурет. 2019-2020 оқу жылында білім алған 6 және 7-сынып білім алушыларының «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



2019-2020 оқу жылында білім алған 6 және 7-сынып білім алушыларының «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасына тоқталсақ, берілген диаграммадан Ақмола облысы бойынша – (-4%); Ақтөбе облысы бойынша – (-1%); Алматы облысы бойынша – (-2%); Алматы қаласы – (-1%); Атырау облысы – 1%; ШҚО –1%; Жамбыл облысы – 1%; БҚО – (-1%); Қостанай облысы – 6% (жоғарылаған); Қызылорда облысы – (-10%); Нұр- Сұлтан қаласы – (-4%); Павлодар облысы – 2%; СҚО – 1%; Түркістан облысы –(-1%)-ды көрсетіп тұрғанын байқадық.


2019 жылғы және 2020 жылғы 7-8-сыныптардың білім сапасына талдау төмендегі кестеде көрсетілген (9-кесте. 7-8-сыныптардың білім сапасы динамикасының көрсеткіші).

9-кесте. 7-8-сыныптардағы білім сапасы динамикасының көрсеткіші

Өңірлер	2019 жылғы 7-сынып	2020 жылғы 8-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	70%	64%	-7%
Ақтөбе облысы	70%	68%	-2%
Алматы облысы	73%	71%	-2%
Алматы қаласы	81%	78%	-3%
Атырау облысы	65%	65%	0%
ШҚО	73%	73%	1%
Жамбыл облысы	73%	74%	2%
БҚО	71%	70%	-2%
Қостанай облысы	66%	71%	5%
Қызылорда облысы	73%	64%	-9%
Нұр-Сұлтан қаласы	74%	72%	-2%
Павлодар облысы	73%	72%	-1%
СҚО	69%	71%	2%
Түркістан облысы	68%	69%	1%
Шымкент		66%	

Жалпы 2019-2020 оқу жылында білім алған 7 және 8-сынып білім алушыларының «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткішінде біркелкілік байқалмайды.

14-сурет. 7-8-сыныптардағы білім сапасы динамикасының көрсеткіші



Білім сапасының динамикасы Ақмола облысы бойынша – (-7%); Ақтөбе облысы бойынша – (-2%); Алматы облысы бойынша – (-2%); Алматы қаласы – (-2%); Атырау облысы – 0%; ШҚО – 1%; Нұр-Сұлтан қаласы – (-2%); Жамбыл облысы – 2%; БҚО – (-2%); Қостанай облысы – 5%; Қызылорда облысы – (-9%); Павлодар облысы – (-1%); СҚО – 2%; Түркістан облысы – 1%-ды көрсетіп тұр.

Қорыта келгенде, 2019-2020 оқу жылында «Қазақ тілі» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші әртүрлі. Көбіне білім алушылардың жоғары

сыныпқа көшкен сайын пән бойынша білім сапасының сәл де болса төмендегендігі байқалады. Бұған себеп біріншіден, білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктік өзгерістердің әсері болса, екінші жағынан олардың қашықтан білім алу кезіндегі білімдегі болған олқылықтары деп санауға болады. Сондықтан алдағы уақытта пән мұғалімдеріне осы олқылықтардың орнын толықтыру бағытында жұмыстар жүргізу ұсынылады.

1.2.2 «Қазақ әдебиеті» оқу пәні

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша 2019 жылғы 5-сыныптағы Республика бойынша орташа білім сапасының көрсеткіші –77,2%-ды құрап отыр. Өңірлер бойынша білім сапасының көрсеткіші төменде берілген кестеде көрініс тапқан. (10-кесте. 2019 жылғы оқу жылының қорытынды бойынша 5-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші).


10-кесте. 2019 жылғы оқу жылының қорытынды бойынша 5-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші

Өңірлер	Пәні	сыныбы	2019 жылығы білім сапасының көрсеткіші
Ақмола облысы	Қазақ әдебиеті	5	77%
Ақтөбе облысы		5	74%
Алматы облысы		5	76%
Алматы қаласы		5	88%
Атырау облысы		5	72%
ШҚО		5	81%
Жамбыл облысы		5	76%
БҚО		5	75%
Қостанай облысы		5	74%
Қызылорда облысы		5	81%
Нұр-Сұлтан қаласы		5	82%
Павлодар облысы		5	76%
СҚО		5	76%
Түркістан облысы		5	74%

Оның ішінде: Ақмола облысы бойынша –77%; Ақтөбе облысы – 74%; Алматы облысы –76%; Алматы қаласы – 88%; Атырау облысы – 72%; ШҚО – 81%; Жамбыл облысы – 76%; БҚО – 75%; Қостанай облысы – 74%; Қызылорда облысы – 81%; Нұр-Сұлтан қаласы – 82%; Павлодар облысы – 76%; СҚО – 76%; Түркістан облысы – 74%-ды құрайды.

Төменде берілген диаграммадан өңірлер бойынша «Қазақ әдебиеті» пәнінен 2019 жылы білім алған 5-сыныптардың білім көрсеткіштері берілген. Көріп отырғанымыздай, білім сапасының көрсеткіші бір өңірлерде жоғары болса, енді бір өңірлерде төмендігі байқалды (15-сурет. 2019 жылғы қорытынды бойынша «Қазақ әдебиеті» пәнінен білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

15-сурет. 2019 жылғы 5-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші



2019 жылғы білім сапасының қорытындысы бойынша «Қазақ әдебиеті» пәнінен жоғары көрсеткішті Алматы қаласы – 88%, ал ең төменгі көрсеткішті Атырау облысы – 72%; Ақтөбе, Қостанай, Түркістан облыстары көрсетіп отыр. Бұл өңірлердегі білім сапасының көрсеткіші – 74 %-дан төмен деңгейде.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының өсуі мен төмендеуі білім алушылардың білім алуға деген қызығушылығы мен белсенділігін, пән мұғалімінің білім алушылардың алдына қойған оқу мақсаттарын орындауға байланысты шығарылады.

2019 жылғы қорытынды бойынша «Қазақ әдебиеті» пәнінен білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші төмендегі кестеде берілген (11-кесте. 2019 жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнінен білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

11-кесте. 2019 жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші

Өңір	сыныбы	2019 жылғы білім сапасының көрсеткіші
Ақмола облысы	6	77%
Ақтөбе облысы	6	62%
Алматы облысы	6	76%
Алматы қаласы	6	84%
Атырау облысы	6	68%
ШҚО	6	79%
Жамбыл облысы	6	77%
БҚО	6	75%
Қостанай облысы	6	69%
Қызылорда облысы	6	77%
Нұр-Сұлтан қаласы	6	78%
Павлодар облысы	6	73%
СҚО	6	73%
Түркістан облысы	6	73%

2019 жылғы қорытынды негізінде «Қазақ әдебиеті» пәнінен республика бойынша білім сапасының көрсеткіші – 74,3%-ды құрап отыр. Оның ішінде: Ақмола облысы бойынша –77%; Ақтөбе облысы бойынша – 62%; Алматы облысы бойынша – 76%; Алматы қаласы – 84%; Атырау облысы –68%; ШҚО – 79%; Жамбыл облысы –77%; БҚО –75%; Қостанай облысы –69%; Қызылорда облысы –77%; Нұр-Сұлтан қаласы –78%; Павлодар облысы –73%; СҚО –73%; Түркістан облысы –73%-ды құрайды. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткішін төмендегі диаграммадан айқын көруге болады (16-сурет. 2019 жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнінен білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

16-сурет. 2019 жылғы 6-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші




2019 жылығы «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жоғары білім сапасының көрсеткішін Алматы қаласы – 84%-ды көрсетсе, ең төменді білім сапасының көрсеткішін Ақтөбе, Атырау, Қостанай облыстары берді. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша берілген өңірлердегі білім сапасы 70%-дан төмен. 70 пен 80%-дың аралығындағы білім сапасының көрсеткішін Ақмола, Алматы облысы, ШҚО, Жамбыл, БҚО, Қызылорда облысы, Нұр-Сұлтан қаласы, Павлодар, СҚО және Түркістан облыстары көрсетіп отыр. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші біркелкі емес. 2019 жылығы «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші төменде көрсетілген кестеде беріліп отыр (3-кесте. 2019 жылғы 7-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

12-кесте. 2019 жылғы 7-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші

Өңір	сыныбы	2019 жылғы қорытынды бойынша білім сапасының көрсеткіші
Ақмола облысы	7	78%
Ақтөбе облысы	7	72%
Алматы облысы	7	74%
Алматы қаласы	7	82%
Атырау облысы	7	67%
ШҚО	7	78%
Жамбыл облысы	7	74%
БҚО	7	73%
Қостанай облысы	7	72%
Қызылорда облысы	7	78%
Нұр-Сұлтан қаласы	7	76%
Павлодар облысы	7	73%
СҚО	7	74%
Түркістан облысы	7	72%

2019 жылғы 7-сыныптағы көрсеткішке тоқтасақ, Республика бойынша орташа білім сапасының көрсеткіші – 74,5%-ды көрсетіп тұр. Оның ішінде: Ақмола облысы бойынша –78%; Ақтөбе облысы –72%; Алматы облысы –74%; Алматы қаласы –82%; Атырау облысы–67%; ШҚО –78%; Жамбыл облысы –74%; БҚО –73%; Қостанай облысы –72%; Қызылорда облысы –78%; Нұр-Сұлтан қаласы –76%; Павлодар облысы –73%; СҚО –74%; Түркістан облысы –72%-ды көрсетіп отыр. Төменде берілген диаграммадан республикадағы 7-сыныптардың «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының сызбасын көруге болады (17-сурет. 2019 жылғы қорытынды бойынша 7-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнінен білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

17-сурет. 2019 жылғы 7-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші



Суреттен көріп отырғанымыздай, білім сапасының жоғары көрсеткішін Алматы қаласы (82%) көрсетсе, пән бойынша ең төменгі білім сапасының көрсеткішін Атырау облысы беріп отыр. Бұндағы білім сапасының көрсеткіші – 67%-ды құрап отыр. Басқа өңірдегі білім сапасы бірқалыптылықты байқатты.


Жалпы «Қазақ әдебиеті» пәнінен 2019 жылғы білім сапасының көрсеткіші бойынша 5,6,7-сынып білім алушылары арасында жоғары білім сапасының көрсеткішін Алматы қаласы көрсетсе, төменгі білім сапасының көрсеткішін Атырау облысынан байқалды. Республика бойынша «Қазақ әдебиеті» пәнінен 2020 жылғы білім сапасының көрсеткіші төмендегі кестеде берілген (13-кесте. 2020 жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнінен білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

13-кесте. 2020 жылғы 6-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші

Өңір	Пән	сыныбы	2020 жылғы қорытынды бойынша білім сапасының көрсеткіші
Ақмола облысы	Қазақ әдебиеті	6	75%
Ақтөбе облысы		6	71%
Алматы облысы		6	74%
Алматы қаласы		6	82%
Атырау облысы		6	70%
ШҚО		6	79%
Нұр-Сұлтан қаласы		6	79%
Жамбыл облысы		6	73%
БҚО		6	74%
Қостанай облысы		6	69%
Қызылорда облысы		6	78%
Павлодар облысы		6	77%
СҚО		6	76%
Түркістан облысы		6	71%
Шымкент қаласы		6	69%

2020 жылғы қорытынды бойынша «Қазақ әдебиеті» пәнінен 6-сыныптардағы орташа балл – 74,4%-ды құрап отыр. Оның ішінде: Ақмола облысы бойынша – 75%; Ақтөбе облысы – 71%; Алматы облысы – 74%; Алматы қаласы – 82%; Атырау облысы – 70%; ШҚО – 79%; Нұр-Сұлтан қаласы – 79%; Жамбыл облысы – 73%; БҚО – 74%; Қостанай облысы – 69%; Қызылорда облысы – 78%; Павлодар облысы – 77%; СҚО – 76%; Түркістан облысы – 71%; Шымкент қаласы – 69%-ды құрап отыр. Төменде берілген диаграммада 2020 жылғы білім сапасының 6-сыныптағы көрсеткіші берілген (18-сурет. 2020 жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнінен білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

18-сурет. 2020 жылғы 6-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші



Берілген материалдан көріп отырғанымыздай, «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасы көрсеткішінің жоғары деңгейін Алматы қаласы (82%-ды) көрсетсе, ең төменгі білім сапасының көрсеткішін Қостанай облысы, Шымкент қаласы, Атырау облыстары көрсетіп тұр.

2020 жылғы 7-сыныптар бойынша «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші төмендегі кестеде берілген (14-кесте. 2020 жылғы 7-сыныптардағы «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші).


14-кесте. 2020 жылғы 7-сыныптардағы «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші

Өңірлер	сыныбы	2020 жылғы қорытынды бойынша білім сапасының көрсеткіштері
Ақмола облысы	7	75%
Ақтөбе облысы	7	70%
Алматы облысы	7	72%
Алматы қаласы	7	80%
Атырау облысы	7	67%
ШҚО	7	77%
Нұр-Сұлтан қаласы	7	77%
Жамбыл облысы	7	73%
БҚО	7	73%
Қостанай облысы	7	68%
Қызылорда облысы	7	75%
Павлодар облысы	7	74%

СҚО	7	73%
Түркістан облысы	7	69%
Шымкент қаласы	7	69%

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2020 жылы 7-сыныпта оқыған білім алушылардың білім сапасының нәтижесі – 72,8%-ды құрап отыр. Оның ішінде: Ақмола облысы бойынша –75%; Ақтөбе облысы –70%; Алматы облысы –72%; Алматы қаласы – 80%; Атырау облысы – 67%; ШҚО – 77%; Нұр-Сұлтан қаласы –77%; Жамбыл облысы –73%; БҚО –73%; Қостанай облысы –68%; Қызылорда облысы –75%; Павлодар облысы –74%; СҚО– 73%; Түркістан облысы –69%; Шымкент қаласы – 69%-ды көрсетіп тұр. Төменде берілген диаграммадан республика бойынша білім сапасының көрсеткіші берілген (19-сурет. 2020 жылғы 7-сыныптардағы «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші)

19-сурет. 2020 жылғы 7-сыныптардағы «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



2020 жылғы 7-сыныптардағы «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының жоғары көрсеткішін Алматы қаласы – 80%-ды құраса, ең төменгі білім сапасының көрсеткіші Атырау облысында – 67%; Қостанай облысында – 68%-ды көрсетіп отыр. Түркістан облысы мен Шымкент қаласындағы білім сапасының көрсеткіші – 69%-ды беріп тұр. Басқа өңірлердегі білім сапасының көрсеткіші 72-77% аралығында. Төменде берілген кестеден осы жылы «Қазақ әдебиеті» пәнінен 8-сыныптардан алынған білім сапасының көрсеткіші берілген (15-кесте. 2020 жылғы 8-сыныптардағы «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші).

15-кесте. 2020 жылғы 8-сыныптардағы «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші

	сыныбы	2020 жылғы қорытынды бойынша білім сапасының көрсеткіші
Ақмола облысы	8	75%
Ақтөбе облысы	8	67%
Алматы облысы	8	72%
Алматы қаласы	8	77%
Атырау облысы	8	65%
ШҚО	8	74%
Нұр-Сұлтан қаласы	8	75%
Жамбыл облысы	8	70%
БҚО	8	70%
Қостанай облысы	8	58%
Қызылорда облысы	8	73%
Павлодар облысы	8	74%
СҚО	8	73%
Түркістан облысы	8	69%
Шымкент қаласы	8	66%

2020 жылығы 8-сыныптардағы «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші – 70,5%-ды құрап отыр. Оның ішінде: Ақмола облысы бойынша –75%; Ақтөбе облысы – 67%; Алматы облысы – 72%; Алматы қаласы – 77%; Атырау облысы – 65%; ШҚО – 74%; Нұр-Сұлтан қаласы – 75%; Жамбыл облысы –70%; БҚО –70%; Қостанай облысы –58%; Қызылорда облысы –73%; Павлодар облысы –74%; СҚО –73%; Түркістан облысы – 69%; Шымкент қаласы – 66%-ды көрсетіп тұр. Төменде берілген кестеден 2020 жылы «Қазақ әдебиеті» пәнінен берілген білім сапасы көрсетілген (20-сурет. 2020 жылғы 8-сыныптар бойынша «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші).

20-сурет. 2020 жылғы 8-сыныптардағы «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



8-сыныптар бойынша ең жоғары білім сапасының көрсеткішін Алматы қаласы (77%) көрсетсе, ең төменгі білім сапасының көрсеткішін Қостанай облысы (58%) беріп отыр. 65-70% арасындағы көрсеткішті Атырау облысы, Шымкент қаласы, Ақтөбе облысы, Түркістан облысы, Жамбыл облыстарынан аңғардық. 71-77% аралығындағы білім сапасының көрсеткішін Қызылорда облысы, Алматы облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Нұр-Сұлтан қаласы, Ақмола облыстарынан байқауға болады.


2019-2020 жылдардағы білім сапасын салыстыру төменде берілген кестеде берілген (16-кесте. 2019-2020 жылдардағы білім сапасын салыстыру).

16-кесте. 2019-2020 жылдардағы білім сапасын салыстыру

Өңірлер	2019 жылғы 5-сынып	2020 жылғы 6-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	77%	75%	-2%
Ақтөбе облысы	74%	71%	-4%
Алматы облысы	76%	74%	-3%
Алматы қаласы	88%	82%	-5%
Атырау облысы	72%	70%	-2%
ШҚО	81%	79%	-2%
Жамбыл облысы	76%	79%	3%
БҚО	75%	73%	-2%
Қостанай облысы	74%	74%	0%
Қызылорда облысы	81%	69%	-13%
Нұр-Сұлтан қаласы	82%	78%	-4%
Павлодар облысы	76%	77%	1%
СҚО	76%	76%	0%
Түркістан облысы	74%	71%	-3%

Республика бойынша «Қазақ әдебиеті» пәнінен 2019-2020 оқу жылындағы білім сапасының өсу динамикасы төмендегі диаграммада берілген (21-сурет. 2019-2020 жылдардағы білім сапасын салыстыру).

21-сурет. 2019-2020 жылдардағы білім сапасын салыстыру



Ақмола облысында білім беру көрсеткішінің динамикасы – (-2%); Ақтөбе облысы – (-4%); Алматы облысы – (-3%); Алматы қаласы – (-5%); Атырау облысы – (-2%); ШҚО – (-2%); Жамбыл облысы – 3%; БҚО – (-2%); Қостанай облысы – 0%; Қызылорда облысы – (-13%); Нұр-Сұлтан қаласы – (-4%); Павлодар облысы – 1%; СҚО – 0%; Түркістан облысы – (-3%)-ға төмендеген. Суреттен байқап отырғанымыздай, 5-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші 6-сыныптағы білім сапасына қарағанда жоғарылағандығын байқады.

2019 оқу жылына қарағанда, 2020 оқу жылында «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының төмендеуі байқалды.


2019-2020 оқу жылдарында білім алған 6 және 7-сынып білім алушыларының «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша алған білімдерінің сапасына тоқталсақ. Ол төмендегі кестеде берілген (19-кесте. 2019-2020 оқу жылында білім алған 6 және 7-сыныптардағы білім алушылардың «Қазақ әдебиеті» пәнінен көрсеткен білім сапасының көрсеткіші).

17-кесте. 2019-2020 оқу жылында білім алған 6 және 7-сыныптардағы білім алушылардың «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша көрсеткен білім сапасының көрсеткіші

Өңірлер	2019 жылғы 6-сынып	2020 жылғы 7-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	77%	75%	-2%
Ақтөбе облысы	62%	70%	8%
Алматы облысы	76%	72%	-4%
Алматы қаласы	84%	80%	-4%
Атырау облысы	68%	67%	-1%
ШҚО	79%	77%	-2%
Жамбыл облысы	77%	77%	0%
БҚО	75%	73%	-2%
Қостанай облысы	69%	73%	4%
Қызылорда облысы	77%	68%	-10%
Нұр-Сұлтан қаласы	78%	75%	-4%
Павлодар облысы	73%	74%	1%
СҚО	73%	73%	0%
Түркістан облысы	73%	69%	-4%

Жалпы 2019-2020 оқу жылдарында білім алған 6 және 7-сынып білім алушыларының «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткішінде біркелкілік байқалмайды.

22-сурет. 2019-2020 оқу жылында білім алған 6 және 7-сыныптардағы білім алушылардың «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша көрсеткен білім сапасының көрсеткіші



2019-2020 оқу жылдарында білім алған 6 және 7-сынып білім алушыларының «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасына тоқталсақ, Ақмола облысында – (-2%); Ақтөбе облысында – 8%; Алматы облысында – (-4%); Алматы қаласында – (-4%); Атырау облысында – (-1%); Шығыс Қазақстан облысы – (-2%); Жамбыл облысында – 0%; Батыс Қазақстан облысы – (-2%); Қостанай облысында – 4%; Қызылорда облысында – (-10%); Нұр-Сұлтан қаласында – (-4%); Павлодар облысында – 1%; Солтүстік Қазақстан облысында – 0%; Түркістан облысында – (-4%)-ды құрап тұр.

2019 жылғы және 2020 жылғы 7-8-сыныптардың білім сапасына талдау төмендегі кестеде көрсетілген (20-кесте. 7-8-сыныптардың білім сапасы динамикасының көрсеткіші).


18-кесте. 7-8-сыныптардың білім сапасы динамикасының көрсеткіші

Өңірлер	2019 жылғы 7 сынып	2020 жылғы 8-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	78%	75%	-3%
Ақтөбе облысы	72%	67%	-4%
Алматы облысы	74%	72%	-2%
Алматы қаласы	82%	77%	-5%
Атырау облысы	67%	65%	-1%
ШҚО	78%	74%	-4%
Жамбыл облысы	74%	75%	1%
БҚО	73%	70%	-2%
Қостанай облысы	72%	70%	-1%

Қызылорда облысы	78%	58%	-20%
Нұр-Сұлтан қаласы	76%	73%	-2%
Павлодар облысы	73%	74%	1%
СҚО	74%	73%	-1%
Түркістан облысы	72%	69%	-3%

Жалпы 2019-2020 оқу жылдарында білім алған 7 және 8-сынып білім алушыларының «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткішінде біркелкілік байқалмайды. Оның келесі диаграммадан айқын байқауға болады. (23-сурет. 2019-2020 оқу жылында білім алған 7 және 8-сынып білім алушыларының «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші).

23-сурет. 2019-2020 оқу жылында білім алған 7 және 8-сынып білім алушыларының «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



Диаграммадан байқап отырғанымыздай, Ақмола облысында – (-3%); Ақтөбе облысында – (-4%); Алматы облысында – (-2%); Алматы қаласында – (-5%); Атырау облысында – (-1%); ШҚО – (-4%); Жамбыл облысында – 1%; БҚО – (-2%); Қостанай облысында – (-1%); Қызылорда облысында – (-20%); Нұр-Сұлтан қаласында – (-2%); Павлодар облысында – 1%; СҚО – (-1%); Түркістан облысында – (-3%)-ға төмендегені байқалды.

Қорыта келгенде, 2019-2020 оқу жылдарында «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші әртүрлі. Көбіне білім алушылардың жоғары сыныпқа көшкен сайын пән бойынша білім сапасының сәл де болса төмендегендігі байқалады. Бұған себеп критериалды бағалауды мұғалім мен оқушының жете түсінбеуі де себеп болуы мүмкін. Сондықтан алдағы уақытта пән мғалімдері осы олқылықтардың орнын толықтыру бағытында жұмыстар жүргізгені дұрыс.

1.2.3 «Математика», «Алгебра», «Геометрия» оқу пәндері

Жаңартылған білім мазмұнын енгізу аясында негізгі орта білім беру деңгейінде 5-6-сыныптарда «Математика», 7-9-сыныптарда «Алгебра» және «Геометрия» пәндері оқытылады.

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес «Математика», «Алгебра» және «Геометрия» пәндері міндетті оқу пәніне жатады.

Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес «Математика», «Алгебра» және «Геометрия» пәндеріне бөлінген сағат саны 19-кестеде көрсетілген.

19-кесте. «Математика», «Алгебра» және «Геометрия» пәндері бойынша оқу жүктемесі

Сыныбы	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат	
		Апталық	Жылдық
5	Математика	5	170
6	Математика	5	170
7	Алгебра	3	102
7	Геометрия	2	68
8	Алгебра	3	102
8	Геометрия	2	68
9	Алгебра	3	102
9	Геометрия	2	68

ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларының» 14-5-тармағына сәйкес 5-6-сыныптарда «Математика», 7-9-сыныптарда «Алгебра» және «Геометрия» пәндері негізінде бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі.

Аталған пәндер бойынша жиынтық бағалау саны 20-кестеде көрсетілген.

20-кесте. «Математика», «Алгебра» және «Геометрия» пәндерінен тоқсан бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныбы	Пәннің атауы	1-тоқсан		2-тоқсан		3-тоқсан		4-тоқсан	
		БЖБ	ТЖБ	БЖБ	ТЖБ	БЖБ	ТЖБ	БЖБ	ТЖБ
5	Математика	3	1	1	1	3	1	3	1
6	Математика	2	1	2	1	3	1	3	1
7	Алгебра	2	1	2	1	1	1	1	1
7	Геометрия	2	1	2	1	1	1	1	1
8	Алгебра	1	1	1	1	3	1	1	1
8	Геометрия	1	1	1	1	3	1	1	1
9	Алгебра	2	1	2	1	2	1	2	1
9	Геометрия	2	1	2	1	2	1	2	1

5-6-сыныптарда «Математика», 7-9-сыныптарда «Алгебра» және «Геометрия» оқу пәндері бойынша білім алушылардың 2018-2019 оқу жылы мен 2019-2020 оқу жылындағы білім сапасы көрсеткіштерін талдауда «Күнделік» жүйесі арқылы жүргізілетін бағалау нәтижелері негізге алынды.

Жалпы білім беретін мектептердің білім алушыларының білім сапасына салыстырмалы талдау екі бағытта жүргізілді:

1) қатарынан алынған екі оқу жылындағы сыныптан-сыныпқа көшкендегі білім сапасының салыстырмалы талдауы;

2) қатарынан алынған екі оқу жылындағы бір сыныпқа қатысты білім сапасының салыстырмалы талдауы.

21-кесте. Сыныптан-сыныпқа көшкендегі білім сапасының салыстырмалы талдауы

	Пән(дер) атауы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы
	Математика	5	6
	Математика, Алгебра	6	7
	Математика, Геометрия	6	7
	Алгебра	7	8
	Геометрия	7	8

22-кесте. Бір сыныпқа қатысты білім сапасының салыстырмалы талдауы


	Пән(дер) атауы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы
	Математика	6	6
	Алгебра	7	7
	Геометрия	7	7
	Алгебра	8	8
	Геометрия	8	8

Қатарынан алынған екі оқу жылындағы сыныптан-сыныпқа көшкендегі білім сапасының салыстырмалы талдауы

2018-2019 оқу жылы 5-сыныпта критериалды бағалау жүйесі алғашқы рет енгізілген болса, осы 5-сыныптың оқушылары 2019-2020 оқу жылы 6-сыныпта критериалды бағалау жүйесімен оқуды жалғастырды. Сондықтан білім сапасына салыстырмалы талдау жасау арқылы 2018-2019 оқу жылы 5-сыныпта оқыған білім алушылардың «Математика» пәні бойынша 2019-2020 оқу жылы 6-сыныпты қандай білім сапасымен бітіргенін қарастырайық.

2018-2019 оқу жылының 5-сыныптардағы білім алушылардың «Математика» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 24-суретте берілген.


24-сурет. 2019-2020 оқу жылындағы 5-сыныптағы «Математика» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



Талдау нәтижесіне сәйкес 2018-2019 оқу жылының қорытындысы негізінде 5-сыныптардағы білім алушылардың «Математика» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 52%-дан 80%-ды құраған, ал орташа көрсеткіші 68% болған. Өңірлер бөлінісінде 5-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішті Алматы облысы (80%), төмен көрсеткішті Солтүстік Қазақстан облысы (52%) көрсетіп тұр.

Осы 5-сынып оқушыларының 2019-2020 оқу жылында 6-сыныпты аяқтаған соң «Математика» оқу пәні бойынша көрсеткен білім сапасы 25-суретте берілген.

25-сурет. 2019-2020 оқу жылы 6-сыныптағы «Математика» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



Талдау нәтижесіне сәйкес 2019-2020 оқу жылының қорытындысы негізінде 6-сыныптардағы білім алушылардың «Математика» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 64%-дан 78%-ды құраған, ал орташа көрсеткіші 63%-ға тең болған. Өңірлер бөлінісінде 6-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішті Нұр-Сұлтан қаласы (78%), төмен көрсеткішті Ақтөбе облысы, Қостанай облысы, Солтүстік Қазақстан облысы (54%) көрсетіп тұр.

«Математика» пәні бойынша 2018-2019 оқу жылы 5-сынып және 2019-2020 оқу жылы 6-сынып оқушыларының білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдау 27-кестеде беріледі.

23-кесте. Қатарынан алынған екі оқу жылындағы оқушылардың сыныптан-сыныпқа көшкендегі білім сапасының салыстырмалы талдауы


Өңірлер	2018-2019 оқу жылы 5-сынып	2019-2020 оқу жылы 6-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	69%	67%	-2
Ақтөбе облысы	68%	64%	-4
Алматы облысы	71%	69%	-2
Атырау облысы	67%	66%	-1
БҚО	55%	70%	+15
Жамбыл облысы	71%	68%	-3
Қостанай облысы	66%	64%	-2
Қызылорда облысы	73%	72%	-1
Павлодар облысы	68%	68%	0
СҚО	52%	64%	+12
ШҚО	73%	72%	-1
Нұр-Сұлтан қаласы	74%	78%	+4
Алматы қаласы	80%	72%	-2

Кестеде көрсетілгендей «Математика» пәні бойынша 2018-2019 оқу жылы 5-сынып оқушыларының 2019-2020 оқу жылы 6-сыныпты аяқтағанда білім сапасы үш өңірде Батыс Қазақстан облысы (+15%), Солтүстік Қазақстан облысы (+12%), Нұр-Сұлтан қаласы (+4%) бойынша артқан.

Қалған өңірлер бойынша білім сапасы -1%-дан -4%-ға төмендегені байқалады. Бір ғана өңір Павлодар облысы бойынша білім сапасы (68%) тұрақты болып қалған.

«Математика» пәні бойынша 2018-2019 оқу жылы 5-сынып оқушыларының 2019-2020 оқу жылы 6-сыныпты аяқтағанда білім сапасының динамикасы 26-суретте берілген.

26-сурет. «Математика» пәні бойынша білім сапасының динамикасы




Жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша 7-сыныптан бастап математикалық білімді игеру «Алгебра» және «Геометрия» пәндері арқылы жалғастырылады. Сондықтан, 6-сыныпты аяқтаған оқушылардың математика бойынша білім сапасын 7-сыныптағы екі пәнге қатысты салыстыратын боламыз.

2018-2019 оқу жылы 6-сыныпта критериалды бағалау жүйесі алғашқы рет енгізілген болса, осы 6-сыныптың оқушылары 2019-2020 оқу жылы 7-сыныпта критериалды бағалау жүйесімен оқуды жалғастырды. Сондықтан білім сапасына салыстырмалы талдау жасау арқылы 2018-2019 оқу жылы 6-сыныпта оқыған білім алушылардың «Алгебра», «Геометрия» пәндері бойынша 2019-2020 оқу жылы 7-сыныпты қандай білім сапасымен бітіргенін қарастырамыз.

2018-2019 оқу жылының 6-сыныптары білім алушыларының «Математика» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 27-суретте берілген.


27-сурет. 2018-2019 оқу жылы 6-сыныптағы «Математика» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



Талдау нәтижесіне сәйкес 2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша 6-сыныптары білім алушыларының «Математика» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 41%-дан 73%-ды құраған, ал орташа көрсеткіші 61%-ға тең болған. Өңірлер бөлінісінде 6-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішті Павлодар облысы (73%), төмен көрсеткішті Қызылорда облысы (41%) көрсетіп тұр.

Осы 6-сынып оқушыларының 2019-2020 оқу жылында 7-сыныпты аяқтаған соң «Алгебра» оқу пәні бойынша көрсеткен білім сапасы 28-суретте берілген.

28-сурет. 2019-2020 оқу жылы 7-сыныптағы «Алгебра» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



Талдау нәтижесіне сәйкес 2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша 7-сыныптары білім алушыларының «Алгебра» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 59%-дан 74%-ды құраған, ал орташа көрсеткіші 64%-ға тең болған. Өңірлер бөлінісінде 7-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішті Шығыс Қазақстан облысы (74%), төмен көрсеткішті Алматы қаласы, Батыс Қазақстан облысы, Қызылорда облысы (59%) көрсетіп тұр.

2018-2019 оқу жылындағы 6-сынып оқушыларының «Математика» және 2019-2020 оқу жылы 7-сынып оқушыларының «Алгебра» пәндері бойынша білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдау 24-кестеде беріледі.

24-кесте. Қатарынан алынған екі оқу жылындағы оқушылардың сыныптан-сыныпқа көшкендегі білім сапасының салыстырмалы талдауы

Өңірлер	2018-2019 оқу жылы 6-сынып	2019-2020 оқу жылы 7-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	64%	63%	-1
Ақтөбе облысы	60%	61%	+1
Алматы облысы	68%	67%	-1


Алматы қаласы	59%	59%	0
Атырау облысы	46%	67%	+23
ШҚО	68%	74%	+6
Жамбыл облысы	58%	68%	+10
БҚО	66%	59%	-7
Қостанай облысы	62%	65%	+3
Қызылорда облысы	41%	59%	+18
Нұр-Сұлтан қаласы	67%	65%	-2
Павлодар облысы	73%	67%	-6
СҚО	69%	65%	-4

Кестеде көрсетілгендей «Математика» пәні бойынша 2018-2019 оқу жылы 6-сынып оқушыларының 2019-2020 оқу жылы 7-сыныпты аяқтағанда «Алгебра» пәні бойынша білім сапасы алты өңірде артқан: Атырау облысы (+23%), Қызылорда облысы (+18%), Жамбыл облысы (+10%), Шығыс Қазақстан облысы (+6%), Қостанай облысы (+3%), Ақтөбе облысы (+1%).

Қалған өңірлер бойынша білім сапасы -1%-дан -7%-ға төмендегені байқалады. Бір ғана өңір Алматы қаласы бойынша білім сапасы (59%) тұрақты болып қалған.


2018-2019 оқу жылғы 6-сынып оқушыларының «Математика» және 2019-2020 оқу жылы 7-сынып оқушыларының «Алгебра» пәндері бойынша білім сапасының динамикасы 29-суретте берілген.

29-сурет. Білім сапасының динамикасы



Осы 6-сынып оқушыларының 2019-2020 оқу жылында 7-сыныпты аяқтаған соң «Геометрия» оқу пәні бойынша көрсеткен білім сапасы 29-суретте берілген.

29-сурет. 2019-2020 оқу жылы 7-сыныптағы «Геометрия» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



Талдау нәтижесіне сәйкес 2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша 7-сыныптары білім алушыларының «Геометрия» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 59%-дан 73%-ды құраған, ал орташа көрсеткіші 64%-ға тең болған. Өңірлер бөлінісінде 6-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішті Шығыс Қазақстан облысы (73%), төмен көрсеткішті Алматы қаласы, Батыс Қазақстан облысы, Қызылорда облысы (59%) көрсетіп тұр.

2018-2019 оқу жылғы 6-сынып оқушыларының «Математика» және 2019-2020 оқу жылы 7-сынып оқушыларының «Геометрия» пәндері бойынша білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдау 25-кестеде беріледі.

25-кесте. Қатарынан алынған екі оқу жылындағы оқушылардың сыныптан-сыныпқа көшкендегі білім сапасының салыстырмалы талдауы


Өңірлерлер	2018-2019 оқу жылы 6-сынып	2019-2020 оқу жылы 7-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	64%	66%	+2
Ақтөбе облысы	60%	61%	+1
Алматы облысы	68%	68%	0
Алматы қаласы	59%	59%	0
Атырау облысы	46%	67%	+21
ШҚО	68%	73%	+5
Жамбыл облысы	58%	69%	+11
БҚО	66%	59%	-7
Қостанай облысы	62%	66%	+4
Қызылорда облысы	41%	59%	+18
Нұр-Сұлтан қаласы	67%	67%	0
Павлодар облысы	73%	67%	-6
СҚО	69%	63%	-6

Кестеде көрсетілгендей «Математика» пәні бойынша 2018-2019 оқу жылы 6-сынып оқушыларының 2019-2020 оқу жылы 7-сыныпты аяқтағанда «Геометрия» пәні бойынша білім сапасы Атырау облысы (+21%), Қызылорда облысы (+18%), Жамбыл облысы (+11%), Шығыс Қазақстан облысы (+5%), Қостанай облысы (+4%), Ақмола облысы (+2%), Ақтөбе облысы (+1%) бойынша артқан.

Қалған өңірлер бойынша білім сапасы -1%-дан -7%-ға төмендегені байқалады. Үш өңірде Алматы қаласы (59%), Алматы облысы (68%), Нұр-Сұлтан қаласы (67%) бойынша білім сапасы тұрақты болып қалған.

2018-2019 оқу жылғы 6-сынып оқушыларының «Математика» және 2019-2020 оқу жылы 7-сынып оқушыларының «Алгебра» пәндері бойынша білім сапасының динамикасы 30-суретте берілген.

30-сурет. Білім сапасының динамикасы



Сонымен, білім сапасына салыстырмалы талдау жасау арқылы 2018-2019 оқу жылындағы 6-сыныптың 2019-2020 оқу жылы 7-сыныпта математикалық білімді игеруді жалғастыру оқыған «Алгебра» және «Геометрия» пәндері бойынша білім сапалары арасындағы алшақтық байқалмайды (26-кесте). Яғни, 7-сыныптағы екі пәннен бір деңгейде игергенін көрсетеді.

26-кесте. 2019-2020 оқу жылындағы «Алгебра» және «Геометрия» пәндері бойынша білім сапасы

Өңірлер	2019-2020 оқу жылы 7-сынып «Алгебра» пәні	2019-2020 оқу жылы 7-сынып «Геометрия» пәні
Ақмола облысы	63%	66%
Ақтөбе облысы	61%	61%
Алматы облысы	67%	68%
Алматы қаласы	59%	59%

Атырау облысы	67%	67%
ШҚО	74%	73%
Жамбыл облысы	68%	69%
БҚО	59%	59%
Қостанай облысы	65%	66%
Қызылорда облысы	59%	59%
Нұр-Сұлтан қаласы	65%	67%
Павлодар облысы	67%	67%
СҚО	65%	63%

Енді 2018-2019 оқу жылы 7-сыныпта оқыған білім алушылардың «Алгебра» пәні бойынша 2019-2020 оқу жылы 8-сыныпты қандай білім сапасымен бітіргенін қарастырайық.

2018-2019 оқу жылы 7-сыныпта критериалды бағалау жүйесі алғашқы рет енгізілген болса, осы 7-сыныптың оқушылары 2019-2020 оқу жылы 8-сыныпта критериалды бағалау жүйесімен оқуды жалғастырды.

2018-2019 оқу жылының 7-сыныптары білім алушыларының «Алгебра» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 31-суретте берілген.


31-сурет. 2018-2019 оқу жылы 7-сыныптағы «Алгебра» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



Талдау нәтижесіне сәйкес 2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша 7-сыныптары білім алушыларының «Алгебра» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 42%-дан 66%-ды құраған, ал орташа көрсеткіші 58%-ға тең болған. Өңірлер бөлінісінде 7-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішті Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар облысы (66%), ал төмен көрсеткішті Нұр-Сұлтан қаласы, Қызылорда облысы (42%) көрсетіп тұр.

2019-2020 оқу жылының 8-сыныптары білім алушыларының «Алгебра» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 32-суретте берілген.

32-сурет. 2019-2020 оқу жылы 8-сыныптағы «Алгебра» пәні бойынша білім сапсының көрсеткіші



2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша 8-сыныптағы білім алушыларының «Алгебра» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 55%-дан 66%-ды құраған, ал орташа көрсеткіші 61%-ға тең болған. Өңірлер бөлінісінде 8-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішті Шығыс Қазақстан облысы (66%), төмен көрсеткішті Батыс Қазақстан облысы (55%) көрсетіп тұр.

2018-2019 оқу жылғы 7-сынып оқушыларының және 2019-2020 оқу жылы 8-сынып оқушыларының «Алгебра» пәндері бойынша білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдау 27-кестеде беріледі.

27-кесте. Қатарынан алынған екі оқу жылындағы оқушылардың сыныптан-сыныпқа көшкендегі білім сапасының салыстырмалы талдауы


Өңірлер	2018-2019 оқу жылы 7-сынып	2019-2020 оқу жылы 8-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	61%	61%	0
Ақтөбе облысы	58%	58%	0
Алматы облысы	65%	65%	0
Алматы қаласы	57%	57%	0
Атырау облысы	64%	65%	+1
ШҚО	66%	66%	0
Жамбыл облысы	64%	65%	+1
БҚО	59%	55%	-4
Қостанай облысы	59%	62%	+3
Қызылорда облысы	42%	56%	+14
Нұр-Сұлтан қаласы	42%	60%	+18
Павлодар облысы	66%	63%	-3
СҚО	69%	65%	-4

Кестеде көрсетілгендей 2018-2019 оқу жылғы 7-сынып оқушыларының және 2019-2020 оқу жылы 8-сынып оқушыларының «Алгебра» пәндері

бойынша білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдауы пән бойынша білім сапасының тұрақты және кейбір өңірлер бойынша артқанын көрсетеді. Батыс Қазақстан облысы (-4%), Павлодар облысы (-3%) бойынша білім сапасының төмендегенін байқаймыз.

2018-2019 оқу жылы 7-сынып және 2019-2020 оқу жылы 8-сынып оқушыларының «Алгебра» пәндері бойынша білім сапасының динамикасы 33-суретте берілген.

33-сурет. Білім сапасының динамикасы




Енді 2018-2019 оқу жылы 7-сыныпта оқыған білім алушылардың «Геометрия» пәні бойынша 2019-2020 оқу жылы 8-сыныпты қандай білім сапасымен бітіргенін қарастырайық.

2018-2019 оқу жылы 7-сыныпта критериалды бағалау жүйесі алғашқы рет енгізілген болса, осы 7-сыныптың оқушылары 2019-2020 оқу жылы 8-сыныпта критериалды бағалау жүйесімен оқуды жалғастырды.

2018-2019 оқу жылының 7-сыныптары білім алушыларының «Геометрия» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 34-суретте берілген.


34-сурет. 2018-2019 оқу жылы 7-сыныптағы «Геометрия» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



Талдау нәтижесіне сәйкес 2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша 7-сыныптары білім алушыларының «Геометрия» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 39%-дан 67%-ды құраған, ал орташа көрсеткіші 58%-ға тең болған. Өңірлер бөлінісінде 7-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішті Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар, Жамбыл, Алматы облыстары (65%), ал төмен көрсеткішті Қызылорда облысы (40%), Нұр-Сұлтан қаласы (39%) көрсетіп тұр.

2019-2020 оқу жылының 8-сыныптары білім алушыларының «Геометрия» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 35-суретте берілген.

35-сурет. 2019-2020 оқу жылы 8-сыныптағы «Геометрия» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



2019-2020 оқу жылының қорытындысы негізінде 8-сыныптары білім алушыларының «Геометрия» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 56%-дан 67%-ды құраған, ал орташа көрсеткіші 61%-ға тең болған. Өңірлер бөлінісінде 8-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішті Шығыс Қазақстан облысы (67%), төмен көрсеткішті Батыс Қазақстан облысы (56%) көрсетіп тұр.

2018-2019 оқу жылғы 7-сынып оқушыларының және 2019-2020 оқу жылы 8-сынып оқушыларының «Геометрия» пәндері бойынша білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдау 28-кестеде беріледі.

28-кесте. Қатарынан алынған екі оқу жылындағы оқушылардың сыныптан-сыныпқа көшкендегі білім сапасының салыстырмалы талдауы


Өңірлер	2018-2019 оқу жылы 7-сынып	2019-2020 оқу жылы 8-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	62%	64%	+2
Ақтөбе облысы	57%	58%	+1
Алматы облысы	65%	65%	0
Алматы қаласы	56%	58%	+2
Атырау облысы	61%	65%	+4
ШҚО	67%	67%	0
Жамбыл облысы	65%	66%	+1
БҚО	59%	56%	-3

Қостанай облысы	59%	64%	+5
Қызылорда облысы	40%	58%	-2
Нұр-Сұлтан қаласы	39%	61%	+22
Павлодар облысы	65%	63%	-2
СҚО	64%	63%	-1


Кестеде көрсетілгендей 2018-2019 оқу жылғы 7-сынып оқушыларының және 2019-2020 оқу жылы 8-сынып оқушыларының «Геометрия» пәндері негізінде білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдауы пән бойынша білім сапасының тұрақты және кейбір өңірлер бойынша артқанын көрсетеді. Батыс Қазақстан облысы (-3%), Павлодар, Қызылорда облыстары (-2%), Солтүстік Қазақстан облысы (-1%) бойынша білім сапасының төмендегенін байқаймыз.

2018-2019 оқу жылы 7-сынып және 2019-2020 оқу жылы 8-сынып оқушыларының «Геометрия» пәндері бойынша білім сапасының динамикасы 36-суретте берілген.

36-сурет. Білім сапасының динамикасы



37-сурет. «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндері бойынша білім сапасының динамикасы



Сонымен қорыта келгенде қатарынан алынған екі оқу жылдағы сыныптан-сыныпқа көшкендегі республика бойынша «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндері бойынша білім сапасының жоғарлауы Атырау, Қостанай, Қызылорда облыстарында, төмендеуі Батыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында анықталды (37-сурет).

Қатарынан алынған екі оқу жылындағы бір сыныпқа қатысты білім сапасының салыстырмалы талдауы

2018-2019 мен 2019-2020 оқу жылдарындағы «Математика» оқу пәні 6-сынып білім алушыларының білім сапасына салыстырмалы талдау жасайық. Аталған жылдардағы 6-сынып оқушыларының білім сапасының көрсеткіші 30-суретте берілген.

29-кесте. Қатарынан алынған екі оқу жылындағы бір сыныпқа қатысты білім сапасы

Өңірлер	2018-2019 оқу жылы 6-сынып	2019-2020 оқу жылы 6-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	64%	67%	+3
Ақтөбе облысы	60%	64%	+4
Алматы облысы	68%	69%	+1
Алматы қаласы	59%	66%	+7
Атырау облысы	46%	70%	+24
ШҚО	68%	68%	+8
Жамбыл облысы	58%	64%	+6
БҚО	66%	72%	+6
Қостанай облысы	62%	68%	+6
Қызылорда облысы	41%	64%	+23
Нұр-Сұлтан қаласы	67%	72%	+5
Павлодар облысы	73%	78%	+5
СҚО	69%	72%	+3

Кестеде көрсетілгендей жыл сайын 6-сыныпта «Математика» пәнінен білім сапасы барлық өңірлер бойынша артуын көреміз. Оның ішінде білім сапасының жоғары көрсеткіші Атырау және Қызылорда (сәйкесінше 24% және 23%), қалған облыстар мен қалаларда білім сапасының артуы 1%-дан 8%-ды құрайды.

Сонымен қорыта келгенде Республика бойынша 6-сыныпта «Математика» пәнінен білім сапасына жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі 2018-2019 оқу жылымен салыстырғанда 2019-2020 оқу жылы білім сапасы өңірлер бойынша жоғарлаған.

2018-2019 мен 2019-2020 оқу жылдарындағы «Алгебра» оқу пәні 7-сынып білім алушыларының білім сапасына салыстырмалы талдау жасайық. Аталған жылдардағы 7-сынып оқушыларының білім сапасының көрсеткіші 31-суретте берілген.

30-кесте. Қатарынан алынған екі оқу жылындағы бір сыныпқа қатысты білім сапасы

Өңірлер	2018-2019 оқу жылы 7-сынып	2019-2020 оқу жылы 7-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	61%	63%	+2
Ақтөбе облысы	58%	61%	+3
Алматы облысы	65%	67%	+2
Алматы қаласы	57%	59%	+2
Атырау облысы	64%	67%	+3
ШҚО	66%	74%	+8
Жамбыл облысы	64%	68%	+4
БҚО	59%	59%	0
Қостанай облысы	59%	65%	+6
Қызылорда облысы	42%	59%	+17
Нұр-Сұлтан қаласы	42%	65%	+23
Павлодар облысы	66%	67%	+1
СҚО	69%	65%	-4

Кестеде көрсетілгендей жыл сайын 7-сыныпта «Алгебра» пәнінен білім сапасы өңірлердің басым көпшілігінде артуын көреміз. Оның ішінде білім сапасының жоғары көрсеткіші Нұр-Сұлтан қаласы және Қызылорда облысында (сәйкесінше 23% және 18%) анықталған. Батыс Қазақстан облысында білім сапасы тұрақты, Солтүстік Қазақстан облысында білім сапасының төмендеген, ал қалған облыстар мен қалаларда білім сапасының артуы 1%-дан 8%-ды құрайды.

Сонымен қорыта келгенде, Республика бойынша 7-сыныпта «Алгебра» пәнінен білім сапасына жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі 2018-2019 оқу жылымен салыстырғанда 2019-2020 оқу жылы білім сапасы өңірлердің басым көпшілігінде жоғарлаған.

2018-2019 мен 2019-2020 оқу жылдарындағы «Геометрия» оқу пәні 7-сынып білім алушыларының білім сапасына салыстырмалы талдау жасайық. Аталған жылдардағы 7-сынып оқушыларының білім сапасының көрсеткіші 31-суретте берілген.


31-кесте. Қатарынан алынған екі оқу жылындағы бір сыныпқа қатысты білім сапасы

Өңірлер	2018-2019 оқу жылы 7-сынып	2019-2020 оқу жылы 7-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	62%	66%	+4
Ақтөбе облысы	57%	61%	+4
Алматы облысы	65%	68%	+3
Алматы қаласы	56%	59%	+3
Атырау облысы	61%	67%	+6
ШҚО	67%	73%	+6
Жамбыл облысы	65%	69%	+3
БҚО	59%	59%	0
Қостанай облысы	59%	66%	+7

Қызылорда облысы	40%	59%	+19
Нұр-Сұлтан қаласы	39%	67%	+28
Павлодар облысы	65%	67%	+2
СҚО	64%	63%	-1

Кестеде көрсетілгендей жыл сайын 7-сыныпта «Геометрия» пәнінен білім сапасы өңірлердің басым көпшілігінде артуын көреміз. Оның ішінде білім сапасының жоғары көрсеткіші Нұр-Сұлтан қаласы және Қызылорда облысында (сәйкесінше 28% және 19%) анықталған. Батыс Қазақстан облысында білім сапасы тұрақты, Солтүстік Қазақстан облысында білім сапасының төмендеген, ал қалған облыстар мен қалаларда білім сапасының артуы 1%-дан 7%-ды құрайды.

38-сурет. «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндері бойынша білім сапасының динамикасы



Сонымен қорыта келгенде, қатарынан алынған екі оқу жылындағы бір сыныпқа қатысты республика бойынша «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндерінен білім сапасына жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі 2018-2019 оқу жылымен салыстырғанда 2019-2020 оқу жылы білім сапасы өңірлердің басым көпшілігінде бойынша жоғарлаған (38-сурет).

1.2.4 «Физика» оқу пәні

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысы 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік

жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген. Қазақстан Республикасының білім алушылары осы негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен оқиды.

«Физика» пәнінің мазмұны немесе «Физика» ғылымы туралы бастапқы ұғым бастауыш білім деңгейінде 1-4-сыныптарында және негізгі орта білім деңгейінде 5-6-сыныптарында «Жаратылыстану» пәнін меңгеру барысында қалыптастырылады.

Базалық мазмұны жалпы білім беру деңгейлері мен оқу пәндерінің сабақтастығын қамтамасыз етеді, білім алушыларға білімін әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік береді.

7-сыныпқа арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында табиғат құбылыстарын қарастырады, физиканың негізгі заңдарымен танысады және осы заңдарды техникада, күнделікті өмірде қолдану деңгейінде оқытылады.

Физика мен оның заңдары барлық жаратылыстану саласының өзегі екендігіне басты назар аударылады. Сондықтан, оқыту пәнінің ең маңызды міндеттерінің бірі – білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізін және табиғатты танудың ғылыми әдістері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Бағдарлама практикадан теорияға өтуге негізделген, білім алушылардың негізгі игерген білімдерін тәжірибеде көбірек қолдануға бағытталған.

Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының білім беру мазмұнын меңгеру сапасын анықтау үшін 2019-2020 оқу жылындағы нәтижелері бойынша білім сапасы көрсеткіштеріне талдау жүргізілді.

2019-2020 оқу жылында Республика бойынша 7-сыныпта «Физика» пәнін 93 324 білім алушы оқыды. Олардың білім сапасының көрсеткіштері Орташа республикалық деңгейде 53,6 пайызды құрайды (1-кесте. 2019-2020 оқу жылының қорытынды бойынша 7-сыныпта «Физика» пәнінен білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

2019-2020 оқу жылындағы 7-сыныптағы білім алушылардың «Физика» пәні бойынша білім сапасы көрсеткіштерінің ең жоғарғы деңгейі 88% және ең төменгі деңгейі 40% көрсетті, арасындағы алшақтық екі еседен көп болды. Рейтингте Батыс Қазақстан -88% және Жамбыл -83% облыстары үздік болып табылады, Орташа республикалық деңгейдің көрсеткішінен 30%-дай алшақтық байқалады.

32-кесте. 2019-2020 оқу жылының қорытынды бойынша 7-сыныпта «Физика» пәнінен білім алушылардың сапалық көрсеткіші

Өңірлер	Барлығы	4 пен 5 саны	Білім сапасы
Ақмола облысы	7174	4141	58%
Ақтөбе облысы	6977	2754	39%
Алматы облысы	8406	4667	56%

Алматы қаласы	7784	4283	55%
Атырау облысы	6286	2361	38%
ШҚО	6983	3476	50%
Жамбыл облысы	4645	3851	83%
БҚО	4506	3963	88%
Қостанай облысы	7339	2755	38%
Қызылорда облысы	7483	3655	49%
Нұр-Сұлтан қаласы	6585	3757	57%
Павлодар облысы	6887	3851	56%
СҚО	4620	1868	40%
Түркістан облысы	7649	3390	44%

2019-2020 оқу жылында Республика бойынша 7-сыныпта «Физика» пәнін 93 324 білім алушылар оқиды, оның 4506 білім алушылары Батыс Қазақстан облысында, 4645 білім алушылары Жамбыл облысында яғни, Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының 10 пайызын құрайды.

Ақмола, Алматы, Павлодар облыстары және республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы қалаларының білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштері Орташа республикалық деңгейден жоғары болды. Білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерінің Орташа республикалық деңгейін 7 өңір еңсере алмады.


Рейтингтің соңғы позицияларында Қостанай, Атырау және Ақтөбе облыстары орналасты.

Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарының және Шымкент қаласының білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштері Орташа республикалық деңгейден 15%-дай төмен болды. Рейтингтің соңғы позицияларында орналасқан облыстардың білім алушылардың білім сапасының көрсеткіштері мынадай болды: Қостанай -38% Атырау -38% және Ақтөбе - 39% .

7-сыныпта Қостанай облысында 7339 білім алушы, Атырау облысында 6286 білім алушылар және Ақтөбе облыстарында 6977 білім алушылар білім алады екен. Үш облыста барлығы 20 602 білім алушылар 7-сыныпқа арналған «Физика» пәнін оқиды, білім сапасы көрсеткіштері 38,3 пайызды көрсетеді. Бұл Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының білім сапасының орташа республикалық деңгейінің ең төменгі көрсеткіші.

«Физика» пәнінен Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының білім сапасының 2019-2020 оқу жылының қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші келесі суретте берілген (39-сурет. Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының білім сапасының 2019-2020 оқу жылының қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші).

39-сурет. Қазақстан өңірлері білім алушыларының білім сапасының 2019-2020 оқу жылының қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші



7-сыныптағы «Физика» пәнін кіріспе «атом», «зат», «материя» және «физикалық термин», «физикалық шама», «гипотеза» және «эксперимент», «өлшем» және «өлшеу қателігі» сияқты негізгі ұғымдарды оқытылады, бұл оқу материалын әрі қарай оқыту кезінде қазіргі ғылымның заманауи деңгейі мен қоршаған ортамен байланыстың үзілмеуіне мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасында адамның табиғатпен өзара қарым-қатынасы, адамның әлемдегі және планетадағы орны, өмірдің мәні туралы мәселелер, сондай-ақ білім алушыларға білім беруде және тәрбиелеуде үлкен мәні бар лабораториялық және практикалық жұмыстар маңызды орын алады. Сондықтан

7-сыныптағы білім алушылардың білім сапасының көрсеткіштеріне ерекше назар аударуды қажет етеді.

Сондақтан келесі 8-сыныпта сапалы білім алу үшін рейтингтің соңғы позицияларында орналасқан облыстардың білім алушыларының білім сапасының көрсеткіштерін «Физика» пәні бойынша талдап, қосымша жұмыс жасау қажет етеді.

8-сыныпқа арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы берілген мазмұнның үш яғни, «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Геометриялық оптика» бөлімін қамтиды.

Білім алушылар 7-сыныптағы физикалық шамалар, шкалалар құны және оларды өлшеу, аспап шкалалары және аспаптық өлшеу қателерін анықтау сияқты ұғым түсініктерді білуге тиіс. Алдыңғы сыныптан энергиялардың түрлерін ажыратады, энергияны тасымалдау, сонымен қатар, энергияны үнемдеу керек екенін біледі. 8-сыныпқа арналған «Физика» пәнінің «Жылу құбылыстары» бөлімі білім алушылардың түсінігін кеңейтеді және олар алдыңғы қарастырылған процестердегі бақылаулар нәтижесін бөлшектер,

материяның кинетикалық теориясы негізінде түсіндіре алады. Ал енді білім алушылардың 8-сыныптағы «Физика» пәнін қалай меңгергенің білім сапасы көрсеткіштерін талдаудан көреміз.

«Физика» пәні бойынша 2019-2020 оқу жылында 7-сыныпта оқыған білім алушылардың 2020-2021 оқу жылғындағы 8-сыныптағы білім сапасы көрсеткіштерін қарастырайық.

2020-2021 оқу жылында Республика бойынша 8-сыныпта «Физика» пәнін 96 009 білім алушы оқыды.

«Физика» пәнінен Қазақстан өңірлерінің 8-сыныпта білім алушыларының білім сапасы Орташа республикалық деңгейде 63,2 пайызды құрайды (33-кесте. 2020-2021 оқу жылының қорытынды бойынша 8-сыныпта «Физика» пәнінен білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

33-кесте. 2020-2021 оқу жылының қорытындысы негізінде 8-сыныпта «Физика» пәні бойынша білім алушылардың сапалық көрсеткіші

Өңір	Барлығы	4 пен 5 саны	Білім сапасы
Ақмола облысы	6367	4258	67%
Ақтөбе облысы	6519	4002	61%
Алматы обл	7139	4752	67%
Алматы қаласы	6686	4550	68%
Атырау облысы	6430	3730	58%
ШҚО	6400	4244	66%
Жамбыл облысы	6835	4266	62%
БҚО	6068	3853	63%
Қостанай облысы	7388	4312	58%
Қызылорда облысы	6769	4381	65%
Нұр-Сұлтан қаласы	6070	4150	68%
Павлодар облысы	6207	4077	66%
СҚО	4838	2809	58%
Түркістан облысы	6093	3774	62%
Шымкент қаласы	6200	3688	59%

2020-2021 оқу жылының 8-сыныптағы «Физика» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерінің ең жоғарысы 68% және ең төменгі 58%, арасындағы алшақтық 20 % болды. Рейтингте Алматы, Нұр-Сұлтан қаласы және Ақмола облыстары жоғары көрсеткішті көрсетті.

Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қызылорда облыстарының білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштері орташа республикалық деңгейден жоғары болды.


Білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерінің орташа республикалық деңгейін 8 өңір еңсере алмады. Рейтингтің соңғы позицияларында 58 пайыздық көрсеткішпен Атырау және Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары орналасты.

Ақтөбе, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Түркістан облыстарының және Шымкент қаласы білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштері орташа республикалық деңгейден төмен болды.

«Физика» пәнінен білім алушының алған білімі әлемнің қазіргі жаратылыстану көрінісінің негізінде жатқан іргелі ұғымдарды, заңдылықтарды, теориялар мен қағидаттарды, табиғатты ғылыми тану әдістерін, физиканы, зерттеу негізінде адамзаттың ғаламдық және жергілікті проблемаларын түсінуді қамтамасыз етеді. Сондықтан «Физика» пәнін толық білім алушылар меңгеруін қамтамасыз ету үшін алған білім сапасына толық талдау жасап, кері байланыс жасалу қажет.

«Физика» пәнінен Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының білім сапасының 2020-2021 оқу жылының қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші келесі кестеде берілген (40-сурет. Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының білім сапасының 2020-2021 оқу жылының қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші).

40-сурет. Қазақстан өңірлеріндегі білім алушылардың 2020-2021 оқу жылы қорытындысы негізінде «Физика» пәні бойынша салыстырмалы көрсеткіші



«Физика» пәнінен Қазақстан өңірлері білім алушыларының 2019-2020 оқу жылында 7-сыныпта, осы білім алушыларының келесі 2020-2021 оқу жылындағы 8-сыныпта білім сапасының сапалық көрсеткіші бойынша талдау жасалды.

«Физика» пәні бойынша 2019-2020 оқу жылындағы 7-сыныптағы білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштері орташа республикалық деңгейде 53,6 пайызды құрайды, ал осы білім алушылардың 2020-2021 оқу жылындағы 8-сыныптағы білім сапасы көрсеткіштері орташа республикалық деңгейде 63,2 пайызды құрайды.

«Физика» пәнінен Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының 2019-2020 жылғы оқу жылында 7-сыныпта осы білім алушыларының келесі 2020-2021 оқу жылындағы 8-сыныпта сапалық көрсеткіші келесі кестеде берілген (34-кесте. «Физика» пәнінен Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының 2019-2020

жылғы оқу жылында 7-сыныпта, 2020-2021 жылғы оқу жылында 8-сыныпта алған білімінің сапалық көрсеткіші)

34-кесте. «Физика» пәнінен Қазақстан өңірлері білім алушыларының 2019-2020 оқу жылында 7-сыныпта, 2020-2021 оқу жылында 8-сыныпта алған білімінің сапалық көрсеткіші

Өңірлер	7-сынып	8-сынып	Айырмашылығы, %
Ақмола облысы	58%	67%	9%
Ақтөбе облысы	39%	61%	22%
Алматы облысы	56%	67%	11%
Алматы қаласы	55%	68%	13%
Атырау облысы	38%	58%	20%
ШҚО	50%	66%	16%
Жамбыл облысы	83%	62%	-21%
БҚО	88%	63%	-25%
Қостанай облысы	38%	58%	20%
Қызылорда облысы	49%	65%	16%
Нұр-Сұлтан қаласы	57%	68%	11%
Павлодар облысы	56%	66%	10%
СҚО	40%	58%	18%
Түркістан облысы	44%	62%	18%

«Физика» пәні бойынша 2020-2021 оқу жылында орташа республикалық деңгейде білім алушылардың білім сапасының көрсеткіштері 8-сыныпта 10 пайызға артқан.


7-сыныптағы білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштерінің 8-сыныпта артуында «Физика» пәні бойынша біркелкілік байқалмайды, Ақтөбе - 22%, Атырау -20%, Қостанай -20% жоғары көтерілсе, Батыс Қазақстан -25%, Жамбыл -21% облысы білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштері төмендеген.

Білім алушыларының білім сапасының көрсеткіштері төмендеген облыстарының пайызы төмендегідей: Жамбыл-62% және Батыс Қазақстан -63% болып ең төменгі білім сапасын көрсетпейді. 2020-2021 оқу жылы 8-сыныптағы «Физика» пәні бойынша білім алушылардың ең төменгі көрсеткіші 58%. Сонда да 9-сыныпта «Физика» пәнінің білім беру мазмұнын меңгеру үшін 2020-2021 жылғы оқу жылындағы 8-сыныптың қорытындысы бойынша орташа республикалық деңгейде білім сапасы көрсеткіштері төмен облыстың білім алушыларының білім сапасының көрсеткішін сараптап, келесі оқу жылында қосымша жұмыстар ұйымдастыру қажет.

«Физика» пәнінен Қазақстан өңірлері білім алушыларының білім сапасының 2019-2020 жылғы оқу жылында 7-сыныпта, 2020-2021 жылғы оқу жылында 8-сыныптағы қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші яғни білім сапасының өсу динамикасы төмендегі диаграммада берілген берілген (40-сурет. Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының білім сапасының 2019-2020

жылғы оқу жылында 7-сыныпта, 2020-2021 жылғы оқу жылында 8-сыныпта қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші).

40-сурет. Қазақстан өңірлеріндегі 2019-2020 оқу жылында 7-сынып және 2020-2021 оқу жылында 8-сыныптағы білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші



2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша 8-сыныпта «Физика» пәнінен 87822 білім алушылардың сапалық көрсеткіші орташа республикалық деңгейде 48,7 пайызды құрайды (35-кесте. 2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша 8-сыныпта «Физика» пәнінен білім алушылардың сапалық көрсеткіші).

35-кесте. 2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша 8-сыныпта «Физика» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасының көрсеткіштері

Өңірлер	Барлығы	4 пен 5 саны	Білім сапасы
Ақмола облысы	6611	3666	55%
Ақтөбе облысы	6423	2518	39%
Алматы облысы	6928	3010	43%
Алматы қаласы	6614	3136	47%
Атырау облысы	6040	2304	38%
ШҚО	6607	3274	50%
Жамбыл облысы	4645	3851	83%
БҚО	5345	2453	46%
Қостанай облысы	7224	2677	37%
Қызылорда облысы	7190	3583	50%
Нұр-Сұлтан қаласы	6031	3156	52%
Павлодар облысы	6593	3679	56%
СҚО	4658	1892	41%
Түркістан облысы	6913	3096	45%
Шымкент қаласы			

Орташа республикалық деңгей 50 пайыздан аз, ол Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының «Физика» пәні бойынша білім сапасының нәтижесінің төмендігін көрсетеді.

2019-2020 оқу жылының 8-сыныптағы «Физика» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерінің ең жоғарысы – 83% және ең төменгі – 37%, арасындағы алшақтық – 46 % болды. Рейтингіте Жамбыл облысының 4645 білім алушылары – 83% пайызбен жоғары көрсеткішті көрсетті.

Білім алушыларының білім сапасының көрсеткіштері Павлодар – 56%, Ақмола – 55%, Шығыс Қазақстан – 50%, Қызылорда – 50% облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласы – 52%-да болды. Бұл білім сапасы көрсеткіштері орташа республикалық деңгейден жоғары екендігін байқатты.

Білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерінің орташа республикалық деңгейін 7 өңір еңсере алмады.


Алматықаласының – 47% және Батыс Қазақстан – 46%, Алматы – 43%, Солтүстік Қазақстан – 41%, Түркістан – 45% облыстарының білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштері орташа республикалық деңгейден төмен болды. Рейтингтің соңғы позицияларында Қостанай – 37%, Атырау – 38% және Ақтөбе – 39% облыстары төменгі көрсеткішті көрсетті.

Қостанайда облысында 7224 білім алушылар, Атырауда облысында 6040 білім алушылар және Ақтөбе облысында 6423 білім алушылар оқиды.

Ол Қазақстан өңірлерінің 96 009 білім алушыларының 20 пайызы.

«Физика» пәнінен Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының білім сапасының 2019-2020 оқу жылының қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші төмендегі кестеде берілген (41-сурет. Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының 2019-2020 оқу жылының қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші).

41-сурет. Қазақстан өңірлері білім алушыларының 2019-2020 оқу жылындағы «Физика» пәні бойынша салыстырмалы көрсеткіші



2020-2021 оқу жылының қорытынды бойынша 9-сыныпта «Физика» пәнінен республиканың 89817 білім алушылардың білім сапасының көрсеткіштері орташа республикалық деңгейде 62,2 пайызды құрайды (36-кесте. 2020-2021 оқу жылының қорытынды бойынша 9-сыныпта «Физика» пәнінен білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші).

36-кесте. 2020-2021 оқу жылының қорытынды бойынша 9-сыныпта «Физика» пәнінен білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші

Өңірлер	Барлығы	4 пен 5 саны	Білім сапасы
Ақмола облысы	5892	3863	66%
Ақтөбе облысы	5920	3437	58%
Алматы облысы	6485	4150	64%
Алматы қаласы	6264	4220	67%
Атырау облысы	6266	3595	57%
ШҚО	6055	4039	67%
Жамбыл облысы	6142	3842	63%
БҚО	5701	3338	59%
Қостанай облысы	7260	4109	57%
Қызылорда облысы	6465	4313	67%
Нұр-Сұлтан қаласы	5583	3762	67%
Павлодар облысы	5912	3928	66%
СҚО	4879	2709	56%
Түркістан облысы	5623	3501	62%
Шымкент қаласы	5370	3035	57%

2020-2021 оқу жылының 9-сыныптағы «Физика» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерінің ең жоғарысы 67% және ең төменгі 56%, арасындағы алшақтық 11 % болды. Рейтингіте Алматы, Нұр-Сұлтан қаласы және Шығыс Қазақстан, Қызылорда облыстарының білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштері орташа республикалық жоғары деңгейдің көрсеткішін көрсетті. Ақмола – 66%, Павлодар – 66%, Алматы – 64%, Жамбыл – 63% облыстары орташа республикалық жоғары көрсеткішті көрсетті.


Білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерінің орташа республикалық деңгейін 6 өңір еңсере алмады. Рейтингтің соңғы позицияларында және Түркістан облыстарының 62% төмен пайызда білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерінің орташа республикалық деңгейінен төмен болды. Солтүстік Қазақстан облысы білім алушылардың Орташа республикалық деңгейін білім сапасы көрсеткіштерінің ең төменгі деңгейінде (-56%) орналасты.

Ақтөбе – 58%, Атырау – 57%, Қостанай – 57%, Батыс Қазақстан – 59% облыстары және Шымкент – 57% қаласының білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштері орташа республикалық деңгейден төмен болды.

«Физика» пәні бойынша 2020-2021 оқу жылының 9-сыныптағы білім сапасының салыстырмалы көрсеткіштері төменде көрсетілген (42-сурет. 2020

жылғы қорытынды бойынша 9-сыныпта «Физика» пәнінен білім алушылардың білім сапасының салыстырмалы көрсеткіші).

42-сурет. 2020-2021 оқу жылының қорытынды бойынша 9-сыныпта «Физика» пәнінен білім алушылардың білім сапасының салыстырма көрсеткіші



«Физика» пәнінен Қазақстан өңірлері білім алушыларының 2019-2020 оқу жылындағы 8-сыныпта, осы білім алушыларының келесі 2020-2021 оқу жылындағы 9-сыныпта «Физика» пәнінен меңгерген білімінің сапалық көрсеткіші бойынша талдау жасалды. «Физика» пәнінен Қазақстан өңірлері білім алушыларының 2019-2020 оқу жылындағы 8-сыныпта осы білім алушыларының келесі 2020-2021 оқу жылындағы 9-сыныпта «Физика» пәнінен сапалық көрсеткіші төмендегі кестеде берілген (37-кесте. «Физика» пәнінен Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының 2019-2020 оқу жылындағы 8-сыныпта және 2020-2021 оқу жылында 9-сыныптағы сапалық көрсеткіші).

37-кесте. 2019-2020 оқу жылындағы 8-сыныпта және 2020-2021 оқу жылында 9-сыныптағы «Физика» пәні бойынша сапалық көрсеткіші

Өңірлер	8 сынып	9 сынып	Айырмашылығы, %
Ақмола облысы	55%	66%	11%
Ақтөбе облысы	39%	58%	19%
Алматы облысы	43%	64%	21%
Алматы қаласы	47%	67%	20%
Атырау облысы	38%	57%	19%
ШҚО	50%	67%	17%
Жамбыл облысы	83%	63%	-20%
БҚО	46%	59%	13%
Қостанай облысы	37%	57%	20%
Қызылорда облысы	50%	67%	17%
Нұр-Сұлтан қаласы	52%	67%	15%
Павлодар облысы	46%	66%	20%
СҚО	41%	56%	15%

Түркістан облысы	45%	62%	17%
------------------	-----	-----	-----

«Физика» пәні бойынша 2019-2020 оқу жылындағы 8-сыныптың білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштері орташа республикалық деңгейде 48,7 пайызды құрайды, ал осы білім алушылардың 2020-2021 оқу жылындағы 9-сыныптағы білім сапасы көрсеткіштері орташа республикалық деңгейде 62,2 пайызды құрап отыр.

2020-2021 оқу жылында 9-сыныпта Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының орташа республикалық деңгейдегі білім сапасының көрсеткіштері «Физика» пәні бойынша 13,5 пайызға артқан.

«Физика» пәні бойынша 8-сыныптағы білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштерінің 9-сыныпта артуында біркелкілік байқалмайды.


«Физика» пәнінен 2019-2020 оқу жылындағы 8-сыныпта және 2020-2021 оқу жылында 9-сыныптағы сапалық көрсеткіші қорытындысы бойынша салыстырмалы көрсеткіште Қазақстан өңірлері білім алушыларының білім сапасы артқан, тек Жамбыл (– 20%) облысы білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштері төмендеген.

Рейтингте Алматы – 21%, Қостанай – 20%, Павлодар – 20%, облыстарының және Алматы (-20%) қаласы білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерінің жоғары деңгейін көрсетті.

9-сыныптағы «Физика» пәні бойынша 2020-2021 оқу жылындағы білім алушылардың ең төменгі шегі – 56%, ол Солтүстік Қазақстан облысының білім алушыларының білім сапасы.

«Физика» пәнінен Қазақстан өңірлері білім алушыларының білім сапасының 2019-2020 оқу жылындағы 8-сыныпта және 2020-2021 оқу жылында 9-сыныптағы қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші яғни білім сапасының өсу динамикасы төмендегі диаграммада берілген берілген (43-сурет. Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының білім сапасының 2019-2020 оқу жылындағы 8-сыныпта және 2020-2021 оқу жылында 9-сыныптағы қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші).

43-сурет. 2019-2020 оқу жылындағы 8-сыныпта және 2020-2021 оқу жылында 9-сыныптағы қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші



«Физика» пәні бойынша орташа республикалық деңгейде 2019-2020 оқу жылында 7-сыныптағы білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштері 53,6 пайызды құрайды, ал осы білім алушылардың 2020-2021 оқу жылындағы 8-сыныптағы білім сапасы көрсеткіштері 63,2 пайызды құрайды. 2020-2021 оқу жылында 9-сыныптың білім алушыларының білім сапасының көрсеткіштері 9,6 пайызға артқан.

Физика» пәні бойынша 2019-2020 оқу жылындағы 8-сыныптың білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштері орташа республикалық деңгейде 48,7 пайызды құрайды, ал осы білім алушылардың 2020-2021 оқу жылындағы 9-сыныптағы білім сапасы көрсеткіштері 62,2 пайызды құрайды. 2020-2021 оқу жылында «Физика» пәні бойынша Қазақстан өңірлерінің 9-сыныпта білім алушыларының білім сапасының көрсеткіштері 13,5 пайызға артқан.

1.2.5 «Жаратылыстану» оқу пәні

5-6-сыныптағы «Жаратылыстану» пәні бойынша апробация қорытындысы

2020 жылығы 9-сынып «География» пәні бойынша жоғары білім сапасының көрсеткішін Ақтөбе облысы – 76%-ды, Ақмола облысы – 75%-ды Алматы облысы – 73%-ды, Алматы қаласы – 85%-ды, Атырау облысы – 75%-ды, ШҚО – 79%-ды. Жамбыл облысы – 79%-ды, Қостанай облысы— 80%-ды, БҚО – 83%-ды, Қызылорда – 85%-ды, Нұр-Сұлтан қаласы – 85%-ды, Павлодар облысы – 73%-ды, СКО – 70%-ды, Түркістан облысы – 70%-ды көрсетеді. Қалған 7 облыстардың көрсеткіштері орташа есеппен 80-85 %-ды құрап «География» пәні бойынша білім сапасы біркелкі екендігін көрсетіп отыр. Білім сапасының осы көрсеткіштер беруі оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын көрсетеді. Басқа сыныптарға қарағанда оқулық мазмұны мен бағдарлама мақсаты мен міндеттері оңтайландырылған.

2020 жылығы 9-сынып «География» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші төменде көрсетілген 81-кестеде беріліп отыр

81-кесте. 2020 жылығы 9-сынып «География» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші

Өңірлер	сыныбы	2020 жылғы білім сапасының көрсеткіші
Ақмола облысы	9	75%
Ақтөбе облысы	9	76%
Алматы облысы	9	73%
Алматы қаласы	9	85%
Атырау облысы	9	75%
ШҚО	9	84%
Жамбыл облысы	9	79%
БҚО	9	83%
Қостанай облысы	9	80%
Қызылорда облысы	9	85%
Нұр-Сұлтан қаласы	9	85%
Павлодар облысы	9	73%
СҚО	9	70%
Түркістан облысы	9	70%
Барлығы		81%

Республика бойынша 9-сынып «География» пәні бойынша 2020 жылы білім сапасының өсу динамикасы төмендегі диаграммада берілген. Диаграммада көрсетілген цифрлық мәліметтер білім деңгейінің оңтайлылығын көрсетеді.

85-сурет. 2020 жылғы білім сапасының 9-сыныптағы «География» пәні бойынша көрсеткіші



Республика бойынша 8-9-сыныптағы «География» пәні бойынша 2020 жылы білім сапасының өсу динамикасы төмендегі диаграммада өсу динамикасы байқалады. Диаграммада көрсетілген цифрлық мәліметтер 75-85 аралығы жақсы көрсеткіштер. Бұл білім деңгейінің оңтайлылығын көрсетеді.


2020 жылығы 8-сынып «География» пәні бойынша жоғары білім сапасының көрсеткішінің өсу динамикасы 9 сыныпта 1-15%-ға өскенін көреміз. Ақмола облысы – 1%-ды, Ақтөбе облысы – 9%-ды, Алматы облысы - 2%-ды, Алматы қаласы – 9%-ды, Атырау облысы – 8%-ды, ШҚО – 9%-ды. Жамбыл облысы – 7%-ды, Қостанай облысы – 15%-ды, БҚО – 13%-ды, Қызылорда – 11%-ды, Нұр-Сұлтан қаласы – 9%-ды, Павлодар облысы – 4%-ды, СҚО – 1%-ды, Түркістан облысы– 2%-ды көрсетеді.

82-кесте. «География» пәні бойынша 8-сынып оқушылардың 9-сыныптағы білім көрсеткіштері

Өңірлер	2019 жылғы 8-сынып	2020 жылғы 9-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	74%	75%	1%
Ақтөбе облысы	68%	76%	9%
Алматы облысы	71%	73%	2%
Алматы қаласы	76%	85%	9%
Атырау облысы	67%	75%	8%
ШҚО	75%	84%	9%
Жамбыл облысы	72%	79%	7%
БҚО	70%	83%	13%
Қостанай облысы	65%	80%	15%
Қызылорда облысы	74%	85%	11%
Нұр-Сұлтан қаласы	76%	85%	9%
Павлодар облысы	69%	73%	4%
СҚО	69%	70%	1%
Түркістан облысы	67%	70%	2%

86-сурет. Диаграмма бойынша 8-сынып оқушыларының 9-сыныптағы білім көрсеткіштері республика бойынша 75-85 пайыз аралығын құрайды

86-сурет. 8-сынып оқушыларының 9-сыныптағы білім көрсеткіштері



Қазіргі қолданыстағы бағдарлама бүгінгі күні толық емес болып көрінеді, сондықтан оған өзгерістер, жаңартулар енгізу қажет. Мектеп алдындағы басты міндет – балаларға білім беру ғана емес, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету. Біз цифрландыру мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігінен білім алуға және ақпарат іздеуге қызықтыруымыз керек. Бұл жаңартылған мазмұнның мәні.

Білім сапасының төмен болып келуін оқытылатын пәндердің мазмұнынан көруіміз керек. Білім сапасын бағалауда қазіргі кезде орыс және қазақ мектептерін талдау мүмкіндігінің жоқтығы. Күнделікте негізгі оқылатын «География» пәнінен басқа вариативті, факультативті толып жатқан қосымша пәндер жүр. Бірақ ол қосымша пәндердік білім сапасына тигізер ықпалын цифрлық көрсеткіштен көре аламыз. Мысалы 70 пайыздан жоғары көрсеткіштер бар облыстарда жоғары аталған қосымша пәндер вариативті сағат есебінен енгізілген. Нәтижесі көрініп тұр. Вариативті берілген сағаттарды мұғалім қалауымен жасалғандықтан оларды реттеу қажет. Бағалау барысында 7-сыныптағы «География» 1,2 бөлім оқулықтары мазмұнына назар аударылды. Тақырыптардың шашыраңқы берілуі, оқушы жас ерекшелігіне қатысты, жоғары сыныпта қарастырылатын экономикалық, элеуметтік т.б. география тақырыптарының берілуі оқушы білімін кеңейтпейді керісінше шатастырады, қызығушылытарын жоғалтады.

Бүгінгі таңда жаңартылған бағдарлама бойынша оқулықтармен оқудамыз.

Оқу материалы оқушылардың ғылыми, логикалық тұрғыдан құрылған, ақпараттық сөйлеуін дамыту үшін жасалуға тиісті. Оқулықта ұсынылған тапсырмалар көбінесе практикаға бағытталған және зерттеу дағдыларын, логикалық ойлауды, есте сақтауды, байқауды және жеке тұлғаның жеке қасиеттерін дамытуға бағытталмаған.

Мұғалімдердің айтуынша, бастапқы кезеңде үлгерім төмендейді. Кейбір оқушылар шатасады, өйткені 7-ден жоғары сыныптарда тақырыптар мен бөлімдер қайталанады. 8-9 сыныпта басым тақырыптар Қазақстан контентінде беріледі. Бұдан шығатын қорытынды Қазақстанның географиясын физикалық және экономикалық бағытта тереңдете оқыту оң нәтиже беретіндігін байқатады. Төменгі сыныптарда «географиялық заңдылықтар» мен «картографиялық білім» негізгі орында болу шарт. Қазіргі жағдайда оқушылар «география негіздерін, «географиялық заңдылықтар», «геология», «тектоника және картография» ретінде нашар біледі. Орта білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу кезінде мектеп мұғалімдерін даярлау мен қайта даярлауды ескерген жоқ. Танылған бағдарлама бойынша қысқа мерзімді курстар қажетті нәтиже бермеді.

Қолданыстағы жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасы бүгінгі заман талабына сай оқытудың өзекті мәселелелерін, яғни оқытудың заманауи тиімді әдістерін пайдалану керектігін көрсетіп отыр.


1.2.11 «Қазақстан тарихы» оқу пәні

Апробация қорытындысы бойынша критериалды бағалау жүйесін енгізу мен «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерін талдауда 2019 жылғы және 2020 жылғы «Күнделік» жүйесі арқылы жүргізілетін бағалау нәтижелері негізге алынды.

Республика көлеміндегі білім алушылардың 2019 жылғы 5,6,7-сыныптары мен 2020 жылғы 6,7,8-сыныптарының білім сапасы көрсеткіштері анықталды және салыстырмалы талдау жасалды.

2019 жылғы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5-сыныптағы білім алушылардың «Қазақстан тарихы» бойынша білім сапасының көрсеткіші 87-суретте берілген.

87-сурет. 2019 жылғы 5-сыныптағы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері




Талдау нәтижесіне сәйкес 2019 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5-сыныптағы білім алушылардың «Қазақстан тарихы» бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 80,1% қамтиды. Өңірлер бөлінісінде 5-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш Алматы қаласы, Қызылорда облысы – 90%, төмен көрсеткіш 71% Атырау, Ақтөбе облыстарынан байқалды.

Қызылорда, Алматы қаласы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қостанай, Батыс, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Ақмола облыстары 90 мен 80 % аралығын, ал Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарының көрсеткіші 76 % құрады.

Осы сынып білім алушыларының «Қазақстан тарихы» пәні бойынша келесі 2020 жылғы 6-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші 88-суретте көрсетілген.

88-сурет. 2020 жылғы 6- сыныптағы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері



Білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерін талдау нәтижесіне сәйкес 2020 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6-сыныптағы білім алушылардың «Қазақстан тарихы» бойынша білім сапасының орта көрсеткіші 74,8%-ды құрады.

Республика көлемінде 6-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш Нұр-Сұлтан қаласы 82%, төмен көрсеткіш 68% Атырау облысы мен Шымкент қаласынан байқалады.

Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы қаласы, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары бойынша 6-сыныптардың білім сапасы 82 пен 80 %-ды, ал Атырау, Ақтөбе, Түркістан, Жамбыл, Ақмола облыстары мен Шымкент қаласы 75 бен 68 % аралығын көрсетті.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша 2019 жылғы 5-сынып пен 2020 жылғы 6-сыныптағы білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдау 83-кестеде беріледі.

83-кесте. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 2019 жылғы 5-сынып пен 2020 жылғы 6-сыныптағы білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдау.

Өңірлер	2019 жылғы 5 сынып	2020 жылғы 6-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	82%	75%	-7%
Ақтөбе облысы	74%	69%	-5%
Алматы облысы	75%	74%	-1%
Алматы қаласы	90%	80%	-10%
Атырау облысы	68%	68%	0%
ШҚО	83%	80%	-3%
Жамбыл облысы	76%	71%	-5%
БҚО	83%	77%	-6%
Қостанай облысы	84%	70%	-14%
Қызылорда облысы	89%	79%	-10%
Нұр-Сұлтан қаласы	82%	82%	0%
Павлодар облысы	80%	80%	0%
СҚО	78%	78%	0%
Түркістан облысы	78%	71%	-7%
<i>Орташа көрсеткіш</i>	<i>80%</i>	<i>75%</i>	<i>-5%</i>


Кестеде көрсетілгендей 5-сынып білім алушыларының 2020 жылғы 6-сыныптағы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім сапасы көрсеткіші тек Нұр-Сұлтан қаласы мен Павлодар, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында сақталған.

Қалған өңірлерде білім сапасы төмендегенін көруге болады. Білім сапасы көрсеткіші Қостанай облысында -14%, Қызылорда облысында -10%, Алматы қаласында -10% төмендеген.

Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Алматы облыстары білім сапасы динамикасы 5%-дан 1% -ға дейін төмендегенін көруге болады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 5-сыныптардың 2020жылғы 6-сыныптағы білім сапасының динамикасы 3-суретте берілген.

89-сурет. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім сапасының динамикасы




Талдау нәтижесі көрсеткендей «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың 2019 жылы 5-сыныптағы білім сапасы динамикасы 2020 жылы 6-сыныпта Нұр-Сұлтан қаласы мен Павлодар, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарынан басқа өңірлерде 1% дан 14% дейін төмендегенін байқауға болады.

Сонымен Республиканың критериалды бағалау процесі «Күнделік» жүйесі арқылы жүзеге асырылатын 14 өңірінің 10-ында пән бойынша 2019-2020 оқу жылында 6-сынып білім алушыларының білім сапасының орташа деңгейі 5%-ға төмендеуі анықталды.

2019 жылғы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6-сыныптағы білім алушылардың «Қазақстан тарихы» бойынша білім сапасының көрсеткіші 90-суретте берілген.

90-сурет. «Қазақстан тарихы» бойынша білім сапасының көрсеткіші




Білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерін талдау нәтижесіне сәйкес 2019 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6-сыныптағы білім алушылардың «Қазақстан тарихы» бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 77%-ды қамтығанын көруге болады. Өңірлер бөлінісінде 6-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш Қызылорда облысында – 86%, Алматы қаласында 84%, төмен көрсеткіш 68% Атырау облысынан байқалады.

Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары, Қызылорда, Қостанай, Батыс Қазақстан, Түркістан облыстары 86 мен 80 % аралығын, ал Атырау және Ақтөбе, Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының көрсеткіші 79% мен 74 % құрады.

Осы сынып білім алушыларының «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 2020 жылғы 7-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші 91-суретте берілген.

91-сурет. 2020 жылғы 7- сыныптағы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері



Талдау нәтижесі бойынша 2020 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7-сыныптағы білім алушылардың «Қазақстан тарихы» бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 73,5%-ды құраған.

Республика көлемінде 7-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш Нұр-Сұлтан қаласы 81%, төмен көрсеткіш 68% Шымкент қаласынан байқалады.

Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Батыс Қазақстан, Ақмола, Қызылорда, Алматы, Жамбыл, Қостанай, Ақтөбе, Түркістан, облыстары мен бойынша білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші 79 мен 69 % -ды құрады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 6-сыныбы пен 2020 жылдағы 7-сынып білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштеріне жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі 84-кестеде көрсетілген.

84-кесте. 2019 жылғы 6-сыныбы пен 2020 жылдағы 7-сынып білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштеріне жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі

Өңірлер	2019 жылғы 6-сынып	2020 жылғы 7-сынып	Динамика
Ақмола облысы	77%	75%	-2%
Ақтөбе облысы	70%	69%	-1%
Алматы облысы	74%	73%	-1%
Алматы қаласы	84%	79%	-5%
Атырау облысы	68%	66%	-2%
ШҚО	79%	79%	0%
Жамбыл облысы	74%	70%	-4%
БҚО	80%	77%	-3%
Қостанай облысы	83%	70%	-13%
Қызылорда облысы	86%	75%	-11%
Нұр-Сұлтан қаласы	80%	81%	-1%
Павлодар облысы	77%	77%	0%
СҚО	75%	75%	0%
Түркістан облысы	80%	69%	-11%
<i>Орташа көрсеткіш</i>	82%	76%	-6%


Кестеде көрсетілгендей 6-сынып білім алушылардың «Қазақстан тарихы» пәні бойынша келесі 7-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші Солтүстік, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарында 6-сыныптағы білім сапасы сақталғаны анықталды.

Пән бойынша 2020 жылғы 7-сыныптағы білім сапасы көрсеткіші Қостанай облысында-13%, Қызылорда облысында- 11%, Түркістан облысында-11%-ға төмендегенін көруге болады.

Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан облыстарында білім сапасы динамикасының 5% бен 1% аралығында төмендегені көрсетілген.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 6-сыныптардың 2020 жылғы 7-сыныптағы білім сапасының динамикасы 92-суретте берілген.

92-сурет. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім сапасының динамикасы



«Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың 2019 жылы 6-сыныптағы білім сапасы динамикасы 2020 жылы 7-сыныпта Солтүстік, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарынан басқа өңірлерде 1% дан 13%-ға дейін төмендегені көрсетілген.

Сонымен Республиканың критериалды бағалау процесі «Күнделік» электронды журналы арқылы жүзеге асырылатын 14 өңірінің 11-інде пән бойынша 2019-2020 оқу жылында 7-сынып білім алушыларының білім сапасының орташа деңгейінің - 4% төмендеуі анықталды.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 7-сыныптағы білім алушылардың білім сапасының көрсеткішіне жүргізілген талдау 93-суретте берілген.

93-сурет. 2019 жылғы 7-сыныптағы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасының көрсеткішіне жүргізілген талдау



Білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерін талдау нәтижесіне сәйкес 2019 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7-сыныптағы білім алушылардың «Қазақстан тарихы» бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 76% қамтығаны көрсетілген.

Өңірлер бөлінісінде 7-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш Қостанай облысы – 87%, төмен көрсеткіш Атырау облысынан- 63% байқалады.

Қостанай, Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстары 87 мен 81 % аралығын, Шығыс, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Жамбыл, Ақмола, Алматы, Ақтөбе және Атырау облыстарының көрсеткіші 79 % бен 63 % құрады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша 2019 жылғы 7-сынып білім алушыларының 2020 жылғы 8-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші 94-суретте көрсетілген.

94-сурет. 2020 жылғы 8-сыныптағы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері



2020 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8-сыныптағы білім алушылардың «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 73%-ды құрады.

Республика көлемінде 8-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш Нұр-Сұлтан қаласы – 82%, төмен көрсеткішті Атырау облысы – 66% көрсетті.

Алматы қаласы, Ақмола, Алматы, Батыс, Шығыс, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Павлодар облыстары бойынша білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші 82 мен 72 % аралығын құрады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 7-сынып пен 2020 жылғы 8-сынып білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштеріне жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі 84-кестеде көрсетілген.

84-кесте. 2019 жылғы 7-сынып пен 2020 жылғы 8-сынып білім алушыларының «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштері

Өңірлер	2019 жылғы 7-сынып	2020 жылғы 8-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	78%	77%	-1%
Ақтөбе облысы	67%	68%	+1%
Алматы облысы	72%	71%	-1%
Алматы қаласы	79%	74%	-5%

Атырау облысы	63%	66%	+3%
ШҚО	79%	76%	-3%
Жамбыл облысы	73%	70%	-3%
БҚО	81%	76%	-5%
Қостанай облысы	87%	69%	-18%
Қызылорда облысы	84%	75%	-9%
Нұр-Сұлтан қаласы	80%	82%	-2%
Павлодар облысы	76%	78%	+2%
СҚО	74%	72%	-2%
Түркістан облысы	75%	68%	-7%
<i>Орташа көрсеткіш</i>	76%	73%	-3%

Кестедегі салыстырмалы талдауға сәйкес, «Қазақстан» пәні бойынша 7-сынып білім алушылардың келесі 2020 жылғы 8-сыныптағы білім сапасы көрсеткіші Атырау облысында 3%, Ақтөбе облысында 1%, Павлодар облысында 2%-ға артқаны байқалады.

Пән бойынша 2020жылғы 8-сыныптағы білім сапасы көрсеткіші Қостанай облысында 18%, Қызылорда облысында 9%, Түркістан облысында 7%-ға төмендегенін көруге болады.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы қаласы, Батыс Қазақстан, Шығыс, Батыс, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл облыстарында 5% пен 1% аралығында білім сапасы динамикасының төмендегені анықталды.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 7-сыныптардың 2020 жылғы 8-сыныптағы білім сапасының динамикасы 95-суретте берілген.

95-сурет. 2019 жылғы 7-сыныптардың 2020 жылғы 8-сыныптағы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім сапасының динамикасы



Талдау нәтижесіне сәйкес «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың 2019 жылғы 7-сыныптағы білім сапасы динамикасы 2020 жылы 8-сыныпта Ақтөбе, Павлодар және Атырау облыстарынан басқа өңірлерде 1% дан 18%-ға дейін төмендегені анықталды.

Сонымен Республиканың критериалды бағалау процесі «Күнделік» электронды журналы арқылы жүзеге асырылатын 14 өңірінің 8-інде пән бойынша 2019-2020 оқу жылында 8-сынып білім алушыларының білім сапасының орташа көрсеткішінің – 5% төмендеуі анықталды.

Сонымен «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен өңірлер бөлінісінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2018-2019 оқу жылындағы 5,6,7-сыныбындағы білім алушыларының 2019-2020 оқу жылындағы 6,7,8-сыныптағы білім сапасының динамикасы 85-кестеде көрсетілген.

85-кесте. 2018-2019 оқу жылындағы 5,6,7-сыныбындағы білім алушыларының 2019-2020 оқу жылындағы 6,7,8-сыныптағы білім сапасының динамикасы

Өңірлер	5/6-сыныптар	6/7-сыныптар	7/8-сыныптар
Ақмола облысы	-7%	-2%	-1%
Ақтөбе облысы	-5%	-1%	+1%
Алматы облысы	-1%	-1%	-1%
Алматы қаласы	-10%	-5%	-4%
Атырау облысы	0%	-2%	+3%
ШҚО	-3%	0%	-3%
Жамбыл облысы	-5%	-6%	-3%
БҚО	-6%	-3%	-5%
Қостанай облысы	-14%	-13%	-18%
Қызылорда облысы	-10%	-11%	-10%
Нұр-Сұлтан қаласы	0%	+1%	+2%
Павлодар облысы	0%	0%	+2%
СҚО	0%	0%	-2%
Түркістан облысы	-7%	-1%	-7%

2019 жылғы 5,6,7-сынып білім алушыларының 2020 жылдағы 6,7,8-сыныптағы білім сапасына жүргізілген салыстырмалы талдауда өңірлер бөлінісінде пән бойынша білім сапасының артқан көрсеткіштері де анықталды:

Нұрсұлтан қаласында 6-7-сыныптарда 1%,-ға 8 сыныпта 2%,-ға;

Ақтөбе облысында 7-8-сыныпта 1%,-ға,

Атырау облысында 8-сыныпта 3%,-ға

Павлодар облысында 7-8 сыныптарда 2%,-ға артқан.

Республиканың 3 өңірінде: Атырау облыстарында 6-сыныпта, Павлодар облысында 7-сыныпта, Солтүстік Қазақстан облысында 7-сыныпта пән бойынша 2019 жылғы білім сапасы сақталған.

Сонымен қатар, «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 2020жылғы 6,7,8-сыныптарда білім сапасы төмендеген өңірлер анықталды:

Қостанай облысы бойынша 6-сыныпта (-14%), 7-сыныпта (-13%), 8-сыныпта (-18%);

Қызылорда облысында 6-сыныпта (-10 %), 7-сыныпта (-11%), 8-сыныпта (-10%);

Жамбыл облысы бойынша 6-сыныпта (-5%), 7-сыныпта (-6%), 8-сыныпта (-3%);

Батыс Қазақстан облысында 6-сыныпта (-6%), 7-сыныпта(-3%), 8-сыныпта (-5%);

Алматы қаласында 6-сыныпта (-10%), 7-сыныпта(-5%), 8-сыныпта (-4%);

Түркістан облысында 6-сыныпта (-7%), 7-сыныпта(-1%), 8-сыныпта (-7%);

Ақмола облысында облысында 6-сыныпта (-3%), 8-сыныпта (-3%);

Шығыс Қазақстан облысы бойынша 6-сыныпта (-3%), 7-сыныпта(-5%);

Алматы облысы бойынша 6,7,8-сыныптарда (-1%) төмен көрсеткіш көрсетті.

Өңірлер бойынша 2019 жылғы білім сапасының 5,6,7-сыныптарындағы көрсеткіштеріне жүргізілген талдау 86-кестеде көрсетілген.

86-кесте. 2019 жылғы білім сапасының 5,6,7-сыныптарындағы көрсеткіштеріне жүргізілген талдау

Өңірлер	2019 жылғы 5-сынып	2019 жылғы 6-сынып	2019 жылғы 7-сынып
Ақмола облысы	82%	77%	78%
Ақтөбе облысы	74%	70%	67%
Алматы облысы	75%	74%	72%
Алматы қаласы	90%	84%	80%
Атырау облысы	68%	68%	63%
ШҚО	83%	79%	79%
Жамбыл облысы	76%	74%	73%
БҚО	83%	80%	81%
Қостанай облысы	84%	83%	87%
Қызылорда облысы	89%	86%	84%
Нұр-Сұлтан қаласы	82%	80%	80%
Павлодар облысы	80%	77%	76%
СҚО	78%	75%	74%
Түркістан облысы	78%	80%	75%

2019 жылғы білім сапасының 5,6,7-сыныптарындағы көрсеткіштеріне жүргізілген талдау нәтижесі негізінде білім сапасының жоғары көрсеткіші Алматы қаласы (90% мен 80%), Қызылорда облысы (89% мен 84%), Жамбыл облысы (76% мен 73%), Қостанай облысы (84% мен 83%), Нұр-Сұлтан қаласы (82% мен 80%) бойынша анықталды. Ал білім сапасының төмен көрсеткіші Ақтөбе облысы (74% мен 67%), Атырау облысы (68 % пен 63%), Түркістан облысынан (78% пен 75%) көрінеді.

Өңірлер бойынша 2020 жылғы білім сапасының 6,7,8-сыныптарындағы көрсеткіштеріне жүргізілген талдау 87-кестеде көрсетілген.

87-кесте. 2020 жылғы білім сапасының 6,7,8-сыныптарындағы көрсеткіштеріне жүргізілген талдау

Өңірлер	2020 жылғы 6-сынып	2020 жылғы 7-сынып	2020 жылғы 8-сынып
Ақмола облысы	75%	75%	77%
Ақтөбе облысы	69%	69%	68%
Алматы облысы	74%	73%	71%
Алматы қаласы	80%	79%	74%
Атырау облысы	68%	66%	66%
ШҚО	80%	79%	76%
Жамбыл облысы	71%	70%	70%
БҚО	77%	77%	76%
Қостанай облысы	70%	70%	69%
Қызылорда облысы	79%	75%	75%
Нұр-Сұлтан қаласы	82%	81%	82%
Павлодар облысы	80%	77%	78%
СҚО	78%	75%	72%
Түркістан облысы	71%	69%	68%

Кестеде көрсетілгендей 2019 жылғы білім сапасының 5,6,7-сыныптарындағы көрсеткіштеріне жүргізілген талдау нәтижесі негізінде білім сапасының жоғары көрсеткіші Қостанай облысы (84% мен 87%), Алматы қаласы (90% мен 80%), Нұр-Сұлтан қаласы (82% мен 80%), Батыс Қазақстан облысы (83% мен 81%), Қызылорда облысы (89% мен 84%), Шығыс Қазақстан (83% мен 79%) бойынша анықталды. Ал білім сапасының төмен көрсеткіші Түркістан облысы (78% мен 75%), Солтүстік Қазақстан облысы (78% мен 75%), Атырау облысы (68 % пен 63%) көрінеді.

Сонымен қорыта келгенде, Республика бойынша «Қазақстан тарихы» пәнінен 2019 жылғы 5,6,7-сынып білім алушыларының 2020 жылдағы 6,7,8-сыныптағы білім сапасына жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі 2019 жылмен салыстырғанда пән бойынша білім сапасы төмендеген өңірлер санының басымдығы анықталды.

Сонымен қатар, өңірлер бөлінісінде Түркістан, Ақтөбе облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласында пән бойынша білім сапасының артқан көрсеткіштері де анықталды. Бірақ 2019 жылғы және 2020 жылғы білім сапасына жеке-жеке талдау нәтижесі көрсеткендей салыстырмалы талдауда жақсы нәтиже көрсеткен өңірлердің жалпы өңірлер бөлінісіндегі білім сапасы төмен облыстар да анықталды.

Атап айтқанда, 2019 жылғы 5,6,7-сынып білім алушыларының 2020 жылдағы 6,7,8-сыныптағы білім сапасына жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесінде Нұр-Сұлтан қаласында 6-7-сыныптарда білім сапасы 1%, 8-сыныпта 2%-ға артқанмен, 2019, 2020 жылдардағы өңірлер бөлінісіндегі білім сапасы бойынша төмен көрсеткіш (- 66%) көрсеткен. Ал Алматы қаласында

сыныптар бойынша салыстырмалы талдауда білім сапасының 6-сыныпта (-10%), 7-сыныпта (-5%), 8-сыныпта (-6%) —ға төмен көрсеткіші анықталды, ал 2019, 2020 жылдардағы өңірлер бөлінісіндегі білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш 82%-ды көрсетті.


1.2.12 «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні

Апробация қорытындысы бойынша критериалды бағалау жүйесін енгізу мен «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінен білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерін талдауда 2019 жылғы және 2020 жылғы «Күнделік» жүйесі арқылы жүргізілетін бағалау нәтижелері негізге алынды.

Республика көлеміндегі білім алушылардың 2019 жылғы 5,6,7-сыныптары мен 2020 жылғы 6,7,8-сыныптарының білім сапасы көрсеткіштері анықталды және салыстырмалы талдау жасалды.

2019 жылғы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5-сыныптағы білім алушылардың «Дүниежүзі тарихы» бойынша білім сапасының көрсеткіші 96-суретте берілген.

96-сурет. 2019 жылғы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5-сыныптағы білім алушылардың «Дүниежүзі тарихы» бойынша білім сапасының көрсеткіші




Талдау нәтижесіне сәйкес 2019 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5-сыныптағы білім алушылардың «Дүниежүзі тарихы» бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 83% қамтиды. Өңірлер бөлінісінде 5-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш Алматы қаласы, Қызылорда облысы – 92% , төмен көрсеткіш 73% Атырау, Түркістан облыстарынан байқалды.

Жамбыл, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облысы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Ақмола облыстары 90 мен

80 % аралығын, ал Алматы және Ақтөбе облыстарының көрсеткіші 77 % құрады.

Осы сынып білім алушыларының «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша келесі 2020жылғы 6-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші 97-суретте көрсетілген.

97-сурет. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша келесі 2020жылғы 6-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші



Білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерін талдау нәтижесіне сәйкес 2020 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6-сыныптағы білім алушылардың «Дүниежүзі тарихы» бойынша білім сапасының орта көрсеткіші 77%-ды құрады.

Республика көлемінде 6-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш Алматы қаласы 84%, төмен көрсеткіш 70% Атырау, Қостанай облыстарынан байқалады.

Нұр-Сұлтан қаласы, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары бойынша 6-сыныптардың білім сапасы 83 пен 80 %-ды, ал Ақмола, Алматы, Жамбыл, Түркістан, Ақтөбе облыстары мен Шымкент қаласы 78 бен 71 % аралығын көрсетті.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша 2019 жылғы 5-сынып пен 2020 жылғы 6-сыныптағы білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдау 88-кестеде беріледі.

88-кесте. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша 2019 жылғы 5-сынып пен 2020 жылғы 6-сыныптағы білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдау

Өңірлер	2019 жылғы 5 сынып	2020 жылғы 6-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	81%	78%	-3%
Ақтөбе облысы	77%	74%	-3%
Алматы облысы	77%	75%	-2%
Алматы қаласы	92%	84%	-7%
Атырау облысы	73%	70%	-3%
ШҚО	85%	80%	-5%
Жамбыл облысы	90%	75%	-15%
БҚО	87%	80%	-7%
Қостанай облысы	86%	70%	-17%
Қызылорда облысы	91%	80%	-10%
Нұр-Сұлтан қаласы	86%	83%	-3%
Павлодар облысы	83%	80%	-3%
СҚО	87%	82%	-5%
Түркістан облысы	73%	74%	2%
<i>Орташа көрсеткіш</i>	83%	77%	-6%


Кестеде көрсетілгендей 5-сынып білім алушыларының 2020 жылғы 6-сыныптағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім сапасы көрсеткіші тек Түркістан облысында 2% -ға артқан.

Білім сапасы көрсеткіші Қостанай облысында 17%, Жамбыл облысында 15 %, Қызылорда облысында 10%, Алматы қаласында 7%-ға төмендегені байқалады.

Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Павлодар, Алматы облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласында білім сапасы динамикасы 5%-дан 2% -ға дейін төмендегенін көруге болады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 5-сыныптардың 2020 жылғы 6-сыныптағы білім сапасының динамикасы 98-суретте берілген.

98-сурет. 2019 жылғы 5-сыныптардың 2020 жылғы 6-сыныптағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім сапасының динамикасы




Талдау нәтижесі көрсеткендей «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім алушылардың 2019 жылы 5-сыныптағы білім сапасы динамикасы 2020 жылы 6-сыныпта Түркістан облысынан басқа өңірлерде 2% дан 17% дейін төмендегенін байқауға болады.

Сонымен Республиканың критериялды бағалау процесі «Күнделік» жүйесі арқылы жүзеге асырылатын 14 өңірінің 13-інде пән бойынша 2019-2020 оқу жылында 6-сынып білім алушыларының білім сапасының орташа деңгейі 6%-ға төмендеуі анықталды.

2019 жылғы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6-сыныптағы білім алушылардың «Дүниежүзі тарихы» бойынша білім сапасының көрсеткіші 99-суретте берілген.

99-сурет. 2019 жылғы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6-сыныптағы білім алушылардың «Дүниежүзі тарихы» бойынша білім сапасының көрсеткіші



Білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерін талдау нәтижесіне сәйкес 2019 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6-сыныптағы білім алушылардың «Дүниежүзі тарихы» бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 82%-ды қамтығанын көруге болады. Өңірлер бөлінісінде 6-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш Жамбыл, Қызылорда облыстарында – 88% , төмен көрсеткіш 71% Атырау, Түркістан облыстарынан байқалады.

Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Ақмола облыстары 87 мен 80 % аралығын, ал Алматы және Ақтөбе облыстарының көрсеткіші 76 % мен 73 % құрады.

Осы сынып білім алушыларының «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша 2020 жылғы 7-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші 100-суретте берілген.

100-сурет. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша 2020 жылғы 7-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші



Талдау нәтижесі бойынша 2020 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7-сыныптағы білім алушылардың «Дүниежүзі тарихы» бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 76%-ды құраған.

Республика көлемінде 7-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш Алматы қаласы 82%, төмен көрсеткіш 68% Атырау облысынан байқалады.

Нұр-Сұлтан қаласы, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Батыс Қазақстан, Ақмола, Қызылорда, Алматы, Жамбыл, Ақтөбе, Түркістан, облыстары мен Шымкент қаласы бойынша білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші 81 мен 71 % -ды құрады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 6-сынып пен 2020 жылдағы 7-сынып білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштеріне жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі 89-кестеде көрсетілген.

89-кесте. 2019 жылғы 6-сынып пен 2020 жылдағы 7-сынып білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштеріне жүргізілген салыстырмалы талдау

Өңірлер	2019 жылғы 6-сынып	2020 жылғы 7-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	80%	78%	-3%
Ақтөбе облысы	73%	73%	0%
Алматы облысы	76%	75%	-2%
Алматы қаласы	87%	82%	-5%

Атырау облысы	71%	68%	-2%
ШҚО	82%	79%	-3%
Жамбыл облысы	88%	74%	-15%
БҚО	84%	78%	-6%
Қостанай облысы	86%	70%	-16%
Қызылорда облысы	88%	77%	-11%
Нұр-Сұлтан қаласы	86%	81%	-5%
Павлодар облысы	82%	80%	-2%
СҚО	85%	81%	-4%
Түркістан облысы	71%	73%	2%
<i>Орташа көрсеткіш</i>	82%	76%	-6%


Кестеде көрсетілгендей 6-сынып білім алушылардың «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша келесі 7-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші тек Түркістан облысында 2% -ға артқанын, Ақтөбе облысында 6-сыныптағы білім сапасы сақталғаны анықталды.

Пән бойынша 2020 жылғы 7-сыныптағы білім сапасы көрсеткіші Қостанай облысында-16%, Жамбыл облысында-15 %, Қызылорда облысында-11%, Батыс Қазақстан облысында-6%-ға төмендегенін көруге болады.

Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Алматы, Атырау, Павлодар, Түркістан облыстарында білім сапасы динамикасының 5% бен 2% аралығында төмендегені көрсетілген.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 6-сыныптардың 2020 жылғы 7-сыныптағы білім сапасының динамикасы 101-суретте берілген.

101-сурет. 2019 жылғы 6-сыныптардың 2020 жылғы 7-сыныптағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім сапасының динамикасы



«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім алушылардың 2019 жылы 6-сыныптағы білім сапасы динамикасы 2020 жылы 7-сыныпта Түркістан облысы мен Ақтөбе облысынан басқа өңірлерде 2% дан 16%-ға дейін төмендегені көрсетілген.

Сонымен Республиканың критериалды бағалау процесі «Күнделік» электронды журналы арқылы жүзеге асырылатын 14 өңірінің 12-інде пән бойынша 2019-2020 оқу жылында 7-сыныбы білім алушыларының білім сапасының орташа деңгейінің - 6% төмендеуі анықталды.

«Дүниежүзі тарихы» бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 7-сыныптағы білім алушылардың білім сапасының көрсеткішіне жүргізілген талдау 102-суретте берілген.

102-сурет. 2019 жылғы 7-сыныптағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасының көрсеткішіне жүргізілген талдау



Білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерін талдау нәтижесіне сәйкес 2019 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7-сыныптағы білім алушылардың «Дүниежүзі тарихы» бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 79 % қамтығаны көрсетілген.


Өңірлер бөлінісінде 7-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш Қостанай облысы – 89%, төмен көрсеткіш Түркістан облысынан-66% байқалады.

Жамбыл, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстары, Нұр-Сұлтан қаласы, Батыс Қазақстан облысы, Алматы қаласы, Павлодар облыстары 87 мен

81 % аралығын, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Алматы, Ақтөбе және Атырау облыстарының көрсеткіші 79 % бен 67 % құрады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша 2019 жылғы 7-сынып білім алушыларының 2020 жылғы 8-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші 103-суретте көрсетілген.

103-сурет. 2019 жылғы 7-сынып «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім алушыларының 2020 жылғы 8-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші



2020 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8-сыныптағы білім алушылардың «Дүниежүзі тарихы» бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 74%-ды құрады.

Республика көлемінде 8-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш Нұр-Сұлтан қаласы 84%, төмен көрсеткішті Атырау облысы - 67%-ды көрсетті.

Павлодар, Батыс Қазақстан облысы, Алматы қаласы, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қызылорда, Алматы, Жамбыл, Ақтөбе, Түркістан, облыстары мен Шымкент қаласы бойынша білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші 81 мен 71 % аралығын құрады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 7-сынып пен 2020 жылғы 8-сынып білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштеріне жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі 90-кестеде көрсетілген.

90-кесте. 2019 жылғы 7-сынып пен 2020 жылғы 8-сынып білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштеріне жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі

Өңірлер	2019 жылғы 7-сынып	2020 жылғы 8-сынып	Білім динамикасы
Ақмола облысы	78%	78%	0%
Ақтөбе облысы	68%	71%	3%
Алматы облысы	74%	73%	-1%
Алматы қаласы	82%	78%	-4%
Атырау облысы	67%	67%	0%
ШҚО	79%	76%	-3%
Жамбыл облысы	87%	72%	-15%
БҚО	83%	79%	-4%
Қостанай облысы	89%	69%	-20%
Қызылорда облысы	85%	75%	-10%
Нұр-Сұлтан қаласы	83%	84%	1%
Павлодар облысы	81%	80%	-1%
СҚО	84%	75%	-9%
Түркістан облысы	66%	70%	4%
<i>Орташа көрсеткіш</i>	<i>79%</i>	<i>74%</i>	<i>-5%</i>


Кестедегі салыстырмалы талдауға сәйкес, «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша 7-сынып білім алушылардың келесі 2020 жылғы 8-сыныптағы білім сапасы көрсеткіші Түркістан облысында 4%, Ақтөбе облысында 3%, Нұр-Сұлтан қаласында 1%-ға артқанын, ал Ақмола және Атырау облыстарында 7-сыныптағы білім сапасы сақталғаны байқалады.

Пән бойынша 2020жылғы 8-сыныптағы білім сапасы көрсеткіші Қостанай облысында 20%, Жамбыл облысында 15 %, Қызылорда облысында 10%, Солтүстік Қазақстан облысында 9%-ға төмендегенін көруге болады.

Сонымен қатар, Алматы қаласы, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Алматы облыстарында 4% пен 1% аралығында білім сапасы динамикасының төмендегені анықталды.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 7-сыныптардың 2020 жылғы 8-сыныптағы білім сапасының динамикасы 104-суретте берілген.

104-сурет. 2019 жылғы 7-сыныптардың 2020 жылғы 8-сыныптағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім сапасының динамикасы



Талдау нәтижесіне сәйкес «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім алушылардың 2019 жылғы 7-сыныптағы білім сапасы динамикасы 2020 жылы 8-сыныпта Нұр-Сұлтан қаласы, Түркістан, Ақтөбе, Ақмола және Атырау облыстарынан басқа өңірлерде 1% дан 20%-ға дейін төмендегені анықталды.

Сонымен Республиканың критериалды бағалау процесі «Күнделік» электронды журналы арқылы жүзеге асырылатын 14 өңірінің 9-ында пән бойынша 2019-2020 оқу жылында 8-сынып білім алушыларының білім сапасының орташа көрсеткішінің - 5% төмендеуі анықталды.

Сонымен «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінен өңірлер бөлінісінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2018-2019 оқу жылындағы 5,6,7-сынып білім алушыларының 2019-2020 оқу жылындағы 6,7,8-сыныптағы білім сапасының динамикасы 91-кестеде көрсетілген.

97-кесте. 2018-2019 оқу жылындағы 5,6,7-сынып білім алушыларының 2019-2020 оқу жылындағы 6,7,8-сыныптағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім сапасының динамикасы

Өңірлер	5/6-сыныптар	6/7-сыныптар	7/8-сыныптар
Ақмола облысы	-3%	-3%	0%
Ақтөбе облысы	-3%	0%	3%
Алматы облысы	-2%	-2%	-1%
Алматы қаласы	-7%	-5%	-4%
Атырау облысы	-3%	-2%	0%
ШҚО	-5%	-3%	-3%
Жамбыл облысы	-15%	-15%	-15%
БҚО	-7%	-6%	-4%

Қостанай облысы	-17%	-16%	-20%
Қызылорда облысы	-10%	-11%	-10%
Нұр-Сұлтан қаласы	-3%	-5%	1%
Павлодар облысы	-3%	-2%	-1%
СҚО	-5%	-4%	-9%
Түркістан облысы	2%	2%	4%

2019 жылғы 5,6,7-сынып білім алушыларының 2020 жылдағы 6,7,8-сыныптағы білім сапасына жүргізілген салыстырмалы талдауда өңірлер бөлінісінде пән бойынша білім сапасының артқан көрсеткіштері де анықталды:

Түркістан облысында 6-7-сыныптарда 2%, 8-сыныпта 4%-ға;

Ақтөбе облысында 8-сыныпта 3%-ға,

Нұр-Сұлтан қаласында 8-сыныпта 1%-ға артқан.

Республиканың 3 өңірінде: Ақмола, Атырау облыстарында 8-сыныпта, Ақтөбе облысында 7-сыныпта пән бойынша 2019 жылғы білім сапасы сақталған.

Сонымен қатар, «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша 2020 жылғы 6,7,8-сыныптарда білім сапасы төмендеген өңірлер анықталды:

Қостанай облысы бойынша 6-сыныпта (-17%), 7-сыныпта (-16%), 8-сыныпта (-20%);

Жамбыл облысы бойынша 6,7,8-сыныптарда (-15%);

Қызылорда облысында 6,8-сыныптарда (-10 %), 7-сыныпта (-11%);

Батыс Қазақстан облысында 6-сыныпта (-7%), 7-сыныпта(-6%), 8-сыныпта (-4%);

Алматы қаласында 6-сыныпта (-7%), 7-сыныпта(-5%), 8-сыныпта (-4%);

Солтүстік Қазақстан облысында 6-сыныпта (-5%), 7-сыныпта(-4%), 8-сыныпта (-9%);

Шығыс Қазақстан облысында 6-сыныпта (-5%), 7-сыныпта(-3%), 8-сыныпта (-3%);

Нұр-Сұлтан қаласында 6-сыныпта (-3%), 7-сыныпта(-5%);

Алматы, Ақмола, Атырау, Павлодар облыстарында 6,7-сыныптарда (- 3 пен -1% аралығында) төмен көрсеткіш көрсетті.

Өңірлер бойынша 2019 жылғы білім сапасының 5,6,7-сыныптарындағы көрсеткіштеріне жүргізілген талдау 98-кестеде көрсетілген.

98-кесте. 2019 жылғы 5,6,7-сыныптарындағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштеріне жүргізілген талдау

Өңірлер	2019 жылғы 5-сынып	2019 жылғы 6-сынып	2019 жылғы 7-сынып
Ақмола облысы	81%	80%	78%
Ақтөбе облысы	77%	73%	68%
Алматы облысы	77%	76%	74%
Алматы қаласы	92%	87%	82%
Атырау облысы	73%	71%	67%

ШҚО	85%	82%	79%
Жамбыл облысы	90%	88%	87%
БҚО	87%	84%	83%
Қостанай облысы	86%	86%	89%
Қызылорда облысы	91%	88%	85%
Нұр-Сұлтан қаласы	86%	86%	83%
Павлодар облысы	83%	82%	81%
СҚО	87%	85%	84%
Түркістан облысы	73%	71%	66%

2019 жылғы білім сапасының 5,6,7-сыныптарындағы көрсеткіштеріне жүргізілген талдау нәтижесі негізінде білім сапасының жоғары көрсеткіші Алматы қаласы (92% мен 82%), Қызылорда облысы (91% мен 85%), Жамбыл облысы (90% мен 87%), Қостанай облысы (89% мен 86%), Нұр-Сұлтан қаласы (86% мен 83%) бойынша анықталды. Ал білім сапасының төмен көрсеткіші Ақтөбе облысы (77% мен 68%), Атырау облысы (73 % пен 67%), Түркістан облысынан (73 % пен 66%) көрінеді.

Өңірлер бойынша 2020 жылғы білім сапасының 6,7,8-сыныптарындағы көрсеткіштеріне жүргізілген талдау 99-кестеде көрсетілген

99-кесте. 2020 жылғы 6,7,8-сыныптарындағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіштеріне жүргізілген талдау

Өңірлер	2020 жылғы 6-сынып	2020 жылғы 7-сынып	2020 жылғы 8-сынып
Ақмола облысы	78%	78%	78%
Ақтөбе облысы	74%	73%	71%
Алматы облысы	75%	75%	73%
Алматы қаласы	84%	82%	78%
Атырау облысы	70%	68%	67%
ШҚО	80%	79%	76%
Жамбыл облысы	75%	74%	72%
БҚО	80%	78%	79%
Қостанай облысы	70%	70%	69%
Қызылорда облысы	80%	77%	75%
Нұр-Сұлтан қаласы	83%	81%	84%
Павлодар облысы	80%	80%	80%
СҚО	82%	81%	75%
Түркістан облысы	74%	73%	70%

Кестеде көрсетілгендей 2019 жылғы білім сапасының 5,6,7-сыныптарындағы көрсеткіштеріне жүргізілген талдау нәтижесі негізінде білім сапасының жоғары көрсеткіші Нұр-Сұлтан қаласы (84% мен 83%), Алматы қаласы (84% мен 78%), Солтүстік Қазақстан облысы (82% мен 75%), Павлодар облысы (80%), Батыс Қазақстан облысы (80% мен 79%), Шығыс Қазақстан (80% мен 76%) бойынша анықталды. Ал білім сапасының төмен көрсеткіші

Түркістан облысы (74 % пен 70 %), Қостанай облысы (70% мен 69%), Атырау облысы (70 % пен 67%) көрінеді.

Сонымен қорыта келгенде, Республика бойынша «Дүниежүзі тарихы» пәнінен 2019 жылғы 5,6,7-сынып білім алушыларының 2020 жылдағы 6,7,8-сыныптағы білім сапасына жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесі 2019 жылмен салыстырғанда пән бойынша білім сапасы төмендеген өңірлер санының басымдығы анықталды (4-кесте).

Сонымен қатар, өңірлер бөлінісінде Түркістан, Ақтөбе облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласында пән бойынша білім сапасының артқан көрсеткіштері де анықталды. Бірақ 2019 жылғы және 2020 жылғы білім сапасына жеке-жеке талдау нәтижесі көрсеткендей (5,6-кестелер) салыстырмалы талдауда жақсы нәтиже көрсеткен өңірлердің жалпы өңірлер бөлінісіндегі білім сапасы төмен облыстар да анықталды.

Атап айтқанда, 2019 жылғы 5,6,7-сынып білім алушыларының 2020 жылдағы 6,7,8-сыныптағы білім сапасына жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесінде Түркістан облысында 6-7-сыныптарда білім сапасы 2%, 8-сыныпта 4%-ға артқанмен, 2019, 2020 жылдардағы өңірлер бөлінісіндегі білім сапасы бойынша төмен көрсеткіш (- 66%) көрсеткен. Ал Алматы қаласында сыныптар бойынша салыстырмалы талдауда білім сапасының 6-сыныпта (-7%), 7-сыныпта(-5%), 8-сыныпта (-4%) –ға төмен көрсеткіші анықталды, ал 2019,2020 жылдардағы өңірлер бөлінісіндегі білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш 92%-ды көрсетті.

1.2.13 «Құқық негіздері» оқу пәні

«Құқық негіздері» оқу пәнінен апробация қорытындысы бойынша критериалды бағалау жүйесін енгізу мен білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерін талдауда 2019 және 2020 жылғы «Күнделік» электронды журналы арқылы жүргізілетін бағалау нәтижелері негізге алынды.

Талдау негізінде республика көлеміндегі 2019 және 2020 жылғы 9, 10-сынып білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштері анықталып, салыстырмалы талдау жасалды.

2019 жылғы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9-сыныптағы білім алушылардың «Құқық негіздері» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 105-суретте берілген

105-сурет. 2019 жылғы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9-сыныптағы білім алушылардың «Құқық негіздері» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші




Талдау нәтижесіне сәйкес 2019 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9-сыныптағы білім алушылардың «Құқық негіздері» пәні бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 90% құрады. Өңірлер бөлінісінде 9-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішті Павлодар облысы – 97%, төмен көрсеткіші Түркістан облысы (73%) көрсетті.

Алматы қаласы бойынша – 95%, Жамбыл облысы – 94%, Ақмола облысы – 93%, Шығыс Қазақстан мен Қызылорда облыстары бойынша – 92%, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша – 91% білім сапасы анықталды. Сонымен қатар, білім сапасы Қостанай облысы бойынша – 89%, Алматы облысы бойынша – 87%, Ақтөбе облысы бойынша – 84%, Атырау облысы бойынша 80 % -ды құрағанын көруге болады.

2019 жылғы 9-сынып білім алушыларының «Құқық негіздері» пәні бойынша 2020 жылғы 10-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші 106-суретте көрсетілген.

106-сурет. 2019 жылғы 9-сынып білім алушыларының «Құқық негіздері» пәні бойынша 2020 жылғы 10-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші



Білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерін талдау нәтижесіне сәйкес 2020 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10-сыныптағы білім алушылардың «Құқық негіздері» пәні бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 83% құрады.

Республика көлемінде 10-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіш Павлодар облысында 97%, төмен көрсеткіш 70% Түркістан облысынан байқалады.

Берілген мәліметтерге сәйкес білім сапасы Ақмола мен Қызылорда облысы бойынша 89%, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары бойынша 88 %, Қостанай облысы мен Алматы қаласы бойынша 86%, Нұр-Сұлтан қаласы, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 84%-ды құрады.

«Құқық негіздері» пәнінен 10-сыныптағы білім сапасы Атырау, Жамбыл, Алматы, Ақтөбе облысы мен Шымкент қаласы бойынша 79 % бен 72 % аралығын көрсетті.

«Құқық негіздері» пәні бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 9-сынып пен 2020 жылғы 10-сыныптағы білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдау нәтижесі 100-кестеде беріледі.

100-кесте. 2019 жылғы 9-сынып пен 2020 жылғы 10-сыныптағы білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдау

Өңірлер	2019 жылғы 9-сынып	2020 жылғы 10-сынып	Білім динамика
Ақмола облысы	93%	89%	-4%
Ақтөбе облысы	84%	72%	-12%
Алматы облысы	87%	75%	-12%
Алматы қаласы	95%	86%	-9%
Атырау облысы	80%	79%	-1%
ШҚО	92%	88%	-3%
Жамбыл облысы	94%	79%	-15%

БҚО	93%	88%	-5%
Қостанай облысы	89%	86%	-3%
Қызылорда облысы	92%	89%	-3%
Нұр-Сұлтан қаласы	91%	83%	-8%
Павлодар облысы	97%	97%	0%
СҚО	94%	84%	-10%
Түркістан облысы	75%	70%	-5%

Кестеде көрсетілгендей 2020 жылы 10-сыныпта білім алушылардың «Құқық негіздері» пәні бойынша білім сапасының жоғары көрсеткіші байқалмайды, тек Павлодар облысында 2019 жылғы 9-сыныптағы білім сапасы сақталған, ал қалған өңірлерде 1-ден 15%-ға дейін білім сапасы төмендегені анықталды.

Пән бойынша 2020 жылғы 10-сыныптағы білім сапасы көрсеткіші Жамбыл облысында 15 %, Ақтөбе мен Алматы облыстарында 12 %, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 10%, Алматы қаласында-9%, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 8%-ға төмендегені көрсетілген.

Түркістан, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Қызылорда және Атырау облысында -5%-дан -1%-ға дейін төмендегені байқалады.

«Құқық негіздері» пәні бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2019 жылғы 9-сыныптардың 2020 жылғы 10-сыныптағы білім сапасының динамикасы 107-суретте берілген.

107-сурет. 2019 жылғы 9-сыныптардың 2020 жылғы 10-сыныптағы «Құқық негіздері» пәні бойынша білім сапасының динамикасы




Талдау нәтижесі көрсеткендей «Құқық негіздері» пәні бойынша білім алушылардың 2019 жылы 9-сыныптағы білім сапасы динамикасы 2020 жылы 10-сыныпта Павлодар облысынан басқа өңірлерде 1% дан 15% дейін төмендегенін байқауға болады.

Сонымен критериалды бағалау процесі «Күнделік» электронды журналы арқылы жүзеге асырылатын Республиканың 14 өңірінің 13-інде «Құқық

негіздері» пәні бойынша 2019-2020 оқу жылында 10-сынып білім алушыларының білім сапасы деңгейінің төмендеуі анықталды.

2019 жылғы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10-сыныптағы білім алушылардың «Құқық негіздері» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 108-суретте берілген.

108-сурет. 2019 жылғы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10-сыныптағы білім алушылардың «Құқық негіздері» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші



Напишите как можно больше предложений об осени и сгруппируйте их по структуре; Постарайтесь привести предложения-синонимы, сохраняя один и тот же смысл (Капуста, морковь, лук, свекла – дары осени. К дарам осени можно отнести капусту, морковь, свеклу, лук. Осень нам дарит много овощей: капусту, морковь, свеклу, лук и т.д.). Русский язык как второй язык требует системной работы по русской стилистике. У учащихся должно быть выработано «чувство стиля». Поэтому важно через разные ситуации давать стилистические синонимы – лексические и грамматические. Параллельно представленные в разных ситуациях стилистические варианты будут хорошо запоминаться, что подтверждается многолетним опытом методистов, работающих с учителями.

3. *Совершенствование умений диалогического общения через чтение, аудирование, говорение.* Составление в рамках речевой темы содержательных диалогов по заданным ситуациям на основе прочитанных текстов. Типы ситуаций: А) собеседник – сверстник, знакомый, обстановка общения –

неофициальная; Б) собеседник – сверстник, незнакомый, обстановка общения – официальная.

Дескрипторы оценивания умений диалогического общения (0-100 баллов)::

- количество реплик, выданное одним учащимся (0-15 баллов);
- соотношение инициативных и реактивных реплик одного учащегося (0-20 баллов);
- информативность реплик учащегося, разнообразие речевых намерений в его репликах (0-40 баллов);
- соблюдение правил русского речевого этикета (учет статуса собеседника, типа взаимоотношения с собеседником, соответствие лексико-грамматических средств обстановке общения) (0-15 баллов).
- естественность реплик (уместная неполнота, эмоциональность, интонация, темп, наличие/отсутствие неоправданных пауз) (0-20 баллов).

Учебные диалоги не должны быть случайными. К этому этапу учащихся ведут целенаправленно. После обогащения словарного запаса и грамматического строя речи

4. Совершенствование монологической речи через говорение и письмо. . Анализ текста-рассуждения с элементами описания. Средства связи предложений в тексте: союзы, местоимения, синонимы, видо-временной план текста, тематическая группа слов. Сравнительный анализ текстов разговорного и публицистического стилей.

Дескрипторы оценивания знаний и умений по монологической речи:

- знание композиционной структуры текста-повествования, текста-описания, текста-рассуждения (0-20 баллов);
- знание языковых особенностей текста-повествования, текста-описания, текста-рассуждения (0-20 баллов);
- умение доказать, что высказывание является текстом (0-20 баллов);
- умение определять тип текста (описание, повествование, рассуждение, один из комбинированных типов) (0-20 баллов);
- умение обосновать стилистическую принадлежность текста (0-20 баллов).

5. Обучающий диктант с изменением стиля и грамматической структуры каждого предложения. Предварительная работа с образцом интервью. Диктант: трансформация SMS (служба коротких сообщений) по телефону в деловое письмо по электронной почте (объем 5-8 реплик).

Дескрипторы оценивания обучающего диктанта с изменением стиля и грамматической структуры каждого предложения (0-100 баллов):

- орфографическая грамотность (0-25 баллов);
- пунктуационная грамотность (0-25 баллов);
- грамматическая правильность текста официально-делового стиля (0-25 баллов);

- стилистическая правильность текста официально-делового стиля (0-25 баллов).

Суммативное оценивание.

6. Итоговый контроль: продуцирование устного или письменного монологического высказывания .

Дескрипторы оценивания устного высказывания:

1) Информативность **-50 баллов**

а) объем текста(количество слов) (0-10);

б) количество микротем (пункты содержания) (0-15);

в) Умение устанавливать контакт с собеседником, разнообразие коммуникативных регистров речи (0-10);

г) логичность (связь частей, законченность)(0-15).

2) Языковая правильность в области- **50 баллов:**

а) лексики(0-15);

б) грамматики (морфология, синтаксис) (0-20);

в)соблюдение орфоэпических норм(0-5);

г) беглость речи (0-10).

Дескрипторы оценивания письменного высказывания:

1) Информативность – **50 баллов**

а) объем текста(количество слов) (0-10);

б) количество микротем (пункты содержания) (0-15);

в) Умение устанавливать контакт с собеседником, разнообразие коммуникативных регистров речи (0-10);

г) логичность (связь частей, законченность)(0-15).

2) Языковая правильность в области - **50 баллов:**

а) лексики (0-25);

б) грамматики (морфология, синтаксис) (0-25).

Таблица 151 - Критерии оценки уровня устной и письменной монологической речи учащегося выпускного класса

Класс	11 (12) класс	
Критерии	Устная речь	Письменная речь
1 Объем текста 0-10 баллов	50 слов – («отлично») 40-49 слов – «хорошо» 30-39 слов – «удовлетворительно» менее 30 слов – «неудовлетворительно»	230-250 слов – «отлично» 200-до 230 лсов – «хорошо» 140-до 200 слов – «3» менее 140 слов – «неудовлетворительно»
2 Количество микротем 0-15 баллов	4 – «отлично» 3 – «хорошо» 2 – «удовлетворительно» 1 – «неудовлетворительно»	7 – «отлично» 5-6 – «хорошо» 4 – «удовлетворительно» 3 – «неудовлетворительно»
3 Умение устанавливать контакт с собеседником,	<i>Высокий уровень:</i> использование приема диалогизации текста разной стилистической принадлежности, свободное оперирование контактоустанавливающими средствами, оправданное и оптимальное чередование разных коммуникативных регистров	

разнообразие коммуникативных регистров речи (в устной и письменной речи). 0-10 баллов	речи – «отлично». <i>Достаточный уровень:</i> правильное использование контактоустанавливающих средств без особых приемов адресации, недостаточное разнообразие коммуникативных регистров речи (нереализованность возможных коммуникативных регистров речи), использование лишь распространенных способов оформления этикетных речевых намерений – «хорошо». <i>Средний уровень:</i> наличие 1-2-3 контактоустанавливающих средств разных уровней без специальной установки на адресата – «удовлетворительно». <i>Низкий уровень:</i> составление безадресного монологического высказывания, наличие 1-2 коммуникативных регистра речи (в основном, репродуктивного и информативного) – «неудовлетворительно».
4 Логичность устной и письменной речи 0-15 баллов	Тематическое единство текста - «отлично». Линейно-развернутая связь – «хорошо». Параллельная связь – «удовлетворительно». Последовательная связь – «неудовлетворительно».
5 Языковая правильность устной и письменной речи 50 баллов	По 0,25 балла снижается за каждую лексическую, морфологическую, синтаксическую ошибку (0-35 баллов в устной речи; 0-50 баллов в письменной речи). Соблюдение орфоэпических норм в устной речи (0-5 баллов в устной речи) (Безошибочное произношение – «отлично». Частичные искажения, речь понятна – «хорошо». Стабильные фонетические искажения, речь воспринимается с трудом – «удовлетворительно». Речь непонятна – «неудовлетворительно»)). Беглость устной речи (0-10 баллов) (беглая, естественная речь – «отлично». 1-3 паузы – «хорошо». 4-6 пауз – «удовлетворительно». Более 6 пауз – «неудовлетворительно»)).

2.1.3.4 «Математика», «Алгебра», «Геометрия» оқу пәндері

«Математика» оқу пәні бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 68%. Өңірлер бөлінісінде 5-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішті Алматы облысы (80%) болса ал төмен көрсеткішті Солтүстік Қазақстан облысы үлесінде (52%).

«Математика» пәні 2019-2020 оқу жылы талдау нәтижесіне сәйкес 6-сыныптары білім алушыларының «Математика» оқу пәні бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 63%. Өңірлер бөлінісінде 6-сыныптағы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішті Нұр-Сұлтан қаласы (78%), ең төмен көрсеткішті Ақтөбе облысы, Қостанай облысы, Солтүстік Қазақстан облысы (54%) Диаграммада, кестеде көрсетілгендей математикалық сауаттылық деңгейі төмен. Әр 2-3 оқушы бағдарлама материалдарын толықтай игере алмаған.

«Математика» пәні бойынша 2018-2019 оқу жылы 5-сынып және 2019 2020 оқу жылы 6-сынып оқушыларының білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдауда тек келесі облыстарда өсу бар. Олар Батыс Қазақстан облысы (+15%), Солтүстік Қазақстан облысы (+12%), Нұр-Сұлтан қаласы (+4%) бойынша артқан.

6-сыныптары білім алушыларының білім сапасы бойынша жоғары көрсеткішті Павлодар облысы (73%), ал Қызылорда 41% Атырау облыстарында - 46 %-ды көрсеті отыр. Жаңа оқу жылында жіберілген олқылықтарды түзетпесе математиканы әрі игеру қиынға соғады.

2018-2019 оқу жылғы 6-сынып оқушыларының «Математика» және 2019-2020 оқу жылы 7-сынып оқушыларының «Алгебра» пәндері бойынша білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдау барысында динамикалық өсу төменгі облыстарда байқалады. Алты облыстарда: Атырау облысы +23% , Қызылорда облысы +18% , Жамбыл облысы +10% , Шығыс Қазақстан облысы +6% , Қостанай облысы +3% , Ақтобе облысы +1% артқан. Атырау, Қызылорда облысытары бойынша тым жоғарғы көрсеткіштер себебін анықтау қиын.

2018-2019 оқу жылғы 6-сынып оқушыларының «Математика» және 2019-2020 оқу жылы 7-сынып оқушыларының «Геометрия» пәндері бойынша білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдауда Атырау облысы +21% , Қызылорда облысы +18% , Жамбыл облысы +11% , Шығыс Қазақстан облысы +5% , Қостанай облысы +4% , Ақмола облысы +2% , Ақтобе облысы +1% динамикалық өсу байқалады.

Атырау Қызылорда облыстары 41,46 пайыздан 67,59 пайызға көтере алған. 2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша 7-сыныптары білім алушыларының «Алгебра» оқу пәні бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 58%-ға тең. Нұр-Сұлтан қаласы, Қызылорда облысы (42%).

2018-2019 оқу жылғы 7-сынып оқушыларының және 2019-2020 оқу жылы 8-сынып оқушыларының «Алгебра» пәндері бойынша білім сапасы көрсеткіштеріне жасалған салыстырмалы талдауы пән бойынша білім сапасының тұрақты екендігін көрсетеді.

2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша 7-сыныптары білім алушыларының «Геометрия» оқу пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші 39%-дан 67%-ды құрайды, ал орташа көрсеткіші 58%. «Геометрия» пәнін игеру деңгейін көтеру мақсатында қосымша қайталау тақырыптарын анықтап өту жолдарын ұйымдастырған жөн. «Алгебра» мен «Геометрия» пәндері бойынша 19-28 пайыздық білім сапасының өсуі қазіргі жағдайда талдауды қажет етеді. Тақырыпты игере алмай жатып келесі сыныпта +28 пайызға көтерілу түсініксіз. Тек қана ТЖБ мен БЖБ сұрақтары мен тапсырмаларының дұрыс құрылмай немесе өте жеңіл берілуі болмаса мұғалімнің баға қоюдағы саясатына байланысты деген қорытындыға келеміз.

2.1.3.5 «Физика» оқу пәні

Жаңартылған бағдарлама бойынша «Физика» пәнінің мазмұны немесе «Физика» ғылымы туралы бастапқы ұғым бастауыш білім деңгейінде 1-4-сыныптарында және негізгі орта білім деңгейінде 5-6-сыныптарында «Жаратылыстану» пәнін меңгеру барысында қалыптастырылуына қарамастан 2019-2020 оқу жылында Республика бойынша 7-сыныпта «Физика» пәнін

93 324 білім алушы оқыды. Олардың білім сапасының көрсеткіштері Орташа республикалық деңгейде 53,6 пайызды құрайды. Бұл төменгі көрсеткіш.

2019-2020 оқу жылының қорытынды бойынша 7-сыныпта «Физика» пәнінен білім алушылардың сапалық көрсеткіші.


Білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерінің Орташа республикалық деңгейін 7 өңір еңсере алмады.

Рейтингтің соңғы позицияларында орналасқан облыстардың білім алушылардың білім сапасының көрсеткіштері мынадай болды: Қостанай -38% Атырау – 38% және Ақтөбе – 39%. «Жаратылыстану» пәнінен соң осындай көрсеткіштің берілуі екі жағдайға байланысты. Біріншіден 5-6-сыныптағы жаратылыстану мазмұны дұрыс емес немесе оқушыға жаратылыстану ғылымын «Физика», «Химия» және «Биология» пәндерін оқымай жатып берілгені үлкен қателік деп есептейміз. Екіншіден 7-8-сыныптағы «Физика» бағдарламасының құрылымдық мазмұнында. Жалпы өңір бойынша төменгі көрсеткіш жаңартылған бағдарлама мазмұнын қайта қарастыруды қажет етеді.

8-сынып бойынша білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерінің орташа республикалық деңгейін 8 облыс еңсере алмады. 58 пайыздық көрсеткішпен Атырау және Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары орналасқан.

«Физика» пәнінен Қазақстан өңірлерінің білім алушыларының білім сапасының 2020-2021 оқу жылының қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші өңірлер арасындағы үлкен алшақтықты көрсетеді біркелкілік байқалмайды, Ақтөбе -22%, Атырау -20%, Қостанай -20% жоғары көтерілсе, Батыс Қазақстан -25%, Жамбыл -21% облысы білім алушыларының білім сапасы көрсеткіштері төмендеген.

110-сурет. 2020-2021 оқу жылының қорытынды бойынша салыстырмалы көрсеткіші




2019-2020 оқу жылының 8-сыныптағы «Физика» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерінің ең жоғарысы 83% және ең төменгі 37%, арасындағы алшақтық 46 %-ды құрап отыр.

Білім сапасы тек 9 сыныпта 50 пайыздық көрсеткіштен көтеріліп отыр. 7-8 сыныптағы «Физика» пәнінің оқылу деңгейі жаңартылған бағдарлама мазмұны мен әдістемесін жетілдіруді қажет етеді.

2.1.3.6 «Жаратылыстану» оқу пәні

2019-2020 оқу жылдарындағы сапа көрсеткіші орта деңгейден жоғары
111-сурет. 2019-2020 оқу жылдарындағы сапа көрсеткіші



өсу динамикасы тек екі облыста. (Алматы қаласы оң, Нұр-Сұлтан қаласы сақталып қалған.) «Жаратылыстану» пәнінің оқылуына назар аударуымыз керек.

Үлгілік оқу жоспарында жаңартылған бағдарламада қалай негізделген. Бастауыш сыныптардан басталып 5-6-сыныпта 68 сағаттан әр сыныпта оқылуының нәтижесі республика бойынша өте төмен. Оған критериалды бағалау барысында көз жетіп отыр.

2.1.3.7 «Шетел тілі» («Ағылшын тілі») оқу пәні

«Шетел тілі» пәнінен 2019 жылғы 5-сыныптағы бойынша орташа білім сапасының көрсеткіші –70,7 пайызды құрап отыр. Ең жоғары Алматы қаласы – 82%; Нұр-Сұлтан қаласы –81%; Сапалық көрсеткіштер 2019 жылы 66 %.Барлық облыстар бойынша біркелкеі деңгейде. Оқу бағдарламасының сай екендігін байқатады. «Шетел тілі» пәнінен 2019 жылғы білім сапасының көрсеткіші бойынша 5,6,7-сынып білім алушылары арасында білім сапасының көрсеткіштері 70-75 пайыздық «Физика», «Математика» пәндеріне қарағанда тұрақты.

2019-2020 жылдардағы 5-6-сыныптағы білім сапасын салыстыру Атырау облысы -14% СҚО + 10%-дық көрсеткіштерден басқалары біркелкі.

2019-2020 оқу жылдарында білім алған 6 және 7-сынып білім алушыларының «Шетел тілі» пәні бойынша білім сапасының динамикалық көрсеткіші тұрақты келген үлкен айырма байқалмайды. 2019-2020 оқу жылдарында білім алған 7 және 8-сынып білім алушыларының «Шетел тілі»

пәні бойынша білім сапасының көрсеткішіде тұрақты. 8-сыныпта білім деңгейі төмендеген.

2.1.3.8 «Информатика» оқу пәні

«Информатика» пәні бойынша 2019 жылғы 5-сыныптағы Республика бойынша орташа білім сапасының көрсеткіші – 84,7%. Көрсеткіштің жоғары болуы келесі облыстарда ШҚО – 90%; БҚО – 90%; Қызылорда облысы – 91%; Нұр-Сұлтан қаласы – 94% есебінен байқалады. Бұл өңірлердегі «Информатика» сабағының сапалық көрсеткіштері мұғалім жұмысына байланысты.

2019 жылғы қорытынды бойынша 6-сыныпта «Информатика» пәнінен білім алушылардың сапалық көрсеткіші Алматы қаласында – 94%; 5-сыныптан кейінгі өсі көрсеткішінде тұр.

2020 жылғы қорытынды бойынша «Информатика» пәнінен 6-сыныптардағы орташа балл – 84,1%-ды құрайды.

«Информатика» пәні бойынша 2020 жылы 7-сыныпта оқыған білім алушылардың білім сапасының нәтижесі – 82,4%.

8-сыныптардағы «Информатика» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші – 80,4%.

«Информатика» пәні бойынша 2020 жылы 6,7,8-сыныптардағы білім алушылардың білім сапасының қорытындысы бойынша ең жоғары білім көрсеткішін Алматы Нұр-Сұлтан қалалары мен Ақмола, Қызылорда облыстары беріп отыр.

2019-2020 оқу жылдарында білім алған 6 және 7-сынып білім алушыларының «Информатика» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші тұрақты. Ақмола облысы бойынша оң нәтиже берген.

2.1.3.9 «География» оқу пәні

«География» пәні бойынша 2019 жылғы 7-сыныптағы Республика бойынша орташа білім сапасының көрсеткіші – 72,8 % құрап отыр. Орташа көрсеткіш бұдан жоғары болуы керек. 7-сынып бағдарламасы бойынша «Жаратылыстану» 5-6- сыныптан келген оқушылар «шиыршық әдісіне» толықтай енбеуі мен түсінбеушілігіне байланысты. Сонымен қатар сабақ беретін мұғалімдердің дайындығына тікелей қатыстылығын көре аламыз. Ең төменгі көрсеткіштер 67-69 %-ы бар өңірлерге Атырау, Қостанай Түркістан облыстары жатады. Жалпы білім сапасының көрсеткіші 80-85 % жоғары болуы керек.

Ақмола облысы бойынша – 77 %; Ақтөбе облысы бойынша – 70%; Алматы облысы бойынша – 72%; Алматы қаласы – 72%; Атырау облысы – 68%; ШҚО – 75%; Жамбыл облысы – 72%; БҚО – 72%; Қостанай облысы – 69%; Қызылорда облысы – 77%; Нұр-Сұлтан қаласы – 77%; Павлодар облысы – 71%; СҚО – 69%; Түркістан облысы – 69%-ды құрайды.

«География» пәнінен 2019 жылы білім алған 7-сыныптардың білім сапасының көрсеткіштері Алматы қаласы, Ақмола облысы, Қызылорда облысы,

Нұр-Сұлтан қаласында 77-80 %-ды құрап отыр. Қазіргі оқыту мақсаттарындағы кемшіліктерге байланысты географиялық білім беру деңгейінің төмендегенін көре аламыз. Қазіргі қолданыстағы «Күнделік» бағалау жүйесі – білім беру сапасын, айқындауға, білім беру саласындағы қазіргі заманғы міндеттерге сәйкес келмеген жағдайда оқытудың стратегиясы мен тактикасы бойынша түбегейлі шешімдер қабылдауға, білім берудің мазмұнын да, күтілетін білім беру нәтижелерін бағалау нысандарын да жетілдіруге мүмкіндік беретін оқу жетістіктері мен проблемаларын диагностикалаудың негізгі құралы. Бірақ толық жетілдірілмеген. Орыс қазақ сыныптарын, қай мектеп екенін анықтау қиын тек облыс көлемінде берілген мәліметтерден тұрады.

2.1.3.10 «Қазақстан тарихы» оқу пәні

2019 жылғы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5-сыныптағы білім алушылардың «Қазақстан тарихы» бойынша білім сапасының көрсеткіші бойынша орташа көрсеткіші 80,1% қамтиды. 2020 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6-сыныптағы білім алушылардың білім сапасының орта көрсеткіші 74,8%-ды құрады.

Республика көлемінде 5-6-сыныптағы білім сапасы төмен көрсеткіш 68% Атырау облысы бойынша, Қостанай облысы, Қызылорда мен Алматы қаласында 5-сынып оқушылары 6-сыныпта төмен көрсеткіш көрсетеді. (– 10-14) Мысалы, Атырау облысы бойынша 68 пайыздан әрі аспағандық байқалады. 7-сыныпта – 63%, 8-сыныпта – 66%. Қостанай облысы бойынша 7-сынып 2019 жылы – 87 %-ға, 2020 жылы – 69% болып – 18%-ға төмендеу бар. Қызылорда облысында 6-сыныпта – 10 % , 7-сыныпта – 11% , 8-сыныпта –10% төмендеуді байқадық.

Жамбыл облысы бойынша 6-сыныпта - 5% , 7-сыныпта - 6%, 8-сыныпта - 3%,

Батыс Қазақстан облысында 6-сыныпта - 6% , 7-сыныпта -3 % , 8-сыныпта - 5% төмендеу бар.

6-сынып білім алушылардың келесі 7-сыныптағы білім сапасының көрсеткіші Солтүстік, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарында 6-сыныптағы білім сапасы сақталған.

7-сыныптағы білім сапасы көрсеткіші Қостанай облысында – 13%, Қызылорда облысында – 11%, Түркістан облысында – 11%-ға төмендеген. 7-сынып білім алушыларының білім сапасының орташа деңгейінің - 4% төмендеуі анықталды. 8-сынып білім алушыларының білім сапасының орташа көрсеткішінің - 5% төмендеуі ойландыратын жағдай. Себебін қарастыратын болсақ оқушылардың «тарих» пәніне деген қызығушылығынын біркелкі болмауы, пәннің оқылуы мен мазмұнына байланысты және бұрынғы күнделікті бағалау жүйесінен жаңартылған бағдарлама аясында бағалау жүйесіне көшкен кезде дайын болмауынан деп ойлаймыз.

2.1.3.11 «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні

5-сынып білім алушыларының 2020 жылғы 6-сыныптағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім сапасы көрсеткіші тек Түркістан облысында 2% - ға артқан. Пән бойынша 2020 жылғы 7-сыныптағы білім сапасы көрсеткіші Қостанай облысында – 16%, Жамбыл облысында – 15 %, Қызылорда облысында – 11%, Батыс Қазақстан облысында – 6%-ға төмендеген.

7-сынып білім алушыларының білім сапасының орташа деңгейінің - 6% төмендеуі 6- сыныптағы білім сапасына қатысты және қазіргі қолданыстағы оқулықтардың жаңартылған бағдарламаға сәйкестігімен байланысты.

2020жылғы 8-сыныптағы білім сапасы көрсеткіші Қостанай облысында – 20%, Жамбыл облысында – 15 %, Қызылорда облысында – 10%, Солтүстік Қазақстан облысында – 9%-ға дейін төмендеген.

2.1.3.12 «Құқық негіздері» оқу пәні

2019 жылы 9-сыныптағы білім алушылардың «Құқық негіздері» пәні бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші – 90% құрады. Орташа көрсеткіш өңір бойынша жақсы болу себебі мазмұнға және бағдарлама бағытының дұрыстығын көрсетеді. 9-10-сыныптар арасында тек Алматы қаласы, Алматы облысы, Жамбыл, Ақтөбе облыстарында теріс көрсеткіш -12,-15-ке төмендеген.

2019 жылы 10-сыныптағы білім алушылардың «Құқық негіздері» пәнінен Республика бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші – 83 %.

Қорытындылай келе, өңірлер бойынша пәннің оқытылу деңгейі жоғары.

2.1.4 Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІМЕН БЕРІЛГЕН ҰСЫНЫСТАРЫ:

1. Формативті бағалауды балл қою тәртібімен жүргізуді енгізу (ҚР БҒМ №125 бұйрығына өзгерістер енгізу ұсынылады);

2. Критериалды бағалауды ұйымдастыру бойынша әдіскерлер мен мұғалімдерге семинарлар мен курстар өткізу;

3. Зертханалық және практикалық жұмыстарды бағалау критерийлерін әзірлеу;

4. Білім алушылардың оқу жетістіктері туралы деректер базасын ұйымдастыруды Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының құзыретіне беру;

5. Критериалды бағалауды жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу

6. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау үшін қолданылатын тапсырмалардың сапасын талдауды ұйымдастыру;

7. Педагогтің бағалау дағдыларын жетілдіру тұрғысынан одан әрі қадамдарды жоспарлау.

ҚОРЫТЫНДЫ

Критериалды бағалау білім алушылардың өз оқу іс-әрекетін бақылауға және кең ауқымдағы дағдыларды қалыптастыру бойынша оқыту процесінде туындайтын қиындықтардың себептерін белгілеуге және жоюға мүмкіндік береді.

Әрбір сабақта білім алушыларды уақытылы қолдау, оқудағы ілгерілеу мақсатында бағалау элементтерін пайдалану, ата-аналарды оқыту нәтижелері бойынша хабардар ету ұсынылады. Бағалау балаларды оқуға ынталандыруға, білімдегі олқылықтарды анықтауға және олардың оқу жетістіктерін көрсетуге бағытталған.

Критериалды бағалау білім алушылар дағысының даму деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір сабақ оқу мақсатын және оларға қол жеткізу критерийлерін айтып/көрсетуден басталуы тиіс. Білім алушы қойылған оқу мақсатын ұғынуы керек және оған қалай жетуге болатынын түсінуі керек.

Критериалды бағалау технологиясы білім алушылардың жетістіктерін нақты анықталған, алдын ала белгілі өлшемдермен салыстыруға негізделген, оқу материалының қаншалықты табысты игерілгендігін, практикалық дағды қалыптасқанын анықтауға мүмкіндік береді.

Көбіне мұғалімдердің қалыптастырушы бағлау және жиынтық бағалау үшін пайдаланатын тапсырмалардың сапасына мониторинг жүргізілмейтіндігі анық.

Тоқсан бойынша бағалау әрдайым болжанбайды. Оқушылардың тағы бір тобы мұғалімдер әрдайым дескрипторларды басшылыққа ала бермейтіндіні мәлімдеді. Кейде мұғалімдер болжанбаған нәрсені бағалайды. Мұғалімдер оқушының неге осы немесе басқа тапсырманы алғанын әрдайым түсіндіре бермейді. Оқушылар мұғалімдер қойған тапсырмалармен әрдайым келісе бермейді. Бұл жиынтық бағалауда проблемалардың болуын көрсетеді. Мектепішілік бағалаудың мазмұны мен процедураларының жетілмегендігі қаншалықты ауқымды, бағалау қиын, өйткені тиісті зерттеулер жүргізілмеген.

Осылайша, мемлекет оқушылардың оқу жетістіктерін өлшеу үшін ұлттық мониторинг және бағалау жүйесінің құрылымын әзірледі. Бұл жүйені іске асыру үшін бағалау рәсімдері мен сапалы тапсырмаларды дұрыс жүзеге асыра алатын білікті мұғалімдер керек. Сондықтан Стандартты әзірлеу кезінде оқу бағдарламаларында жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін өлшеуге және дағдылардың даму дәрежесін бақылауға қабілетті бағалау жүйесін әзірлеу қажет болды.

Жиынтық бағалауды іске асырудың ағымдағы жай-күйі де мұғалімдерге қолдау көрсету бойынша ұғыну, талдау, нақты шешімдер қабылдауды қажет етеді.

«Критериалды бағалау жүйесін енгізудің қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізгі екі тарау мен қорытынды, пайдаланған әдебиеттер және қосымшадан тұрады.

Жұмыстың апробация қорытындысы бойынша критериалды бағалау жүйесін енгізу мен білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерін талдауда: «Бастауыш білім беру деңгейі» және «Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша: «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Математика», «Алгебра», «Геометрия» оқу пәндері, «Физика», «Жаратылыстану», «Шетел тілі» («Ағылшын тілі»), «Информатика», «Биология», «Химия», «География», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша білім алушылардың біліміндегі жетістіктерінің көрсеткіштеріне талдау жасалған. Сонымен қатар 5-8- сыныптардағы білім алушыларының 2018-2019 мен 2019-2020 оқу жылдардағы білім сапасына салыстырмалы талдауы әр өңірге қатысты осы сыныптарда оқытылатын оқу пәндері бойынша материалдар да берілген. Бұл жерде республика бойынша әр өңірден «Күнделік» электронды журналынан алынған білім алушылардың бағаларына пәндер және сыныптар бойынша сараптама жасалып, оқу жетістігінің нәтижелері шығарылған. 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдарындағы білім алушылардың оқу жетістіктері шығарылып, пәндер бойынша оқу жетістіктеріндегі өзгерістерге түсініктеме берілген.

«Критериалды бағалау жүйесін енгізу қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар» атты екінші тарауда: жалпы критериалды бағалау бойынша ғалымдардың пікірлері, Дүниежүзілік банктің есебінен алынған ұсыныстар, оқу пәндері бойынша ұсынымдар мен Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы ғылыми-әдістемелік кеңестің шешімімен берілген ұсыныстары берілген.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбекова К.С. Мағжан Жұмабаевтың әдістемелік еңбектері /https://ust.kz/word/magjan_jumabaevtyng_adistemelik_engbekteri-154581.html.
2. Қазақстан Республикасы мектебінің практикасына критериалды бағалау жүйесін енгізу мәселелері/ Эксперименттік білім берудің халықаралық журналы. – 2014. - № 5-1. - Б. 58-62; URL: <http://expeducation.ru/ru/article/view?id=5626> (өтініш берген күні: 13.07.2021);
3. Мектепте және ЖОО-да тілдерді оқыту кезінде тілдік, сөйлеу және коммуникативтік құзыреттілікті бағалаудың бірыңғай критерийлері. Педагогикалық тәжірибе: теория, әдістеме, практика, 27-31. Cheboksary: SCC «Interaktiv plus», LLC.
4. К.Н.Булатбаева, Н.В. Исыпова, А.Б. Кабдушева // Ғылыми пікірталас: Педагогика және психология мәселелері: сб.ст. «Ғылыми пікірталас: Педагогика және психология мәселелері» XLVIII халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары бойынша. – № 3 (48)
5. Щукин А.Н. Методы и технологии обучения иностранным языкам. // Икар, 2014 – 115 бб.
6. 2.Құнанбаева С.С. Қазіргі шет тілідік білім беру теориясы мен практикасы. // Қаз ХҚ және ӘТУ. -Алматы,2011-148-149 бб, 239-240 бб.
7. Common European Framework of Reference: Learning, Teaching, Assessment ("Общеввропейские компетенции владения иностранным языком: Изучение, преподавание, оценка»)/twirpx.com/file/218387.
8. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. –М.: Рус.яз., 1989. – 292 с.
9. Булатбаева К.Н. Когнитивно-коммуникативная технология как условие развития массового полиязычия в учебных заведениях Казахстана. - Перемены в образовании: новые границы и приоритеты: материалы межд. научно-практ. конф. - Алматы: АПН Казахстана, 2011.- С.228-231.
10. Единые критерии оценивания языковой, речевой и коммуникативной компетенций при обучении языкам в школе и вузе [Текст] / К. Н. Булатбаева // Педагогический опыт: теория, методика, практика : материалы междунар. науч.–практ. конф. (Чебоксары, 08 окт. 2014 г.) / редкол.: О. Н. Широков [и др.]. – Чебоксары: ЦНС «Интерактив плюс», 2014. – 100 с. – ISBN 978-5-906626-42-4.- С.27-31
11. **LearningApps** <https://learningapps.org/>
12. **Kubbu** <http://www.kubbu.com>
13. **Quizlet** <https://quizlet.com/>
14. **H5P** h5p.org

1-қосымша

1. Қалыптастырушы бағалау нәтижелері күн сайын электрондық/қағаз журналға балл түрінде қойылады. Бағаланатын бала санын педагог өзі анықтайды.

2. Қалыптастырушы бағалау үшін ең жоғары балл 2-11 сыныптарда 10 балдан аспайды, бұл ретте 1-3 балл төменгі деңгей критерийлеріне сәйкес келеді, 4-7 балл – орта деңгей, 8-10 балл – жоғары деңгей.

3. Мұғалім күн сайын журналда білім алушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуін келесі саралауға сәйкес балл түрінде белгілейді:

1 балл-10% - ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, қателіктер жіберілді, сабақта пассивті, мұғаліммен кері байланыс нәтижелері бойынша қорытынды жасамайды, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытпайды, өткен материалды білмейді;

2 балл – 20% - ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, қателіктер жіберілді, сабақта пассивті, мұғаліммен кері байланыс нәтижелері бойынша әрдайым тиісті қорытынды жасай бермейді, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытпайды;

3 балл – 30% - ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, қателіктер жіберілді, қателіктерін түзетуге тырысады, сабақта кейде белсенділік танытады, оқу тапсырмаларын орындау кезінде мұғалімнің/ата-ананың/құрдастарының қолдауын қажет етеді;

4 балл - оқу тапсырмаларының 40% - на дейін орындады, қателіктер жіберді, қателерді түзету кезінде көмек қажет, әрдайым белсенді бола бермейді, кейде тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;

5 балл - 50% - ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, бес қате жіберді, мұғалімнің көмегі қажет, сабақта әрдайым белсенді бола бермейді, кейде мүмкін болатын тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;

6 балл - оқу тапсырмаларының 60% - на дейін орындады, 4 қате жіберді, мұғалімнің көмегі қажет, сабақта ынталы, орташа күрделі тапсырмаларды өз бетінше орындай алады;

7 балл - 70% - ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, 3 қате жіберді, қателіктерді уақтылы жойды, сабақта белсенді, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;

8 балл - оқу тапсырмаларының 80%-на дейін орындады, 1-2 елеусіз қателіктер жіберді, мұғалімнің түсініктемелері негізінде өз қателіктерін түзетеді, Белсенді, өз бетінше жұмыс жасайды;

9 балл - оқу тапсырмаларының 90% - на дейін орындады, тапсырмаларды орындау кезінде шамалы дәлсіздіктерге жол берді, қателермен жұмыс істейді, Белсенді, өз бетінше жұмыс жасайды;

10 балл-оқу тапсырмаларының 100% орындады, қателіктер жібермеді, белсенді, дербес жұмыс жасай алады, өз жауаптарын түсіндіре алады, негіздей алады.

4. Кеңейтілген кері байланыс үшін мұғалім оқушының электронды күнделігі арқылы түсініктемелер түрінде ұсынылатын айдарларды қолданады.

5. 1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.

6. ҚО режимінің енгізілуіне байланысты енгізілген электрондық журнал форматындағы өзгерістерді түсіндіру үшін оқу жылының басында ата-аналар мен мұғалімдерге электрондық журналды пайдалану туралы жадынама беріледі.

7. Электрондық журнал қалыптастырушы бағалау үшін орташа балды автоматты түрде шығарады және ТЖБ бағанына дейін орналастырылған жеке бағанға қояды (бұл қалыптастырушы бағалау үшін орташа балды шығаруды жеңілдетеді).

8. БЖБ және ТЖБ есептеу қолданыстағы формула бойынша есептеледі.

9. Қорытынды баға қалыптастырушы бағалау үшін орташа баллды ескере отырып шығарылады.

2-қосымша

Критериалды бағалау жүйесі:

- қандай да бір оқу материалын қаншалықты сәтті меңгергенін анықтауға;
- қандай да бір практикалық дағды қалыптастырады;
- талаптардың белгілі бір минимумымен салыстыру мүмкіндігі.

Критериалды бағалау оқушыға оқу іс-әрекетін жоспарлауға, мақсаттарын, міндеттерін, оларға қол жеткізу жолдарын анықтауға, өз еңбегінің нәтижесін бағалауға мүмкіндіктер береді.

Критериалды бағалау принциптері:

- Критериалдық;
- Өзін-өзі бағалаудың басымдығы;
- Икемділік және өзгергіштік;
- Бақылау және бағалау процесінің табиғилығы.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалауды өткізу мақсаттары мен мерзімдері әртүрлі. Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты – оқуды жақсарту. Бұл оқыту мен оқыту процесінің ажырамас бөлігі.

Критериалды бағалау принциптері:

- Оқу мақсаттары мен өлшенетін критерийлерді түсіну;
- Оқу қызметін жақсарту үшін қолданылатын кері байланыс;
- Жақсарту мүмкіндіктері;
- Оқушылардың түсіну және белсенді қатысу қабілеті.

Оқушыларды білім беру процесіне тарту үшін оларға осы сабақтың нәтижесінде не білетіні және не істей алатындығы туралы хабарлау қажет. Сондықтан мұғалімнің сабақ жүргізудегі алғашқы қадамы (сәлемдесуден кейін және оқушылардың сабаққа дайындығын тексергеннен кейін) білім алушыларға оқу мақсатын түсіндіру керек.

Қалыптастырушы бағалау (формативті) тестілерді, бақылауларды, журналдағы жазбаларды, «мен не үйрендім?», «не үйренбедім?» деген жазылған шығу карточкаларын қамтиды, жауапты тест алдында қалыптастырушы бағалаудың арқасында оқушы не оқығанын және не оқымағанын біледі.

Критерийлерге негізделген тест белгілі бір тақырып бойынша оқушының үлгерімін анықтауға мүмкіндік беретін ақпарат. Сипаттамалардың бірі ретінде – қатысу бағалауға дейін жүреді. Критерийлерге негізделген тест оқушылардың баяу алға жылжуына байланысты немесе материалды өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл тесттің ерекшелігі, ол тек оқушыға тестті қалай тапсыратынына байланысты. Егер оқушы жақсы дайындалса, ол тест тапсырудан сәтті өтеді. Бұнда оқушылардың 100%-ы жақсы баға алу ықтималдығы жоғары. Критерийлерге негізделген тесттің іс-әрекетті бағалаумен ортақ белгілері бар.

Өлшемдердің сандық мазмұны балдармен (жетістіктер деңгейімен) және осы өлшем бойынша жетістіктер деңгейін түсіндіретін оларға сәйкес сипаттамалармен айқындалады. Жекелеген критерийлердің әрқайсысы бойынша жетістіктерге жетудің бірдей болмауы мүмкін, критерийлердің кез келгені неғұрлым маңызды деп танылады (нақты пәндік саланың ерекшелігіне байланысты) және жоғары бағаланады, бұл ең жоғары ықтимал баллдардың санында көрсетіледі.

Критерийлерді әзірлеу алгоритмі

- Сабақты жоспарлау кезінде ұғымдарды бөліп көрсету – білу және түсіну;
- Біліктілікті қалыптастырушыны анықтау;
- Бөлінген шеберліктің қадамдық операцияларын анықтау;
- Қадамдық әрекеттерден критерийлерді бөліп көрсету;
- Критерийлердің «баспалдағын» жасау.

Әрбір критерий егжей-тегжейлі айдармен (дескрипторлармен) беріледі. Оқушылардың жұмысын бағалай отырып, мұғалімдер бағаланатын дескрипторды тапқанша нөлдік деңгейден бастап дескрипторларды іздейді. Сондықтан, жұмыс белгі деңгейіне сәйкес келетін алдыңғы дескриптормен жақсы сипатталады. Егер қандай дескрипторды қолдану керектігі түсініксіз болса, мұғалімдер шешім қабылдап, оқушының жұмысына сәйкес келетін дескрипторды таңдауы керек. Дегенмен, өлшемдерді тек олар үшін жасалған жұмыстарға ғана қолдану керек.

Қалыптастырушы бағалау оқушылар үшін өте маңызды, өйткені оқушы өзіне оқу тапсырмасын қоюды, оны шешудің жолдарын табуды және өзінің әрекеттері мен жетістіктерін бағалауды үйренуі керек. Қалыптастырушы бағалау мұғалім мен оқушылар арасында тиімді кері байланысты қамтамасыз етеді.

Кері байланыс – мақсатқа жетуге әкелетін нақты әрекеттер, жағдайлар, даулы мәселелер туралы хабарлау және түсініктеме алу процесі. Тиімді кері байланыс құру бастауыш сынып оқушыларын оқытудың негізі. Кері байланыс – бұл оқу процесінің қалай жүретіні туралы түсінік беретін, мұғалімнің оқушылардың жетістіктері мен проблемалары туралы хабардар ететін, мақсатқа жету деңгейін анықтауға және оқу міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін құрал. Кері байланыс өзара сыйластық пен ізгілік атмосферасында өтіп, оқушылардың қателерді түзетуі немесе ойлау мен іс-әрекет бағытын өзгертуі үшін уақытты ұсынуы керек.

Кері байланыс түріне қарамастан мұғалім тарапынан:

- оқушылардың тапсырманы жақсы орындағанын атап өту;
- қателіктер болған жағдайда оқушыларға өз жұмыстарын нәтижелерін жақсарту бойынша нақты ұсыныстар беру керек.

Тиімді кері байланыс:

- мұғалім-оқушының өзара қарым-қатынасын анықтау;
- мұғалімге түзетуге мүмкіндік беру үшін оқу іс-әрекетінің барысын бағалауға мүмкіндік беру;
- белгілі бір әдістер мен жұмыстардың кемшіліктері мен ұтымдылығын анықтай отырып бағалау;
- оқушыларға өз жұмысын бағалауға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар қанағаттану сезімін ояту;
- өз жетістіктерімен, әрі қарай өзара әрекеттесуге және оқуға деген қызығушылыққа түрткі боладыру;
- оқу процесінің сәттілігіне ықпал ету және оңтайландыру.

Бағалау критерийлерін әзірлеуде:

- Ең маңызды оқу тұжырымдамаларын анықтаңыз.
- Бағалау қандай критерийлер бойынша жүргізілетінін анықтаңыз.
- Нені бағалау керек?
- Әр критерий үшін сипаттамаларды жасаңыз.
- Нақты және түсінікті сипаттамаларды қолданыңыз.
- Масштабты жасаңыз және оған негізгі ұғымдар мен тиісті өлшемдерді қойыңыз.
- Жұмыстың басында оқушылармен бағалау критерийлерін талқылаңыз.
- Бағалау критерийлері негізінде қорытынды өнімді бағалаңыз.

- Соңында не алғыңыз келетінін сипаттаңыз.
- Критериалды бағалау жүйесін қолдану тәуелсіз, тексеру, бақылау және басқа жұмыстарға тапсырмалар жасауға белгілі бір талаптар қойыңыз.
- Критерийлердің әрқайсысы белгілі бір дағдылар тобын бағалауға бағытталған, сондықтан тапсырма арнайы осы дағдылар тобына бағытталуы керек.
- Критерийлер жүйесі бастапқыда нақты маңызды дағдыларды игеруге бағытталған теңдестірілген оқыту шеңберін белгілейді және үнемі қолдайды.

Бағалау критерийлері не үшін қажет?

Мұғалімдер үшін:

- Оқу үрдісінде нақты нұсқаулар болу үшін.
- Дәрістерде оқушылардың оқу материалын меңгеру процесін бағалаудың нақты критерийлері үшін.
- Бағалау процесін объективті және дәйекті етеді.
- Мұғалімдер үшін оқушылардың үлгерімін бағалау процесін жеңілдетеді.

Оқушылар үшін:

- Оқу мақсаттарын, үміттерін, бағалау өлшемдерін және өз жұмысын жақсарту тәсілдерін нақты түсінуді қамтамасыз етеді.
- Оқушылардың мұғалімнің күтуіне қатысты нақты ұсыныстары бар.
- Ал оқушылар бағалау критерийлерін үнемі қолдануға дағдыланған кезде, олар түпкілікті нақты жауап үшін үлкен жауапкершілікті «Мен бәрін әлі жасаған жоқпын ба?» деген сезіне бастайды.
- Оқушылардың өзіндік жұмысы үшін жағдай жасайды.

Критериалды бағалау кезіндегі белгі функциялары:

- Білім беру нәтижелері үшін оқушылардың жауапкершілігін ынталандыру;
- Білім-білімсіздік шекарасын анықтау;
- коррекциялық түзету жұмыстарының бағытын анықтау;
- Оқушылардың жеке үлгерім динамикасын бағалау;
- Оқушыларды оқуға ынталандыру;
- Бақылау және бағалау әрекеттерін қалыптастыру.

Портфолио – бұл оқушының белгілі бір оқу кезеңіндегі жеке жетістіктерін белгілеу, жинақтау және бағалау әдісі. Портфолио оқушының оқу іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде қол жеткізген нәтижелерін ескеруге мүмкіндік береді.

Портфолио мақсаты – оқушының оқу процесі туралы тәсіл беру, кең білім беру контекстінде жеке прогресті бақылауды қамтамасыз ету, оның алған білімі мен дағдыларын іс жүзінде қолдану қабілетін көрсету.

Портфолионың педагогикалық міндеттері:

- оқушылардың жоғары оқу мотивациясын қолдау;
- біліктердің қалыптасуының қазіргі деңгейін анықтау және оларды оқу процесіне түзету енгізу арқылы жетілдіру;
- оқушылардың белсенділігі мен дербестігін көтермелеуге, оқыту және өздігінен оқу мүмкіндіктерін кеңейту;
- оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту;
- мақсат қою, өз оқу іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыруды үйрену қабілетін қалыптастыру;
- табысты әлеуметтену үшін қосымша алғышарттар мен мүмкіндіктер жасау.

Оқушы портфолиосының функциялары:

- оқушылардың білім беру белсенділігін, олардың өз мақсаттары мен мүмкіндіктерін түсіну деңгейін арттыру;
- бітіруші сыныптардағы оқытудың одан әрі бағыты мен нысанын сенімді және жауапты таңдау.

3-қосымша

Қазақ тілі, 11-сыныбы, I тоқсан I бөлім бойынша жиынтық бағалау «Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

11.1.5.1 Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау.

Бағалау критерийі *Білім алушы*

Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастырады Көтерілген мәселеге сыни тұрғыдан баға береді

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 15-20 минут

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз. Мәтіндегі көтерілген мәселені анықтаңыз. Автор мен оқырманның көзқарасын ескеріп, «Неге? Неге? Неге?» стратегиясы арқылы 2 талқылау сұрағын құрастырыңыз.

Атқа міну мәдениеті

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі.

Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді.

Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты.

Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды.

Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі.

Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр – жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі. Біз әлемнің барлық түкпіріне ежелгі қазақ жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы XIX ғасырға дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз.

Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері Дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады. Атқа міну мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды.

Бұл салт атты адамдардың ат құлағында ойнауына, ұрыс кезінде еркін қимылдауына мүмкіндік берді. Дала тұрғындары теріден, киізден, кендір мен жүннен, кенептен шалбар тікті. Содан бері мыңдаған жыл өтсе де, киімнің осы түрі өзгере қоймады. Қазба жұмыстары кезінде табылған көне шалбарлардың қазіргі шалбардан еш айырмасы жоқаласы. Сонымен қатар бүгінгі етіктердің барлық түрі көшпенділер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктің «мұрагерлері» екені белгілі.

Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді.

Бабаларымыз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті. Масағына қауырсын тағылып, металмен ұшталған жебе берен сауытты тесіп өтетін көбебұзарға айналды. Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялық жаңалық – қылыш. Оның оқтай түзу немесе иілген жүзі – ерекше белгісі. Бұл қару ең маңызды әрі кең таралған соғыс құралына айналды.

Сарбаз бен оның мінген атын қорғауға арналған сауытты да алғаш рет біздің бабаларымыз жасаған. Еуразия көшпенділерінің айрықша маңызды әскери жаңалығына баланған мұздай темір құрсанған атты әскер осылайша пайда болды. Отты қару пайда болып, жаппай қолданысқа енгенге дейін атты әскердің дамуы біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдық пен біздің дәуіріміздің I ғасыры арасында көшпенділердің ұзақ уақыт бойы бұрын-соңды болмаған жауынгерлік үстемдік орнатуын қамтамасыз еткен жасақтың ерекше түрі – айбарлы атты әскердің қалыптасуына ықпал етті.

<https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy>

Мәтіндегі көтерілген мәселе	Автордың көзқарасы	Оқырманның көзқарасы	«Неге? Неге? Неге?» стратегиясы арқылы талқылау сұрақтары

2-тапсырма. «Сарбаз бен оның мінген атын қорғауға арналған сауытты да алғаш рет біздің бабаларымыз жасаған. Еуразия көшпенділерінің айрықша маңызды әскери жаңалығына баланған мұздай темір құрсанған атты әскер осылайша пайда болды. Отты қару пайда болып,

жаппай қолданысқа енгенге дейін атты әскердің дамуы біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдық пен біздің дәуіріміздің I ғасыры арасында көшпенділердің ұзақ уақыт бойы бұрын-соңды болмаған жауынгерлік үстемдік орнатуын қамтамасыз еткен жасақтың ерекше түрі – айбарлы атты әскердің қалыптасуына ықпал етті...» деген ойды жалғастырып, автордың ойына, зерттеуіне сыни тұрғыдан баға беріңіз.

<https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy>

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Ұпай
		Білім алушы	
Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастырады	№1	мәтінде көтерілген мәселені анықтайды;	1
		мәселеге автордың көзқарасын анықтайды;	1
		мәселеге оқырманның көзқарасын анықтайды;	1
		талқылау сұрақтарын құрастырады;	1
Көтерілген мәселеге сыни тұрғыдан баға береді	№2	мәселеге сыни тұрғыдан баға береді;	1
		өз ойына дәлелдер келтіреді;	1
		аудиторияны тарту үшін шешен сөйлейді;	1
		өз көзқарасын дәлелдейді.	1
Барлығы			9

«Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастырады.	Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның көзқарасын анықтауда, талқылау сұрақтарын құрастыруда қиналады. ☐	Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның көзқарасын анықтауда, талқылау сұрақтарын құрастыруда қателіктер жібереді. ☐	Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның көзқарасын анықтайды, талқылау сұрақтарын өте жақсы құрастырады. ☐
Көтерілген мәселеге сыни тұрғыдан баға береді	Сыни тұрғыдан баға беруде және өз ойын шешендікпен жеткізуде қиналады ☐	Сыни тұрғыдан баға беруде және өз ойын шешендікпен жеткізуде қателеседі. ☐	Сыни тұрғыдан баға береді және өз ойын шешендікпен жақсы жеткізеді. ☐

Ата-ана қолы: _____

**Қазақ тілі, 11-сыныбы, I тоқсан II бөлім бойынша жиынтық бағалау
«Жастар мәдениеті және мәселесі. Шешендік сөздер»
бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

11.2.4.1 Өртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау

11.4.1.1 Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді

орфографиялық нормаға сай жазу

Бағалау критерийі

Білім алушы

Өртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиториясын салыстырады;

Екі мәтіннің құрылымын, тілдік ерекшелігін талдайды;

Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

15-20 минут

1-тапсырма. Төменде берілген екі мәтінді мұқият оқыңыз. Мәтіндердің стилі мен тақырыбын және мақсатты аудиториясын салыстырыңыз. Екі мәтіннің құрылымын, тілдік ерекшелігін талдаңыз. Берілген кестені толтырыңыз.

1-мәтін

Тәуелсіздік және қазіргі қазақ тілі

Алаш ұлт-азаттық қозғалысының Тәуелсіздік үшін күресі ең бірінші рухани дүниеміздің *өзөгү* – тілдің бостандығы басталған еді. Сонау 1905 жыл қарашасында Мәскеуде өткен Ресейдің жергілікті және қалалық қайраткер съезінде 5 миллионға жуық қазақ халқының атынан аса *көрнөктү* саяси реформатор, ғұлама ғалым Әлихан Бөкейхан сөз сөй, өз халқының ана тіліне бостандық берілуін, ісқағаздарының қазақ тілінде жүргізілуін, қазақ мектебінің қудаланбауын айтуы жайдан-жай емес болатын.

Әлеуметтік әділеттілікті ұрандатқанымен оны іспен дәлелдей алмаған кешегі кеңес заманында қабылдаған Қазақстанның екі Конституция да елдің, жердің иесі қазақтың тілі жөнінде бір ауыз сөз болған жоқаласы Дегенмен, Республикамызда Кеңес өкіметінің алғашқы 20-30-жылдарында қазақ тілін мемлекет деңгейде *жүргүзуу* үшін біраз әрекет жасалынды. 1920-1925 жылдары Қырғыз АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы (бүгінгі Премьер-министр) Сәкен Сейфуллин қазақ тілінің тағдыры туралы тоғыз мақала жазды. Бірақ көп ұзамай халықтың мүддесі үшін күрескен ұлт зиялыларын түгел дерлік қуғындап, көбісін түрмеге тығып, алдын атып жойғаннан кейін кеңестік билік орыс тілін мемлекет мәртебе көтеруге тікелей кірісті. 1938 жылғы 13 наурызда БКП(б) ОК мен КСРО Халық комиссариаты «Ұлттық республикалар мен облыстардағы мектептерде орыс тілін міндетті оқыту туралы» қаулы қабылдады.

«Ана тілі» газеті, Бәкір ӘБДІЖӘЛЕЛ, саяси ғылым докторы, профессор

2-мәтін

- Әке, латынша жаза аласың ба?

- Иә!

- Қайдан үйрендің?

- Мен оны мамандығыма қарай институтта оқып жүргенде үйренгенмін. Төте жаза да аламын.

- Төте жазу?

- Иә! Араб әрпімен қазақша жазу.

- Латынша жазуды неге сұрадың?

- Бүгін ұстазымыз Латын әліпбиі ағылшынша, *немішіше* альфавиттерінен құралатынын айтып түсіндірді. Мен өзі атымды жазып көрдім. ARSEN. Еш қиындығы жоқ екен. Тек «І, Ң, Ө, Ә, Ұ, Ғ» сынды әріптерді қалай жазарымды білмедім.

- Оның да уақыты келеді, балам!

- 2025 жылы мен нешеге келемін?

- Нешеге келесің?

- 18-ге.

- Көрдін бе, балам, сен жаңа өмірді жаңаша бастайсың!

Байқаймын ұлым қиялымен өзінің болашағына еріп кеткен секілді. Ойланып қалыпты. Жаңа заманның азаматы жаңаша ойланып тұр... Ол ой үстінде тұрғанда, «ұлымның келешегі жарқын болсын!» деп іштей тілек еттім.

1-мәтін	2-мәтін
Тақырыбы	
Стилі	
Аудиториясы	
Автор көзқарасы	
Құрылымы	
Тілдік қолданысы	

2-тапсырма. Екі мәтіндегі орфоэпиялық норма бойынша жазылған сөздерді орфографиялық нормаға сай жазыңыз.

Орфоэпиялық норма	Орфографиялық норма

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Ұпай
		Білім алушы	
Өртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды	№1	мәтіндердің стилін анықтайды;	1
		мәтіндердің тақырыбын анықтайды;	1
		автордық көзқарасын түсіндіреді;	1
		мақсатты аудиторияны анықтайды;	1
		1-мәтіннің құрылымдық бөліктерін көрсетеді;	1
		2 мәтіннің құрылымдық бөліктерін көрсетеді;	1
		1-мәтіннің стильдік ерекшеліктеріне тән тілдік қолданыстардан мысалдар келтіреді;	1
		2-мәтіннің стильдік ерекшеліктеріне тән тілдік қолданыстардан мысалдар келтіреді;	1
Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады	№2	Орфоэпиялық нормаға сай жазылған сөздерді теріп жазады;	1
		Айтылуы бойынша жазылған сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады.	1
Барлығы			10

«Жастар мәдениеті және мәселесі. Шешендік сөздер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары

Өртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиториясын салыстырады	Өртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиториясын салыстыруда қиналады. ☐	Өртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиториясын салыстыруда қателеседі. ☐	Өртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиториясын жақсы салыстырады. ☐
Екі мәтіннің құрылымын, тілдік ерекшелігін талдайды	Екі мәтіннің құрылымын, тілдік ерекшелігін талдауда қиналады	Екі мәтіннің құрылымын, тілдік ерекшелігін талдауда қателеседі	Екі мәтіннің құрылымын, тілдік ерекшелігін жақсы талдайды
Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады	Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазуда қиналады ☐	Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазуда қателіктер жібереді ☐	Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады. ☐

Ата-ана қолы: _____

Қазақ тілі, 11-сыныбы, II тоқсан I бөлім бойынша жиынтық бағалау
«Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция. Шешендік сөздер»
бөлімі бойынша жиынтық бағалау

11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау

11.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу

Бағалау критерийі

Білім алушы

Мәтін үзіндісіндегі (интервью) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдайды

Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында шешен сөйлейді

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 15-20 минут

1-тапсырма. Тыңдалым мәтінін мұқият тыңдап, төмендегі кестені толтырыңыз.

Мамандығым – мақтанышым

Бұл өмірде адамның тағдырын айқындайтын екі нәрсе бар: бірі – өмірлік жолдасы жары болса, екіншісі – мамандықаласы Мен өз мамандығымды және түсетін жоғары оқу орнымды 8-сыныпта таңдадым. Қазақстан–Британ Техникалық Университетіне түсуге үмітімді оятқан: Қазақстанда ең алғаш өткен ұлттық бірыңғай тестілеуде мүмкін 120 ұпайдың барлығын жинаған Нұржан атты бала еді. Ол Қазақстан–Британ Техникалық Университетті таңдады. Сол кезден бастап менің балаң көңілім ҚБТУ-ға ауды, Қазақстандағы ең білгіш бала таңдаған университет менің де университетім атану керек деген мақсат жадымда жаңғырды. Қазір сол бала арманым бастап келген университетте, жүрегіммен және ата-анаммен кеңесіп таңдаған сүйікті мамандығым органикалық заттардың химиялық технологиясы факультетінде оқып жатырмын.

Мамандық таңдау - бұл өте маңызды іс. Өйткені біз өзіміз таңдаған мамандық саласында өмір бойы қызмет атқарамыз. Мамандықтың саны әр алуан: дәрігер, мұғалім, ұшқыш, есепші, аспаз, елші, қаржыгер, архитектор, механик, көлік жүргізуші, сазгер, сатушы, ғарышкер және т.б. Бірақ бұларды байланыстыратын маңызды факт - бұлар бәрі халық үшін қызмет атқарады. Ал халық үшін қызмет көрсету маңызды мәселе. Түркі тілдес халықтың "жеті рет өлшеп, бір рет кес" деген нақыл сөзін ұран етіп, мамандықты дұрыс таңдауымыз керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында жаңа кезеңнің негізгі міндеттерінің бірі: осы заманғы білім беру, парасатты экономиканың негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды пайдалану мамандарды дайындау сапасын көтеруге басты себеп болатын, инновациялық экономиканы дамыту», - деп көрсеткен. Қазақстан Республикасының болашағы, сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметіндегі басымдықтары мен ұлттық мүдделерінің жүзеге асырылуы, халықаралық аренадағы беделінің өсуі, ұлттық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі, мемлекет алдындағы жоғарғы азаматтық жауапкершілікке ие мамандарға байланысты.

Осы орайда мен мамандығыма, заманға сай жетік елші болып шығуыма және Қазақстанды шет елдерге танытуға бар күшімді саламын. «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығын бітірушілердің мына қызмет түрлерімен айналасу мүмкіндігі бар: мұнай-химиясы синтезінің технологиясы, көмірсутек шикізатын дайындау процесстері, қазып шығару және тасымалдау технологиялары, көмірсутек шикізатын өңдеудің каталитикалық процестерінің химиялық технологиясы, биологиялық белсенді заттардың химиялық технологиясы, көмірсутек шикізатын пайдаланудың химиялық технологиясы.

Бұл мамандық – өте қызықты. Себебі ол бұл әлемде жоқ жаңа затты ойлап табуға мүмкіндік береді. Және де бұл мамандықта өз ісінің білгір мамандары тапшылық тудыруда. Осы тапшылықты жою мақсатында, осы мамандықты таңдап, өзімнің кішкене де үлесімді қосқым келеді.

Мемлекетке әр мамандық қажет. Алайда оны дұрыс таңдау – бағыңның ашылғаны. Қазақ үш-ақ мамандықты біледі: қара жұмысшы, директор, бас директор. Араларындағы салаларды ойламайды да. Шын мәнінде халқыңа пайдалы азамат болуға тырысу маңызды, керісінше халқың саған пайдалы болу емес. Өз ісіңнің білгір маманы болғанға не жетсін!

Мен 18 жастамын. Арманымның оңайлықпен орындалмайтынын да сезіп, білем. Алайда мен еліміздің, біздей ел жалғасы өскелең ұрпақ үшін құрбан болған Қайрат Рысқұлбековтың мына сөзін жадымнан еш шығармаспын:

«...Арман қудың ба, алдына қара, артыңа алаң болма! Өмірдің өткелін іздеп таптың ба, жүрексіңбе, көзді жұм да, қойып кет, белді шеш те, кешіп өт...».

Аян Жәрдемов

Қазақстан-Британ Техникалық университетінің студенті

<https://massaget.kz/okushyilarga/shyigarma/24654/>

Мәтіннің жанры	Мәтін қандай аудиторияға арналған? Не себепті? Ойыңызды дәлелдеңіз.	Мәтіннен мақсатты аудиториясына сай терминдер немесе ұғымдарды, тілдік оралымдардан мысалдар келтіріп, талдаңыз.

2-тапсырма. Мамандық – адам өмірінің бастауы, алғашқы баспалдағы. Сондықтан да адам мамандық таңдаудан жаңылыспағаны абзал. Қоғамға қажет мамандық бар және сұранысқа ие емес мамандықтар да көптеп кездеседі. Сіз мамандық таңдауда қандай қағидаларды басшылыққа алар едіңіз? Зияткерлік миграция туралы не айтар едіңіз? Өз ойыңызды дәлелді, тиянақты жеткізіңіз. Тапқыр ой мен ұтымды жауап беруде мамандыққа қатысты нақыл қолданыңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Ұпай
		Білім алушы	
Мәтін үзіндісіндегі (интервью) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдайды	№1	мәтіннің жанрын көрсетеді;	1
		мәтіннің мақсатты аудиториясын анықтайды;	1
		мақсатты аудиторияға сәйкес терминдер, ұғымдарды талдайды;	1
		тілдік оралымдарға мысалдар келтіреді;	1
Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында шешен сөйлейді	№2	Мамандық таңдауда ұстанатын қағидаларды айтады;	1
		зияткерлік миграцияның пайдалы, зиянды жақтарын айтады;	1
		оған дәлелдер келтіреді;	1
		шешендік сөз оралымдарын қолданады;	1
		көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін сақтайды.	1
Барлығы			9

«Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция. Шешендік сөздер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Мәтін үзіндісіндегі (интервью) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдайды	Мәтіннің жанрын, мақсатты аудиториясын көрсетіп, оның себебін дәлелдеуде және мақсатты аудиторияға сәйкес мәтіннен терминдер, ұғымдар, тілдік оралымдардан мысалдар келтіруде қиналады. ☐	Мәтіннің жанрын, мақсатты аудиториясын көрсетіп, оның себебін дәлелдеуде және мақсатты аудиторияға сәйкес мәтіннен терминдер, ұғымдар, тілдік оралымдардан мысалдар келтіруде қателеседі. ☐	Мәтіннің жанрын, мақсатты аудиториясын көрсетіп, оның себебін дәлелдеуде және мақсатты аудиторияға сәйкес мәтіннен терминдер, ұғымдар, тілдік оралымдардан мысалдар келтіреді. ☐
Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында шешен сөйлейді	Зияткерлік миграцияның пайдалы, зиянды жақтарын айтып, оны дәлелдеуде және шешендік сөз оралымдарын қолданып, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін сақтауда қиналады. ☐	Зияткерлік миграцияның пайдалы, зиянды жақтарын айтып, оны дәлелдеуде және шешендік сөз оралымдарын қолданып, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін сақтауда қателеседі ☐	Зияткерлік миграцияның пайдалы, зиянды жақтарын айтып, оны дәлелдейді және шешендік сөз оралымдарын қолданып, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін сақтайды ☐

Ата-ана қолы: _____

**Қазақ тілі, 11-сыныбы, II тоқсан II бөлім бойынша жиынтық бағалау
«Әлемді өзгерткен өнертабыстары. Шешендік сөздер»**

бөлімі бойынша жиынтық бағалау

11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми ісқағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау.

11.3.2.1 құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазу

Бағалау критерийі

Білім алушы

Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды Ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолданып, мақала жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

15-20 минут

1-тапсырма. Берілген мәтіндерді мұқият оқыңыз. Мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын салыстырыңыз. Екі мәтіннің мақсатты аудиториясын анықтап, себебін түсіндіріңіз. Мақсатты аудиториясына сай қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра отырып талдаңыз.

1-мәтін

Өнер тапқыштар

Жапондық өнертапқыштар ерекше оятқыш жасап шығарған. Оның өзгешелігі - белгілі бір уақытта хош иіс шығаратынында. Зерттеу көрсеткендей, қатты шығатын оятқыш дыбысынан гөрі, хош иістің көмегімен ұйқыдан тұру - оңай.

Сондай-ақ, зерттеушілердің айтуынша, оятқыштың дыбысы баяу болғаны жөн. Ал, Австралия ғалымдары жүргізушіні оятатын құрылғы ойлап тапқан. Мұндай оятқыш жүргізушінің жолда ұйықтап бара жатқанын «көрсетсе», белгі береді. Немесе көліктің терезесі ашылады.

Сонымен қатар, ұрсақ оятқыштар да бар. Қызығы - сағатты білу үшін оған сұрақ қою керек. Алайда, ұйқыдан тұратын уақыт болғанда айғайға басады. Бірақ дыбысы қатты шығатын және бірден шырылдайтын құралдардың көмегімен оянбаған жөн. Мамандар бұдан адам ағзасы стреске түсетінін айтады. Өнертапқыштар жасаған ерекше оятқыштардың бірі – пропеллері бар құрылғы. Яғни, қажетті уақытта құрылғыдан кішкентай пропеллер ұшып шығады. Бөлмені шыр айналып ұшқан оятқыш шыдатпайтын қатты дыбыс шығарады. Оны орнына қойған кезде ғана сөнеді.

Ал, Чилиде өнертапқыштар есту мүкістігі бар адамдарға арналған оятқыш-жастық жасаған. Ұйқыдан тұратын уақыт таяғанда жастық дірілдеу арқылы (вибрация) оятады. Тағы бір ерекше өнертабыс – «күрік тауық». Құрылғының кішкентай жұмыртқалары болады. Оятқыштың барлық жұмыртқасын орнына қоймайынша, ол шырылдай береді.

[\(https://qazaqstan.tv/news/105605/\)](https://qazaqstan.tv/news/105605/)

2-мәтін

Адыраспанды зерттеу барысында оның құрамында гармалин бар екені анықталған. Ол – антидепрессант. Дәрігерлер адыраспан жүрек қағысын тұрақтандырып, оның құрамындағы гармалиннің гидрохлориді туберкулез қоздырғыштарына қарсы тиімді күреседі дейді.

Сондай-ақ ол сал ауруы мен Паркинсонді емдеуде қолданылады. Бұл шөптің құрамындағы пеганин (вазипин) демікпені емдеуде оң әсерін береді. Адыраспандағы дезоксипеганин гидрохлориді іш жүргізетін дәрі ретінде қолданылады. Бұдан бөлек, невралгия, миопия және басқа жүйке ауруларын емдеуге қолданылады. Шөптің құрамындағы пеганидин микробтарға қарсы күресуге мүмкіндік береді.

Санжар Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті жанындағы институттың ғылыми қызметкері Эльмира Капсалямова адыраспанның емдік қасиеттері ғылыми түрде дәлденгенін айтады.

1-мәтін	2-мәтін
Тақырыбы	
Стилі	
Автор көзқарасы	
Мақсатты аудиториясы	
Мәтін құрылымы	
Тілдік ерекшелігі (терминдер, тілдік оралымдар, т.б.)	

2-тапсырма. «Жас зияткер» журналына «Өнертапқыштардың адамзат дамуына қосқан үлесінің маңызы» тақырыбында ғылыми стильде мақала жазыңыз. Мақаланың жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолданыңыз. Мақала құрылымын сақтаңыз. Сөз саны – 150-200 сөз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Ұпай
		Білім алушы	
Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды	№1	мәтіндердегі тақырыбын анықтайды;	1
		мәтін стильдерін анықтайды;	1
		автор көзқарасын ажыратады;	1
			1
		мақсатты аудиториясын көрсетеді;	1
			1
Ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолданып, мақала жазады	№2	мәтіндерді құрылымдық бөлімдерге жіктейді;	1
			1
		тілдік ерекшелігіне мысалдар келтіреді;	1
			1
			1
Ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолданып, мақала жазады	№2	тақырып аясында фактілер келтіреді;	1
		мақалаға тән тілдік құралдарды қолданады;	1
		кіріспе бөлімде әлемдік өнертапқыштар туралы сөз қозғайды;	1
		негізгі бөлімде маңыздылығын жан-жақты түсіндіреді;	1
		қорытынды бөлімде өзіндік қорытынды, тұжырым жасайды;	1
Барлығы			15

«Әлемді өзгерткен өнертабыстары. Шешендік сөздер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Өртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды	Мәтіндердегі тақырыбын, мақсатты аудиториясын анықтап, автор көзқарасын көрсетуде және мәтіндерді құрылымдық бөлімдерге жіктеуде, тілдік ерекшелігіне мысалдар келтіруде қиналады. ☐	Мәтіндердегі тақырыбын, мақсатты аудиториясын анықтап, автор көзқарасын көрсетуде және мәтіндерді құрылымдық бөлімдерге жіктеуде, тілдік ерекшелігіне мысалдар келтіруде қателеседі. тілдік ерекшелігін салыстыруда қиналады. ☐	Мәтіндердегі тақырыбын, мақсатты аудиториясын анықтап, автор көзқарасын көрсетеді және мәтіндерді құрылымдық бөлімдерге жіктейді, тілдік ерекшелігіне мысалдар келтіреді. ☐
Ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолданып, мақала жазады	Мақалаға тән тілдік құралдарды қолданып, тақырып аясында фактілер келтіре отырып, ғылыми стильде құрылымы сақталған мақала жазуда қиналады. ☐	Мақалаға тән тілдік құралдарды қолданып, тақырып аясында фактілер келтіре отырып, ғылыми стильде құрылымы сақталған мақала жазуда қателеседі. ☐	Мақалаға тән тілдік құралдарды қолданып, тақырып аясында фактілер келтіре отырып, ғылыми стильде құрылымы сақталған мақала жазады ☐

Ата-ана қолы: _____

Қазақ тілі, 11-сыныбы, III тоқсан I бөлім бойынша жиынтық бағалау
«Бейбітшілік, қауіпсіздік және жаһандық экономика. Шешендік сөздер»
бөлімі бойынша жиынтық бағалау

11.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау

Бағалау критерийі

Білім алушы

Мәтінде көтерілген мәселені талдайды.

Мәтіннің негізгі ойын анықтап, автор позициясымен байланыстырады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану


Орындау уақыты

15-20 минут

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыз. Мәтінде көтерілген мәселені анықтаңыз. Автор позициясы қандай? Мәтін арқылы қандай ой айтқысы келді деп ойлайсыз? Қоғам үшін қандай саяси маңызы бар? Ойыңызды дәлелдеп көріңіз.

Ғаламшардың біресе ана жерінде, біресе мына жерінде адамның жағасын ұстатқан сұмдық оқиға аз ба. Соның бәрі мемлекеттердің күш біріктіріп, елдерді ашса алақанында, жұмса жұды-рығында ұстауға жанталасып бақ-қандарға қарсы тұруын сөзсіз талап етеді. «Өзім аман болсам, болды...» дейтін заман емес бұл. Өйткені, қауіп-қатер дегенің шектен шығып барады. Жұмсартып айтқанда, осылай. Міне, нақ осы ақиқатты біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев шартарапқа әлсін-әлі қаперлеп келе жатқаны мәлім. Вашингтонда өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі IV саммитте тағы да біздің Қазақстанның жаһанды бейбітшілікке үндеген дауысы мығым, ерекше естілді. Президентіміз бұдан бұрын да әлемді тажалдан сақтау жөнінде талайға ой салды, нақты бастамалармен бейбітшілік сүйгіш жұрттардың қошемет-қолдауына бөленгені әмбеге аян.

Елбасымыз өз манифесінде: «Барша адамзат ХХІ ғасырға жаһандық ынтымақтастықтың жаңа дәуірі ретінде үміт артты. Бірақ бүгінде бұл елесті сағымға айналуы ықтимал. Әлемге тағы да қатер төніп тұр және оның ауқымын ескермеуге болмайды. Және бұл қатер – жаһандық соғыс!» деп ашып айтты. Иә, мың шындықтың бір ақиқаты дегенің



осы емес пе. Н.Ә.Назарбаевтың ой-толғамынан қырсықтың қыр астында екенін байқау балаға да қиын болмас. Сондықтан біздің Мемлекетіміздің басшысы адамзатқа «ХХІ ғасыр: Соғыссыз әлем» атты кең ауқымды бағ-дарламасын көл-денең тартты. Бұл бастама да дүниені елең еткізді. Қарапайым қазақстандықтың бірі ретінде мен де соғыссыз дүние құруға көптеген мемлекет, ұйымдар, тіпті, күш біріктіре түсе-ді деп сенемін. Біз, ауданымыздағы «Таным» деструктивтік діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек орталығы» қоғамдық бірлестігінің құрамы, қатарымыздағы басқа да азаматтармен, ақпараттық-ұғындыру топ-тарының мүшелерімен бірге халық арасындағы бү-кіл әңгі-меміздің, іс-шара-лары-мыз-дың түйіні – елдік, бірлік, еңбек, жас ұрпақтың кемел келешегі, тыныштығымыздың бағасын білу. Осы арқылы мем-лекетімізге көмектесіп, заманның сын қатерлеріне қарсы тұру биік мұратымыз болып табылады. Әркім өзінің білімімен, ең-бегі-мен, ниетімен әлемдегі бей-біт-шілікке зор үлес қоса алады. Әлдебір себептермен бөтен болмысқа, дәстүрсіздікке бет бұрғандармен байланыс жасап, хал-қадерімізше олардың санасына ой тастауға ұмтылып келеміз. Осыған қатысты нәтиже де жоқ емес. Отанымыздағы бейбіт тірліктің қадірін жанды мысалдармен түсіндіріп, жаһандық қауіпсіздік үшін тәуелсіз жас мемлекетіміздің үлесі мен үнін кең насихаттаудамыз.

<https://egemen.kz/article/98375-alem-khkhi-ghasyr-manifesi>

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Ұпай
		Білім алушы	
Мәтінде көтерілген мәселені талдайды. Мәтіннің негізгі ойын анықтап, автор позициясымен	№1	мәтіндегі көтерілген мәселені анықтайды;	1
		мәселенің маңыздылығына дәлелдер келтіреді;	1
		мәтіннен қоғамдық-саяси, ғылыми тұрғыдан автор позициясы көрінетін тұстарды анықтайды;	1
		автор позициясын мәтінде көтерілген мәселемен	1

байланыстырады	байланыстырады;	
	автор позициясы мен мәтінде көтерілген мәселеге қатысты тақырып аясында өз көзқарасын білдіреді;	1
	мәтін ақпаратын көзқарасын білдіруде орынды қолданады;	1
	ойын жүйелі жеткізеді.	1
Барлығы		7

**«Бейбітшілік, қауіпсіздік және жаһандық экономика. Шешендік сөздер»
бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат
(рубрика)**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Мәтінде көтерілген мәселені талдайды. Мәтіннің негізгі ойын анықтап, автор позициясымен байланыстырады	Мәтіндегі көтерілген мәселені анықтап, автор позициясын мәтінде көтерілген мәселемен байланыстырып, көзқарасын жүйелі білдіруде қиналады. ☐	Мәтіндегі көтерілген мәселені анықтап, автор позициясын мәтінде көтерілген мәселемен байланыстырып, көзқарасын жүйелі білдіруде қателеседі. ☐	Мәтіндегі көтерілген мәселені анықтап, автор позициясын мәтінде көтерілген мәселемен байланыстырып, көзқарасын жүйелі білдіреді ☐

Ата-ана қолы: _____

**Қазақ тілі, 11-сыныбы, III тоқсан II бөлім бойынша жиынтық бағалау
«Табиғат және экология. Шешендік сөздер», «Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау.
Шешендік сөздер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

11.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу

11.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

Белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолданады

Әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, әңгіме жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары


Орындау уақыты 15-20 минут

1-тапсырма. Мәтінді түртіп оқу стратегиясы арқылы оқып, негізгі және детальді ақпараттарды түртіп алыңыз.

Домалақ ана кесенесі

Домалақ ана кесенесі XI ғасырдың ескерткіші. Домалақ ана кесенесі Оңтүстік Қазақстан облысының оңтүстігі Қаратау бөктерінде Балабөген өзенінің бойында орналасқан. Кесене Али Сыланқызы Нуриланың мазарының үстінде салынған, Нурила апамыз халық арасында Домалақ ана деген атқа ие. Домалақ ана Байдибек атаның ең кенже әйелі. Ол өзінің ақылдылығымен, сабырлылығымен танымал, және жақсылық пен ананың символы болып табылады. Домалақ ана парсы тілінен аударғанда «Дихнат мама», яғни Әулие ана мағынасын білдіреді. Кейіннен Дихмет деген сөзді Домалақ деп ауыстырылған. Сонымен қатар, Домалақ ана халық арасында дауларды шешуімен, тапқырлығымен танымал болған. Домалақ ана Жетісу жерінің, Әулие ата, Шымкент, Ташкент халқының арғы анасы болып

табылады екен. Оның ұлы жарықшақ Ташкентте Әмір-темірдің кеңесшісі болған, содан кейін Жетісудың билеушісі болды. Түсіне кірген Бәйдібек атаның әмірімен өмірінің соңғы жылдары өзінің туып өскен жері Қаратау бөктіеріне оралады. Домалақ ананың немересі Дулат Бұқарадан Абдулла Шері шеберін шақырып, апасының мазарының үстіне қазіргі таңға дейін сақталған, көп адамдардың бас иетін жеріне айналған төрт бағаналы кесене тұрғызады. Алғашында кесене 1456 жылы төрт куполды болып салынды. XI-XV ғасырлары Домалақ ана кесенесі бірнеше рет қайта жөндеуден өткен болатын. XX ғасырда салынған кесене 6 бағаналы болған. 1957 жылы қайта қалпына келтірілген ескерткіш бұл күнге сақталмаған. 1966 жылы Маңғыстаудан алып келінген ақ тастардан қайта қаланған болатын. Домалақ ана кесенесінің биіктігі 12 метр. Аңыз бойынша Домалақ ана кесенесінде екі қасиетті тас бар, осы екі тастың арасынан тек қана таза адам өте алады. Мұражайда қолдан жасалынған көптеген заттар сақталған.



2-тапсырма. Қазақ даласы тарихи ескерткіштерге, аңыз-әңгімелерге өте бай. Оның тарихы мен шығу төркіні де тарихи оқиғаларға толы. Ұлы даланың шертер сыры мен құпиясы мол. Тарихи жәдігерлер туралы әңгіме жазыңыз. Тақырып қойыңыз. Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, құрылымын, жанрлық ерекшелігін сақтаңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Ұпай
		Білім алушы	
Белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолданады	№1	негізгі ақпараттарды анықтайды;	1
		детальды ақпараттарды анықтайды;	1
әңгіменің кіріспе бөлімін жазады;		1	
негізгі бөлімде оқиға шиеленісі мен шарықтау шегін жазады;		1	
қорытынды бөлімде түйінді ой мен оқиға шешімін жазады;		1	
көркемдегіш құралдарды қолданады;		1	
жазу стиліне қарай бірізділікті сақтайды;		1	
		орфографиялық норманы сақтайды;	1
Барлығы	8		

«Табиғат және экология. Шешендік сөздер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолданады	Мәтіннен негізгі, детальді, ақпараттарды анықтауда қиналады. ☐	Мәтіннен негізгі, детальді, ақпараттарды анықтауда қателеседі. ☐	Мәтіннен негізгі, детальді, ақпараттарды анықтайды ☐
Әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, әңгіме жазады	Әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, әңгіме жазуда қиналады ☐	Әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, әңгіме жазуда қателеседі. ☐	Әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, әңгіме жазады. ☐

Ата-ана қолы: _____

**Қазақ тілі, 11-сыныбы, IV тоқсан I бөлім бойынша жиынтық бағалау
«Жаңа әлемдегі театр мен кинематография. Шешендік сөздер»
бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

11.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу

Бағалау критерийі

Білім алушы


Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында шешен сөйлейді

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 15-20 минут

1-тапсырма. Тыңдалым мәтінін мұқият тыңдаңыз. Керекті ақпаратты ойша іріктеп отырыңыз. Негізгі ақпаратты пайдалана отырып, қазақ киносының келешегі жайлы көпшілік алдында пікіріңізді білдіріңіз. Себебін түсіндіріңіз, ойыңызды түйіндеңіз.

Әңгімемізді Тәуелсіздік жылдарынан бері қазақ киносында қандай жаңалықтар болып жатыр, көңіл көншітерлік жетістіктері неде, халықаралық фестивальдерде жүлдеге ие болған туын-ды-лар туралы не айтуға болады, т.т. сол сияқты кино төңірегіндегі ойлар мен толғаныстардан бастасақаласы Кешегі көз алдымызда өткен кино тарихына жү-гін-сек, оның мәдени-идеологиялық күрес-те-гі орны ерекше болғанын көреміз. Бұл бағыт бүгінде өзгерген жоқ, өйткені халықтың санасын үй төріндегі телеэкран билеп тұр. Яғни, телеэкран мәде-ниет майданындағы жойқын қаруға айналған. А.Курасаваның «Расемон» фильмі Америкада



«Оскар» сыйлы-ғы-мен марапатталды. Сонда екінші дүние-жүзілік соғыста күйрей жеңілген жапон-дардың әбден тапталып, жаншылған еңсесі әп-сәтте жоғары көтеріліп шыға келгенін әлем жұртшылығы таңдана тамашалады. Сонымен жапон рухы қайта ұшталып, елдік симфония салтанат құр-ды. Бұл өздерінің ұлттық идеясы үшін күрескен халықтың нағыз жауынгерлік бейнесі танылған үлкен бәйге еді. Бүгінде сол әлемдік аламан бәйге бұ-рын-ғысынан да қыза түспесе, бір кем де төмендеген жоқаласы Оған қазақ киносы да таңдаулы дүниелерін қосуда. Әрине, бізде «Оскар» сыйлығын алған итальян-дық Феллини, американдық Кевин Костнер секілді тұлғалар әлі туа қойған жоқаласы Алайда, 65 фильмнің ішінен таң-дал-ған 9 туындының бірі қазақ фильмі болуы келешекте ойлантатын нәрсе, біздің режиссерлердің де қолынан жақсы кино түсіру келетінін дәлел-дей-тін бірден-бір жоба. «Қазақфильм» ки-но-студиясына Мемлекет басшысы Нұр-сұлтан Назарбаевтың атбасын тіреп, кейбір жобаларға қолдау көрсетуі ұлт-тық өнер саласының болашағына сенім артқызады. Өткен жыл жемісті бас-тал-ды. «Қазақфильм» киностудиясы ха-лық-қа «Сіз кімсіз, Ка мырза!» атты шытырман оқиғалы фильмді тарту етті. Қазақ ұлттық кино өнері тарихында жоғары бағаға ие «Транссібір экспресі», «Атаманның ақыры» киноленталары арқылы танымал актер, Қазақстанның халық әртісі Асанәлі Әшімовтің рөлі көпшілікке чекист Қасымхан Шадияров бейнесімен ерекшеленсе, Тайландта тұратын сол егде тартқан агентті актер жаңа туындыда қайта тірілтеді. <https://egemen.kz/article/15027-qazaq-kinosy-serpilis-pen-silkinis>

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Ұпай
		Білім алушы	
Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында шешен сөйлейді	№1	тақырып аясында өз ойын білдіреді;	1
		ойының себебін түсіндіреді;	1
		дәлелдер келтіреді;	1
		тыңдаған мәтін ақпараттарын қолданады;	1
		тақырып аясында қорытынды жасайды;	1
		шешендік сөз оралымдарын қолданады;	1
		көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін сақтайды	1
Барлығы			7

«Жаңа әлемдегі театр мен киноматография. Шешендік сөздер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында шешен сөйлейді	Тақырып аясында өз ойын білдіріп, оның себебін дәлелді түсіндіруде, мәтін деректерін қолданып, шешен сөйлеуде, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін сақтауда қиналады. ☐	Тақырып аясында өз ойын білдіріп, оның себебін дәлелді түсіндіруде, мәтін деректерін қолданып, шешен сөйлеуде, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін сақтауда қателеседі. ☐	Тақырып аясында өз ойын білдіріп, оның себебін дәлелді түсіндіреді, мәтін деректерін қолданып, шешен сөйлейді, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін сақтайды. ☐

Ата-ана қолы: _____

Қазақ тілі, 11-сыныбы, IV тоқсан II бөлім бойынша жиынтық бағалау
«Еңбек нарығы және сұраныс. Шешендік сөздер»
бөлімі бойынша жиынтық бағалау

11.2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу

11.3.4.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

Бағалау критерийі

Білім алушы

Дереккөзден алған деректер мен дәйексөздерді іріктейді

Іріктелген ақпаратты қолданып, көтерілген мәселе бойынша дискуссивті эссе жазады

Мәтін деңгейінде тыныс белгілерін дұрыс қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

15-20 минут

1-тапсырма. Төменде берілген мәтіндерді зер салып оқыңыз. Мәтіндердегі негізгі ақпараттарды іріктеңіз.

Қазақстанда жоғары оқу орындарында таңдау көп. Алайда жас түлектердің көпшілігі тегін оқу деп жаны қалайтын мамандық бойынша түспейді. Қалаған мамандығын меңгермеген соң, қолында дипломы болғанымен жұмыс істеуге құлқы болмайды.

"Ұрпақ тағдыры – білім" қозғалысының жетекшісі Ерсайын Ерқожаның есебінше, мектеп бітірушілердің 20-30 пайызы ғана мамандықты дұрыс таңдайды.

Тағы бір үлкен проблема, қолына диплом алғандардың 90 пайызы өз мамандығына сай жұмыс таба алмайды.

– Қазақстанда мамандықтарға талдау жасалмайды. Ал түлектер тек грантқа ие болсақ болар деп жүреді. Ол мамандыққа сұраныс бар ма, бітірген соң жұмыс таба алады ма – оны ойламайды. Мектептерде кәсіптік бағдар беру жағы қарастырылмағандықтан, оқушылардың қолында мамандықтар туралы ақпарат жоқ, түк хабарсыз.

Арнайы зерттеу жүргізбедік, бірақ жылда жоғары білім алған жастардың 10-20 пайызы ғана өз мамандығымен жұмысқа тұратыны шындықаласы Қалғаны ақша табу үшін құрылысқа, күзетке орналасады, – дейді ол.

Рахман Алшанов Қазақстанда бөлінетін гранттар саны басқа елдермен салыстырғанда аз дейді.

– Мысалы, Оңтүстік Кореяда жылына 59 мың грант бөлінеді. Онда студенттер диплом жұмысын болашақта қолдануды алдына мақсат етіп қояды.

Ал Германияда мектеп бітірушілердің дені жоғары білім алғысы келмейді екен. Оларға қатардағы жұмысшы болу немесе бір ортанқол кәсіпті меңгеру әлдеқайда тиімді және жалақысы да жоғары.

Жоғары оқу орындары ассоциациясының берген мәліметіне қарағанда, соңғы жылдары түлектер арасында психология, дизайнер, тау-кен өндірісіне, энергетика, темір жол, құрылысшы, информатика және экология, ландшафт мамандарына сұраныс артқан.

Сонымен қатар жоғары оқу орындары студенттерді еліміздегі кәсіпорындарда тәжірибеден өткізуді жоспарлап отыр. Бұл қадам – студенттердің дұрыс таңдау жасауына мүмкіндік береді деп үміттенеді.

Әлде дұрыс таңдауға жағдай жасаса жеткілікті ме?

Қазақ Ұлттық Университетінің ұстазы Жазира Идришева пікірінше, мектеп түлектерінің мамандыққа емес, грантқа баса назар аударатыны анықаласы

Грант көп бөлінетіндіктен, олар техникалық мамандықты таңдайды. Бірақ алып кете алмайды. Сөйтіп оқуын аяқтамай тастап кететіндері қанша. Кейбіреулер үшін түскен білім ордасының беделі аса маңызды. Ал өздерінің қабілеті мен қарымы соның көлеңкесінде қалып қоятындығына мән бермейді.

2-тапсырма. Іріктеп алған негізгі ақпаратты орынды қолданып, авторға сілтеме жасаңыз. Мәтіннен дәйексөз келтіру арқылы «Мамандық таңдау - өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау» деген тақырыпта дискуссивті эссе жазыңыз. Тыныс белгілерін орынды қолданып, эссе құрылымын сақтаңыз. Өз аргументіңізді тиянақты, дұрыс қолданып, ойыңызды толық жазыңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Ұпай
		Білім алушы	
Дереккөзден алған деректер мен дәйексөздерді іріктейді.	№1	мәтіннен тақырып аясында дәйексөздерді іріктейді	1
		тақырып аясында қажетті деректерді іріктейді;	1
Іріктелген ақпаратты қолданып, көтерілген мәселе бойынша дискуссивті эссе жазады.	№2	тақырып аясында өз ойын білдіреді;	1
		ойының себебін түсіндіреді;	1
		дәлелдер келтіреді;	1
		қорытынды ойын білдіреді;	1
Мәтін деңгейінде тыныс белгілерін дұрыс қолданады		іріктеген деректер мен дәйексөздерге сілтеме жасайды;	1
		мәселені екіжақты қарастырады	1
		стильдің бірізділігін сақтайды;	1
		тыныс белгілерді орынды қолданады.	1
Барлығы			10

«Еңбек нарығы және сұраныс. Шешендік сөздер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Дереккөзден алған деректер мен дәйексөздерді іріктейді.	Мәтіннен тақырып аясындағы дәйексөздер мен деректерді іріктеуде қиналады. ☐	Мәтіннен тақырып аясындағы дәйексөздер мен деректерді іріктеуде қателеседі. ☐	Мәтіннен тақырып аясындағы дәйексөздер мен деректерді іріктейді ☐

Іріктелген ақпаратты қолданып, көтерілген мәселе бойынша дискуссивті эссе жазады.	Іріктелген ақпаратты қолданып, көтерілген мәселе бойынша дискуссивті эссе жазуда қиналады ☐	Іріктелген ақпаратты қолданып, көтерілген мәселе бойынша дискуссивті эссе жазуда қателеседі. ☐	Іріктелген ақпаратты қолданып, көтерілген мәселе бойынша дискуссивті эссе жазады. ☐
Мәтін деңгейінде тыныс белгілерін дұрыс қолданады	Мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдануда қиналады ☐	Мәтін деңгейінде тыныс белгілерін дұрыс қолдауда қателеседі ☐	Мәтін деңгейінде тыныс белгілерін дұрыс қолданады ☐

Ата-ана қолы: _____

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1. Апробация қорытындысы бойынша критериалды бағалау жүйесін енгізу мен білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштерін талдау.....	6
1.1 Бастауыш білім беру деңгейі.....	6
1.3 Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша.....	10
1.3.1 «Қазақ тілі» оқу пәні.....	10
1.3.2 «Қазақ әдебиеті» оқу пәні.....	23
1.3.3 «Математика», «Алгебра», «Геометрия» оқу пәндері.....	35
1.3.4 «Физика» оқу пәні.....	51
1.3.5 «Жаратылыстану» оқу пәні.....	63
1.3.6 «Шетел тілі» («Ағылшын тілі») оқу пәні.....	68
1.3.7 «Информатика» оқу пәні.....	81
1.3.8 «Биология» оқу пәні.....	92
1.3.9 «Химия» оқу пәні.....	112
1.3.10 «География» оқу пәні.....	120
1.3.11 «Қазақстан тарихы» оқу пәні.....	132
1.3.12 «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні.....	145
1.3.13 «Құқық негіздері» оқу пәні.....	158
1.4 5-8- сыныптардағы білім алушыларының 2018-2019 мен 2019-2020 оқу жылдардағы білім сапасына салыстырмалы талдауы әр өңірге қатысты осы сыныптарда оқытылатын оқу пәндері бойынша.....	164
2. Критериалды бағалау жүйесін енгізу қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	196
2.1.1 Критериалды бағалау бойынша.....	196
2.1.2 Ұсынымдар (Дүниежүзілік банктің есебінен).....	200
2.1.4 Оқу пәндері бойынша ұсынымдар.....	203
2.1.5 Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы ғылыми-әдістемелік кеңестің шешімімен берілген ұсыныстары.....	223
Қорытынды.....	224
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	226
Қосымша.....	227

**Критериалды бағалау жүйесін енгізудің қорытындысы бойынша
әдістемелік ұсынымдар әзірлеу**

Басуға 15.06.2021 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 5,6.